

## Жер қойнауын пайдалануға арналған үлгілік келісімшарттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 маусымда № 17140 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі 36-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшарт;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшарт;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес уран өндіруге арналған үлгілік келісімшарт;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшарт;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшарт бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Көмір, уран және көмірсутек шикізатын барлауға, өндіруге, бірлесіп барлауға және өндіруге арналған модельдік келісімшарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 260 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11527 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 шілдеде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Бұл ретте осы бұйрыққа 1-қосымшада келтірілген көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың 44-тармағының 7) – 9) тармақшалары, осы бұйрыққа 2-қосымшада келтірілген көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың 38-тармағының 7) – 9) тармақшалары 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі*

*Қ. Бозымбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2018 жылғы 6 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2018 жылғы 13 маусым

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің

## **КӨМІРСУТЕКТЕРДІ БАРЛАУҒА ЖӘНЕ ӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ҮЛГІЛІК КЕЛІСІМШАРТ**

Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын, құзыретті орган ретінде  
Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін

---

(мемлекеттік органның атауы)

және

---

(жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы. Егер Келісімшарт бойынша  
жер қойнауын пайдаланушылар екі немесе одан көп тұлғалар болса, онда әр  
тұлғаның

Т.А.Ә. (атауы) және осындай тұлғалардың әрқайсысына тиесілі жер қойнауын  
пайдалану құқығындағы үлесінің мөлшері көрсетіледі)

(бұдан әрі – жер қойнауын пайдаланушы) арасындағы көмірсутектерді барлауға  
және

өндіруге арналған келісімшарт.

Тараптар осы көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа

---

(келісімшартты жасасу үшін негіз болып табылатын көмірсутектер бойынша жер  
қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукциондарды өткізу жөніндегі  
комиссияның хаттамасына немесе Құзыретті органның көмірсутектер саласындағы  
ұлттық компанияға жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы шешіміне)  
сәйкес 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қойылды.

### **Мазмұны**

Кіріспе

1-бөлім. Келісімшарттың мәні

2-бөлім. Келісімшарттың қолданылу мерзімі

3-бөлім. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары

4-бөлім. Құзыретті органның құқықтары

5-бөлім. Құзыретті органның міндеттері

6-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары

7-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері

8-бөлім. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары

1-параграф. Жалпы талаптар

2-параграф. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану

3-параграф. Салық салу

4-параграф. Жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою және жер қойнауы учаскесін консервациялау

5-параграф. Есепке алу және есептілік

6-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы және оларға салынатын ауыртпалық

7-параграф. Мүлікке және ақпаратқа меншік құқығы

8-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы учаскесі және мүлік

9-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылау

10-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының жауаптылығы

11-бөлім. Еңсерілмейтін күш

12-бөлім. Құпиялылық

13-бөлім. Дауларды шешу тәртібі

14-бөлім. Келісімшартты өзгерту және оның қолданысын тоқтату

15-бөлім. Қорытынды ережелер

Көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа қосымшалар:

1-қосымша – Барлау кезеңінде Келісімшарт бойынша жұмыстардың ең аз көлемдері мен түрлері

2-қосымша – Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) кеңістікті шекаралары

3-қосымша – Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемелері

## **Кіріспе**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 1) тармақшасының орыс тіліндегі редакциясына өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес жер қойнауы Қазақстан Республикасының халқына тиесілі, халықтың атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асыратындығын;

2) Қазақстан Республикасы жер қойнауы учаскесін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) көзделген негіздермен, талаптармен және шекте пайдалануға беретіндігін;

3) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді ұтымды және тиімді барлауды және өндіруді жүргізу ниеті, қаржылық және техникалық мүмкіндіктерінің болуын;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметі құзыретті органды белгілегендігін және оған Келісімшартты жасасу және орындау құқығын бергендігін;

5) жер қойнауын пайдалану Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

6) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мазмұны, орындалуы және тоқтатылуы Кодексте сәйкес айқындалатын шарт болып табылады;

7) Қазақстан Республикасы атынан құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы уағдаласқандығын назарға ала отырып,

Қазақстан Республикасы атынан құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы төмендегілер туралы уағдаласады:

### **1-бөлім. Келісімшарттың мәні**

1. Құзыретті орган Қазақстан Республикасы атынан жер қойнауын пайдаланушыға Келісімшартта белгіленген мерзімге жер қойнауын пайдалану құқығын береді, ал жер қойнауын пайдаланушы өз есебінен және тәуекелімен Келісімшарттың талаптарына және Кодекске сәйкес жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығы Келісімшарт күшіне енген күннен бастап туындайды.

3. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ережелерді және Келісімшарттың ережелерін сақтаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде кез келген көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүзеге асыруға құқылы.

### **2-бөлім. Келісімшарттың қолданылу мерзімі**

4. Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген Келісімшарттың қолданылу мерзімі онда біртіндеп бекітілген барлау кезеңімен, дайындық кезеңімен (қажет болса) және өндіру кезеңімен айқындалады.

5. Келісімшарт \_\_\_ жылға тең мерзімге жасалған және \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ \_\_\_ дейін қолданылады.

Ескертпе: Келісімшартты жасасу кезінде аукционды өткізу туралы хабарламаның немесе көмірсутектер саласындағы ұлттық компанимен жер қойнауын пайдалануға

арналған келісімшарт жасасу туралы Құзыретті органның шешімі негізінде барлау кезеңінің бастапқы ұзақтығы көрсетіледі.

Кейінгі ұзартулар кезінде Келісімшарттың 5-тармағында, Келісімшарттың қолданылу мерзімінен басқа, ұзартылатын барлау кезеңінің, сондай-ақ Келісімшартта көрсетілген жер қойнауының әрбір учаскесі бойынша дайындық кезеңінің (бар болса) және өндіру кезеңінің ұзақтығы көрсетіледі.

Келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталу күнін Құзыретті орган Келісімшартты (Келісімшартқа толықтыруды) тіркеу кезінде енгізеді.

6. Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген Келісімшарттың қолданылу мерзімі Келісімшартты жасасу күніне Кодексте белгіленген жағдайларда, тәртіппен және талаптармен Тараптардың Келісімшартқа қосымшаларды жасасуы арқылы мына жағдайларда ұзартылуы мүмкін:

- 1) барлау кезеңі ұзартылғанда;
- 2) дайындық кезеңі бекітілгенде;
- 3) өндіру кезеңі бекітілгенде.

Егер жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңсерілмейтін күш жағдайларына дәлелдерді ұсынса, құзыретті орган келісімшарттың қолданыс мерзімін осындай жағдайлардың қолданыс мерзіміне ұзартады

7. Егер көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған бір келісімшарттың шеңберінде бірнеше көмірсутек кен орындары ашылған болса, онда олардың әрқайсысы үшін келісімшартта жекелеген учаске және өндіру кезеңі және бекітіледі.

Бұл ретте жер қойнауының қандай да бір учаскесі бойынша өндіру кезеңі аяқталған жағдайда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт өз қолданысын жер қойнауының қалған учаскелеріне қатысты ғана жалғастырады.

8. Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген Келісімшарттың қолданылу мерзімі Тараптардың Келісімшартқа толықтыру жасасуы немесе жер қойнауы учаскесі (учаскелері) бойынша өндіру кезеңі (кезеңдері) ұзартылған жағдайда оны жаңа редакцияда жазу арқылы Кодексте ұзарту күніне белгіленген тәртіппен және талаптармен ұзартылуы мүмкін.

Егер Келісімшарт үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін болса, өндіру кезеңін ұзарту кезінде жер қойнауын пайдаланушы мен Құзыретті орган арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдың ішінде өндіру кезеңін ұзартуды көздейтін Келісімшартқа толықтыру жасалады.

Егер Келісімшарт үлгілік келісімшартқа сәйкес келмейтін болса, өндіру кезеңін ұзарту кезінде жер қойнауын пайдаланушы және құзыретті органның арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап екі айдың ішінде көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген жаңа редакциядағы көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт жасалады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Егер Келісімшарттың шеңберінде көмірсутектерді өндіру кезеңі кемінде жиырма жыл мерзімге белгіленген жағдайда, онда өндіру кезеңін ұзарту кезінде Келісімшарттың талаптары осындай ұзарту күніне әрекет ететін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілуге тиіс.

10. Келісімшарт құзыретті органда тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

11. Ұзарту мерзімі, егер тараптар өзге мерзімді келіспесе, тиісті қосымша тіркелген күннен бастап есептеледі.

### **3-бөлім. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары**

12. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшартқа сәйкес көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы болатын жер қойнауы учаскесінің кеңістікті шекаралары Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада белгіленеді.

Аталған қосымшаны дайындау мақсаттары үшін:

1) көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша көмірсутектерді барлау немесе өндіру учаскесінің бастапқы кеңістікті шекаралары мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдаламасына сәйкес айқындалады;

2) табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау мақсатында көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін ұзарту кезінде барлау учаскесінің (учаскелерінің) кеңістікті шекаралары жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған, табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау жөніндегі жұмыстарды көздейтін барлау жұмыстарының жобасына толықтыруға сәйкес айқындалады;

3) табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) сынамалап пайдалану мақсатында көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін ұзарту кезінде барлау учаскесінің (учаскелерінің) кеңістікті шекаралары жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған, сынамалап пайдалану жобасымен айқындалады;

4) көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі аяқталғаннан кейін өндіру учаскесін (учаскелерін) бекіту кезінде (жоғарғы шекараларын қоспағанда) көмірсутектерді өндіру учаскесінің (учаскелерінің) кеңістікті

шекаралары жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған, геологиялық қорларды есептеу бойынша есеппен айқындалады;

5) көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауының бастапқы учаскесін ұлғайту мақсатында сұралатын жер қойнауы учаскесінің кеңістікті шекаралары жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органмен келісу (сұралатын жер қойнауы учаскесінің жер қойнауын пайдаланудан бос болуы тұрғысынан) бойынша жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған, табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжанатын контурын белгілейтін тиісті базалық жобалау құжатына толықтыруға сәйкес айқындалады;

6) Кодекстің 114-бабына сәйкес мемлекетке қайтару арқылы жер қойнауы учаскесі азайтылғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушыда қалатын көмірсутектерді барлау немесе өндіру учаскесінің кеңістікті шекараларын жер қойнауын пайдаланушы айқындайды;

7) барлау немесе өндіру учаскелерінің кеңістікті шекаралары Кодекстің 115-бабына сәйкес көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауының учаскесі бөлінген жағдайда (жер қойнауының негізгі және бөлінетін учаскесі):

барлау учаскесінің бір бөлігі бөлінген кезде – жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған, жер қойнауының негізгі және бөлінетін учаскесінде табылған тиісті кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау бойынша жұмыстар жүргізуді көздейтін барлау жұмыстарының жобасына толықтыруға сәйкес;

барлау учаскесі немесе өндіру учаскесі бөлінген кезде көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген, одан бөліну жүргізілетін тиісті жер қойнауының учаскелері бойынша деректер негізінде айқындалады.

13. Кодекстің Ерекше бөлімінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартта өзгерістер және толықтырулар енгізу арқылы бірнеше жер қойнауы учаскесі бекітіліп берілуі мүмкін.

14. Жер қойнауы учаскесін түрлендіру Келісімшартқа қосымша жасасу арқылы Кодекстің 113, 114, 115 баптарында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізіледі.

15. Жер қойнауы учаскесін (егер Келісімшартта бірден артық жер қойнауы учаскесі бекітілсе) немесе оның бөлігін қайтару Кодексте белгіленген тәртіппен Келісімшартқа қосымша жасасу арқылы жүзеге асырылады.



#### **4-бөлім. Құзыретті органның құқықтары**

16. Құзыретті орган:

- 1) Кодекстің 3-параграфында көзделген жағдайларда және тәртіппен Келісімшарттың қолданысын мерзімнен бұрын тоқтатуға;
- 2) Кодекстің 106-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен Келісімшарт талаптарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды талап етуге;
- 3) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 26 сәуірдегі № 142 бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдер шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16893 болып тіркелген) сәйкес белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыруға;
- 4) Құзыретті орган Кодекстің 149-бабында көзделген тәртіппен және жағдайларда Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттары жоқ мемлекетпен келісімге қол жеткізілгенге дейін шекара маңындағы жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

#### **5-бөлім. Құзыретті органның міндеттері**

17. Жер қойнауын пайдаланушы Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Келісімшартта көзделген ережелерді орындаған жағдайда, Құзыретті орган Келісімшарт жасасу күніне Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, тәртіппен және талаптармен:

- 1) барлау кезеңі ұзартылған, сондай-ақ дайындық кезеңі мен өндіру кезеңі бекітілген жағдайларда, Келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзартуға;
- 2) Келісімшартта өндіру учаскесін (учаскелерін) бекітуге;
- 3) жер қойнауы учаскесін түрлендіруді жүзеге асыруға міндеттенеді.

#### **6-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары**

18. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және Келісімшартта көзделген ережелерді сақтаған кезде жер қойнауын пайдаланушы:

- 1) кәсіпкерлік мақсатта бөлінген жер қойнауы учаскесі шегінде жер қойнауын өтеулі негізде пайдалануға;
- 2) өз қалауынша өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде өндірілген көмірсутектерді пайдалануға, егер Кодексте немесе Келісімшартта басқасы көзделмесе;
- 3) жер қойнауы учаскесінің аумағында, ал қажет болғанда жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен ұсынылған басқа жер учаскелерінде

жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салуға, сондай-ақ шарттардың негізінде жер қойнауы учаскесіндегі әріоның шегінен тыс жердегі баршаға ортақ объектілерді және коммуникацияларды пайдалануға;

4) Келісімшарт бойынша операторды тағайындауға;

5) Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттармен барлауға немесе өндіруге арналған барлық учаскені қайтару арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды мерзімінен бұрын тоқтатуға;

6) барлау кезеңі ішінде және Кодексте белгіленген шектеулерді ескере отырып, аумақта көмірсутектерді барлау жөніндегі жұмыстардың кез келген түрлерін жүргізуге;

7) дайындық кезеңі ішінде Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген кен орнын игеру жобасы сараптамаларын әзірлеуді, бекітуді және жүргізуді, сондай-ақ (қажеттілік болса) көмірсутектер кен орнын жайластыруды жүзеге асыруға;

8) өндіру кезеңі ішінде кез келген көмірсутектерді өндіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ көмірсутектер кен орнының геологиялық құрылымын және қорларын нақтылау мақсатында өндіру учаскесін жете зерттеуді (жете барлауды) жүргізуге;

9) барлау немесе өндіру кезеңі аяқталғанға дейін кез келген уақытта құрылыстарды, жабдықтарды, ұнғымаларды және өзге де мүлікті қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын жекелеген технологиялық объектілерді консервациялауды немесе жоюды жүргізуге;

10) барлау кезеңін ұзартуға, сондай-ақ өндіру учаскесін және өндіру кезеңін не дайындық кезеңін бекітіп беруге өтініштер беруге;

11) өндіру кезеңін ұзартуға арналған өтініштер беруге;

12) жер қойнауы учаскесін түрлендіруге өтініштер беруге;

13) арнайы рұқсаттарды немесе лицензияларды алмай, көмірсутектерді өндіру кезінде жерасты суларын ілеспе шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Ілеспе шығарылған жерасты суларды одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасының су және экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

14) Келісімшарттың қолданысын құзыретті органның мерзімінен бұрын тоқтатуының заңдылығын ол тиісті хабарламаны алған күнінен бастап екі ай ішінде сотта даулауға;

15) Кодекстің 28-1-бабына сәйкес жергілікті өндірушілерді қолдауға бағытталған көмірсутектер саласындағы кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді ерікті негізде жасасуға;

16) Кодекстің 123-бабында көзделген шарттар бір мезгілде сақталған жағдайда барлауға және өндіруге арналған жұмыс бағдарламасында көзделген ұнғыманы бұрғылаудан бас тарту.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **7-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері**

19. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесін Келісімшартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға міндетті.

19-1. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде барлау жұмыстарының жобасын жасайды.

Барлау жұмыстарының жобасы жасалғаннан кейін Кодекстің 140-бабына сәйкес көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы базалық жобалау құжаттарына мемлекеттік сараптама жасалуға тиіс.

Ескерту. Келісімшарт 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19-2. Келісімшарттың 5-тармағында белгіленген келісімшартты қолданылу мерзімі аяқталған кезде, технологиялық объектілерді консервациялауға немесе жоюға және жер қойнауын пайдаланудың салдарларына байланысты операцияларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі кез келген операцияларды тоқтатуға міндетті.

Ескерту. Келісімшарт 19-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде жұмыстарды дереу тоқтатуға және бұл туралы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

21. Жер қойнауын пайдаланушы барлау кезеңінде жұмыстардың көлемін, сипатын және орындау мерзімін қамтитын және барлау кезеңінде жер қойнауы учаскесінде жұмыстардың көлемі мен түрлері бойынша ең аз талаптарға сәйкес келетін жұмыстар бағдарламасын әзірлейді және оны Келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса ұсынады.

21-1. Кодекстің 117-бабының 3-2-тармағына сәйкес барлау кезеңі ұзартылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы:

1) Кодекстің 117-бабы 3-2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес екінші деңгейдегі банкте орналастырылған қаражатты Келісімшартқа 1-1-қосымшаға сәйкес барлау кезеңін ұзарту жағдайындағы жұмыс бағдарламасын орындауға ғана пайдалануға;

2) егер осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қаражат Келісімшартқа 1-1-қосымшаға сәйкес барлау жұмыстарын орындауға арналған бағдарламада көзделген барлау жұмыстарын орындауға жатпайтын мақсаттарға пайдаланылған жағдайда, құзыретті органның талабы бойынша мемлекеттік бюджетке тең соманы төлеуге міндеттенеді.

**Ескерту. Келісімшарт 21-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Өндіру кезеңі ішінде, екінші жылдан бастап жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 185 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 211 бірлескен бұйрығымен бекітілген Алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді және (немесе) уранды өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17020 болып тіркелген) сәйкес алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 222 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 244 бірлескен бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді және уранды өндіру кезеңінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17096 болып тіркелген) сәйкес алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде Қазақстан Республикасының аумағында ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

3) алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша көмірсутектерді өндіру кезеңінде Келісімшарт бойынша инвестициялардың бір пайызы мөлшерінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушының

сарқылып жатқан көмірсутектер кен орны бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыру осындай сарқылып жатқан кен орнын игеруге қосымша инвестицияларды жүзеге асыру үшін Келісімшарттың 23-1 тармағымен көзделген соманың пайдаланбаған қалдығы мөлшерінде жүзеге асырылады.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамыту шығыстарын қаржыландыруға жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымы объектілерін дамытуға және қолдауға арналған шығыстары, сондай-ақ осы мақсаттарда оның мемлекеттік бюджетке аударатын қаражаты жатады.

Белгіленген минимумнан асатын, осы тармаққа сәйкес жүзеге асырылған қаржыландыру көлемі жер қойнауын пайдаланушының тиісті міндеттемелерін орындауы есебіне келесі жылы ескеріледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

23. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларды, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығы бар, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғаларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы және оның мердігерлері көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 196 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17122 болып тіркелген) бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23-1. Сарқылып жатқан кен орнында көмірсутектерді өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы осындай сарқылып жатқан кен орнын игеру үшін инвестициялық міндеттемені және (немесе) Келісімшарттың 22-тармағының 3) тармақшасында белгіленген тәртіппен өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуды Кодекстің 153-1 бабына сәйкес белгіленген инвестициялау коэффициентінің

көбейтіндісі ретінде есептелетін сомадан кем емес және алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 723-бабына сәйкес салықтық есепті жүргізу саясатында бекітілген жер қойнауын пайдаланушының бөлек салықтық есебін жүргізу әдістемесіне сәйкес есептелген осындай кен орны бойынша жылдық жиынтық табыс сомасының мөлшерінде қосымша қаржыландыруды орындауға міндетті.

Ескертпе: Кодекстің 153-1-бабына сәйкес кен орнын (кен орындарын) сарқылып жатқандар санатына жатқызуға байланысты Келісімшартқа өзгерістер енгізілген жағдайда, 23-1-тармақ Келісімшартқа енгізіледі.

**Ескерту. Келісімшарт 23-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 168 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17016 болып тіркелген) бекітілген нысанда және тәртіппен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ оператордың, егер ол тартылған жағдайда, ақылы көрсетілетін қызметтерін жоспарлы сатып алуы туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

25. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарттың 72-тармағында көзделген есептерді ұсынуға міндетті.

26. Көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы қазақстандық кадрларға артықшылық беруге міндетті. Кадрлардағы елішілік құндылықтың ең аз үлесі басшылар мен олардың орынбасарлары бойынша \_\_%, құрылымдық бөлімшелер басшылары бойынша \_\_%, мамандар бойынша \_\_%, білікті жұмысшылар бойынша \_\_% құрауға тиіс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоратившілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын басшылардың, менеджерлердің және мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылардың, менеджерлердің және мамандардың жалпы санының елу пайызынан аспауға тиіс. Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 193 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17021 болып тіркелген) бекітілген Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Жер қойнауын пайдаланушы тартылған шетелдік персоналға қатысты тең еңбек жағдайларын, оның ішінде қазақстандық персонал үшін еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы уәкілетті ұйым жариялайтын инфляция деңгейінен төмен емес қазақстандық персонал үшін жыл сайынғы жалақыны индекстеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы негізделген нарықтық жағдайларға сәйкес олар көрсететін мұнай сервистік жұмыстарға/қызметтерге тартылған мердігер ұйымдар үшін әділ тарифтерді айқындауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін сатып алынатын жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 124 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16851 болып тіркелген) бекітілген Басым жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша елішілік құндылық үлесі күнтізбелік бір жыл ішінде сатып алынған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің кемінде елу пайызын құрауға тиіс.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін сатып алынатын тауарлардағы елішілік құндылық үлесі күнтізбелік жыл ішінде сатып алынған тауарлардың жалпы көлемінің \_\_\_\_\_ пайызынан кем болмауға тиіс.

Ескертпе: егер аукцион жеңімпазы аукционға қатысуға өтініш беру кезеңінде жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық бойынша ең аз міндеттемелерді елу пайыздан астам ұсынған болса, осы тармақта ұсынылған міндеттемелер бекітіледі.

Тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органды жер қойнауын пайдаланушының қызметін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамының өзгергені туралы осындай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде хабардар етуге міндетті.

30. Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша оператордың өкілеттіктерінің тоқтатылғандығы туралы дереу хабарлауға міндетті.

31. Әрбір жаңа кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) ашқан кезде жер қойнауын пайдаланушы осындай ашылу болған күннен бастап бір айдың ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға табуды растау туралы өтініш жібереді.

32. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган табуды растаған күннен бастап бір айдың ішінде бұл туралы құзыретті органды жазбаша түрде хабардар етуге және бағалау бойынша жұмыстарды жүргізуді көздейтін барлау жұмыстары жобасына қосымшаны әзірлеуді бастауға міндетті.

33. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінің аумағындағы бұрын бұрғыланған барлық ұңғымаларды теңгерімге қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетті.

34. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 22 мамырдағы № 200 бұйрығымен бекітілген Көмірсутектерді барлауды және өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде консервациялау және жою қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17094 болып тіркелген) және Келісімшарттың 8 бөлімінің 4-параграфында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын өз қаражаты есебінен жоюға міндетті. Келісімшарттың қолданылу мерзімінің тоқтатылуы жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерінің тоқтатылуына әкелмейді.

35. Жер қойнауын пайдаланушы жою бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті. Мұндай қамтамасыз етуді ұсыну жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындаудан босатпайды.

36. Егер жер қойнауын пайдаланушы ұсынған қамтамасыз ету онымен байланысты болмайтын себептермен Кодекстің талаптарына сәйкес келмей қалса немесе тоқтатылса, жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік алпыс күннің ішінде мұндай қамтамасыз етуді ауыстыруға міндетті. Егер көрсетілген мерзім ішінде жер қойнауын пайдаланушы осындай ауыстыруды жүргізбеген болса, ол жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тез арада тоқтата тұруға міндетті. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қайта бастауға қамтамасыз етуді қалпына келтіргеннен немесе ауыстырғаннан кейін ғана жол беріледі.



37. Жер қойнауын пайдаланушы өндіру кезеңі ішінде техникалық және (немесе) геологиялық себептер бойынша жойылуға тиіс және кен орнын игеру жобасына сәйкес өзге де мақсаттарда пайдалануға болмайтын ұңғымаларды жоюға міндетті.

38. Кодексте көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы консервациялау жобасында белгіленген мерзімде жер қойнауы учаскесін консервациялауды аяқтауға міндетті.

39. Жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі міндеттемелер жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен орындалады. Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2 ) тармақшасында көзделген жағдайда, міндеттемелер сомасы олар орындалғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушыға қамтамасыз ету қаражаты есебінен өтеледі.

40. Барлау кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы өзінің технологиялық қажеттіліктеріне тұтынылатын немесе Кодекстің талаптарына сәйкес жағылатын көмірсутектерді қоспағанда, өзіне тиесілі барлау кезеңінде өндірілген көмірсутектерді толық көлемде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жеткізуге міндетті.

41. Ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдаланушылар мұнайды жеткізу графиктеріне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына, ал авариялық жағдайдың салдарынан мұнай өңдеу зауыты тоқталған жағдайда - одан тыс жерге де қайта өңдеуге жеткізуге міндетті.

Жеткізу графигін жасау көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

42. Жер қойнауын пайдаланушы Кодекстің 146-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, шикі газды жағуға жол бермеуге міндетті.

43. Егер есептеу жөніндегі есебі Кодексте көзделген жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған көмірсутектер кен орнының бастапқы геологиялық қорлары жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр газдан асатын болса, Келісімшартқа 3-қосымшада Келісімшарт бойынша Кодекстің 119 -бабының 7-тармағында көрсетілген, Келісімшарттың осы бөлімінің міндеттемелеріне теңестірілетін міндеттемелердің бірі белгіленеді.

44. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелері ретінде ол бекіткен және Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған жобалау құжаттарының мынадай көрсеткіштерін сақтау белгіленеді:

- 1) пайдалану ұңғымалары торының тығыздығы;
- 2) әрбір пайдалану объектісі бойынша өндіруші және қысыммен айдау ұңғымаларының арақатынасы;
- 3) кенжатындар бойынша өтемақы коэффициенті;
- 4) қабат және кенжар қысымының қанығу қысымына немесе конденсация қысымына арақатынасы;
- 5) қабат қысымының кенжар қысымына арақатынасы;

- 6) ұнғымалар бойынша газ факторының барынша жол берілетін шекті шамасы;  
7) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - ҚР Энергетика министрінің 11.06.2018 № 233 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.  
8) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - ҚР Энергетика министрінің 11.06.2018 № 233 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.  
9) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - ҚР Энергетика министрінің 11.06.2018 № 233 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген көрсеткіштердің мәндері жобалау құжаттарына сүйене отырып айқындалады.

45. Егер жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде шекара маңындағы жер қойнауы учаскесінде бір бөлігі басқа іргелес немесе қарсы беттегі мемлекеттің заңды құзырындағы аумағында немесе теңізде орналасқан Қазақстан Республикасының аумағы немесе теңізі шегінде орналасқан кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) тапқан жағдайда, онда ол бұл туралы Құзыретті органға дереу хабарлауға міндетті.

## **8-бөлім. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары**

### **1-параграф. Жалпы талаптар**

46. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік және экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

47. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған барлау жұмыстарының жобасына, кен орнын игеру жобасына, сынамалап пайдалану жобасына сәйкес жүргізілуге тиіс.

48. Жобалау құжаттарда көзделмеген, сондай-ақ жобалау құжаттар болмаған кезде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

49. Жобалау құжаттарында көзделген көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу әдістері мен тәсілдері жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне сәйкес болуы тиіс.

50. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті операцияларды жүргізу үшін қажетті жобалау құжаттарының түрлері, құрамы және оларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 239 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17131 болып тіркелген) бекітілген Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларда белгіленеді.

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

51. Барлауды және өндіруді жүзеге асыру кезінде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізудің анағұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға тиіс.

52. Өндіру жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне сәйкес базалық жобалау құжаттарда көзделмеген көмірсутектердің шығынын болдырмайтын әдістермен және тәсілдермен жүргізілуге тиіс.

53. Мемлекеттің Қазақстан Республикасы заңдарының немесе шарттың негізінде басым құқықтарға ие тұлғаларды және ұйымдарды қоса алғанда, кез келген тұлғалар мен ұйымдар алдында стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдаланудың иеліктен шығарылатын құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді, стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді, сондай-ақ ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығарылатын, стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға арналған басым құқығы болады.

**Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

54. Келісімшарттың 55-тармағының ережелерін ескере отырып, көлік шығыстары мен көмірсутектерді өткізуге арналған шығындарды шегергенде, жер қойнауын пайдаланушы мәміле жасау кезінде мәміле жасау күніне қалыптасқан қолданатын бағадан аспайтын бағамен жер қойнауын пайдаланушы иеліктен шығаратын көмірсутектерді сатып алуға Қазақстан Республикасының басқа тұлғалар алдында басым құқығы болады.

Бұл ретте мемлекет өндірілген көмірсутектер көлемін сатып алуға басым құқықты іске асырған кезде жер қойнауын пайдаланушыдан сатып алынатын көмірсутектер көлемі өңірлердің қажеттіліктерін ескере отырып, мемлекеттің жалпы қажеттілігі негізге алына отырып және жер қойнауын пайдаланушы орналасқан өңірдің өндіріген үлесіне өңірдегі және Қазақстан Республикасындағы көмірсутектер өндірудің жалпы көлемінен өндіру үлесіне барабар айқындалатын болады.

Сатып алынатын көмірсутектердің құнын төлеу теңгемен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдаланушы мәміле жасау кезінде қолданатын көмірсутектер бағасы туралы ақпарат болмаған жағдайда, көлік шығыстары мен көмірсутектерді

өткізуге арналған шығындарды шегергенде, көмірсутектерді мемлекеттің сатып алуы бойынша мәміле жасалған күнге әлемдік нарықта қалыптасқан бағадан аспайтын баға қолданылады.

**Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

55. Қазақстан Республикасының үшінші тұлғалар алдында Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі шикі газды, сондай-ақ өзі өндірген шикі газды қайта өңдеу барысында жер қойнауын пайдаланушы өндірген және Қазақстан Республикасының үшінші тұлғалар алдында Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі тауар газын сатып алуға басым құқығы бар.

56. Төтенше немесе әскери жағдай енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі көмірсутектердің бөлігін немесе барлық көмірсутектерді өз меншігіне алуға құқылы. Өз меншігіне алу төтенше немесе әскери жағдайдың толық қолданылу мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының қажеттіліктеріне қажетті мөлшерде жүзеге асырылуы мүмкін.

57. Қазақстан Республикасы өз меншігіне алған көмірсутектерді заттай нысанда немесе жер қойнауын пайдаланушы көлік шығыстары мен өткізуге жұмсалған шығындарды шегергенде, көмірсутектермен мәмілелер жасаған кезде қолданылатын бағалардан аспайтын бағалар бойынша теңгемен төлеу арқылы олардың құнын өтеуге кепілдік береді.

58. Кодекстің 77-бабы 3-тармағының 1) – 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган геологиялық ақпаратты жариялау немесе оған ашық қолжетімділік құқығын беру арқылы оны ашады.

**Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

59. Кодекстің 24-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде басқа адамдарға жер қойнауы учаскесінің аумағы шегінде еркін жүріп-тұруға, егер қауіпсіздіктің ерекше жағдайларына байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге кедергі келтірмесе, жалпы пайдаланудағы объектілерді және коммуникацияларды пайдалануға кедергі келтірмеуге міндеттенеді.

60. Жер қойнауын пайдаланушы жеңіл көмірсутектердің өндірілген кең фракциясын иеліктен шығаруға не процессингке беруге ниеттенген жағдайда, мұндай иеліктен шығаруды немесе процессингке беруді тек қана өндірістік қуаты Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан сұйытылған мұнай газын өндірушілер жүзеге асыруға тиіс.

## **2-параграф. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану**

61. Көмірсутектерді, оның ішінде теңізде барлау мен өндіруді жүргізудің міндетті шарттары:

- 1) жер қойнауын қорғауды қамтамасыз ету;
- 2) жоғары технологияларды қолдану және жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесі негізінде жер қойнауын ұтымды және экономикалық жағынан тиімді пайдалану;
- 3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік және экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау;
- 4) өндірістік объектілерді шикі мұнай мен газ конденсатын есепке алу аспаптарымен жарақтандыру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

62. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының жай-күйіне мониторинг пен кен орнының игерілуіне бақылау жүргізілуін ұйымдастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

63. Мыналарды:

- 1) Кодекстің 146-бабында белгіленген жағдайларда және шарттармен жағылатын;
- 2) жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекіткен шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасында көзделген көлемде өзінің технологиялық қажеттіліктеріне пайдаланатын;
- 3) жер қойнауын пайдаланушы өзге тұлғаларға қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату мақсатында өткізетін шикі газ көлемдерін қоспағанда, өндірілетін шикі газдың толық көлемін қайта өңдемей, көмірсутектерді өндіруге тыйым салынады.

**Ескерту. 63-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **3-параграф. Салық салу**

64. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді

есептеу оларды төлеу бойынша міндеттеме туындаған сәтiне қолданыста болатын салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Келiсiмшарт шеңберiнде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық мiндеттемелердi орындау жер қойнауын пайдаланушыны мемлекетте келiсiмшарт шеңберiнен тыс қызметтi жүзеге асыру бойынша салықтық мiндеттеме туындаған күнi қолданыста болатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық мiндеттемесiн орындаудан босатпайды.

65. Келiсiмшарт жасалғанға дейiн 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ №\_\_ төлем тапсырмасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы төлеген қол қойылатын бонустың мөлшерi \_\_\_\_\_ (соманы теңгемен көрсету қажет) құрайды.

#### **4-параграф. Жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою және жер қойнауы учаскесiн консервациялау.**

**Ескерту. 4-параграф жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрiнiң 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрығымен.**

65-1. Жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою:

1) Кодекстiң 107-бабы 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған жер қойнауы учаскесiнде;

2) жер қойнауын пайдаланушы Кодекстiң 114-бабында көзделген тәртiппен мемлекетке қайтаруға ниет бiлдiрген жер қойнауы учаскесiнде (оның бөлiктерiнде) жүргiзiледi;

3) келiсiмшарттың 18-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жер қойнауы учаскесiнiң барлығы қайтарылған жағдайда жер қойнауы учаскесiнде жүргiзiледi.

66. Жер қойнауын пайдаланушының барлау кезеңiнде жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөнiндегi мiндеттеменi орындауы мынадай тәсiлдердiң бiрiмен қамтамасыз етiледi:

1) кепiлдiк;

2) сақтандыру;

3) банктiк салым кепiлiмен.

67. Жер қойнауын пайдаланушылардың көмiрсутектердi өндiру салдарын жою жөнiндегi мiндеттемелердi орындауы банк салымының кепiлiмен қамтамасыз етiледi.

67-1. Барлау және (немесе) өндiру салдарын жою жөнiндегi мiндеттемелердiң орындалуын қамтамасыз ету Кодексте айқындалған мөлшерде, мерзiмдер мен тәртiппен қалыптастырылады.

67-2. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөнiндегi мiндеттемелердi орындауын қамтамасыз етудiң кез келген ұсынылатын тәсiлi

осындай қамтамасыз етуді беру күнінде қолданылатын Кодекстің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Егер жер қойнауын пайдаланушыға байланысты емес себептер бойынша оларға берілген қамтамасыз ету Кодекстің талаптарына сәйкес келмесе немесе тоқтатылса, жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік алпыс күн ішінде осындай қамтамасыз етуді ауыстыруға міндетті. Егер көрсетілген мерзім ішінде мұндай ауыстыруды жер қойнауын пайдаланушы жүргізбесе, соңғысы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды дереу тоқтата тұруға міндетті. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қалпына келтіргеннен немесе қамтамасыз етуді ауыстырғаннан кейін ғана қайта бастауға жол беріледі.

68. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру кепілге қойылған банк салымы бойынша құқықтарды қайта ресімдеудің (берудің) сөзсіз негізі болып табылады.

69. Жер қойнауы учаскесін консервациялау Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүргізіледі.

#### **5-параграф. Есепке алу және есептілік**

70. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды есепке алуды жүргізуге және мынадай есептерді:

- 1) геологиялық есепті;
- 2) лицензиялық-келісімшарттық талаптарды орындау туралы есепті;
- 3) сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер туралы, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есепті;
- 4) кадрлардағы елішілік құндылық туралы есепті;
- 5) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша шығыстар туралы есепті;
- 6) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есепті;

7) жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамы туралы есепті беруге міндеттенеді.

Үлгілік Келісімшарттың осы тармағының 1) тармақшасында көзделген есеп жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 418 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17069 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ұсынылады.

Үлгілік Келісімшарттың осы тармағының 2) тармақшасында көзделген есеп құзыретті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) бекітілген нысанда және тәртіппен ұсынылады.

Үлгілік Келісімшарттың осы тармағының 3) – 7) тармақшаларында көзделген есептер көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) бекітілген нысандарда және тәртіппен ұсынылады.

**Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

71. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды адамдарына олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік міндеттерді орындаған кезде қажетті құжаттарды, ақпаратты беруге және жұмыс орындарына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) құзыретті органның жазбаша сұрау салуы бойынша осындай сұрау салуды алған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, жүргізілген жұмыстарды және жер қойнауын пайдалану бойынша шығыстарды растайтын құжаттаманы тексеру үшін ұсынуға;

3) құзыретті органға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 сәуірдегі № 255 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17009 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген және " Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудитор болып табылатын тұлға растаған нысан бойынша Өндіруші салалар ашықтығының бастамалары стандартында көзделген есептілікті ұсынуға міндетті.

**Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**6-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы және оларға салынатын ауыртпалық**

72. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы құзыретті органның рұқсатымен Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

73. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы Келісімшартқа өзгерістер енгізу арқылы жүргізіледі және тиісті толықтыру тіркелген күннен бастап жасалған деп саналады.

74. Қазақстан Республикасының заңдарында сенімгерлік басқаруға беру туралы талап белгіленген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығын сенімгерлік басқаруға беруге тыйым салынады.



75. Жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесіне) ауыртпалық салу, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және Кодексте тыйым салынбаған, жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын ұйымдардың акцияларына (жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне) ауыртпалық салу Кодекстің 121-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

76. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге алынған қарызды жер қойнауын пайдалану мақсатында не жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшартпен қарастырылған Қазақстан Республикасының аумағында кейіннен қайта бөлуді ұйымдастыру мақсатында жер қойнауын пайдаланушының өзі немесе жарғылық капиталында жер қойнауын пайдаланушының жүз пайыз қатысу үлесі бар еншілес ұйым пайдалануға тиіс.

#### **7-параграф. Мүлікке және ақпаратқа меншік құқығы**

77. Жер қойнауын пайдаланушы өндірген көмірсутектер және оларды өндіру барысында шығарылатын құрамдастар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

78. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін алған мүлік жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

79. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кезде мүлікке меншік құқығының ауысу жағдайлары мен тәртібі, сондай-ақ жер қойнауы учаскесінің аумағынан мүлікті шығару жөніндегі құқықтар мен міндеттер Кодексте белгіленген.

80. Жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынған геологиялық ақпарат жеке меншікте болады (жеке геологиялық ақпарат).

Кодексте көзделген тәртіппен мемлекеттік органдарға ұсынылатын геологиялық есептілікте және өзге де құжаттамада қамтылатын жеке геологиялық ақпарат мемлекетке мерзімсіз иеленуге және пайдалануға беріледі.

81. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың және оның жеткізгіштерінің бар болуын, оны есепке алу мен сақтауды, сондай-ақ жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган өкілдерінің зерттеу немесе тексеру үшін оған кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

82. Жер қойнауын пайдаланушының Кодекстің 75-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшарттың қолданылуы кезеңінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

83. Жер қойнауын пайдаланушы керндер, жыныстар мен минералдардың үлгілері, сынамалар, тас материалының коллекциялары, шлифтер, аншлифтер, минералдық ерітінділер мен ұнтақтар түріндегі геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге Кодекстің 75-бабында белгіленген тәртіппен зерттеу және талдау мақсатында ғана шығаруға құқылы.

84. Жер қойнауын пайдаланушының геологиялық ақпараттың сынамалар түріндегі табиғи жеткізгіштерін иеліктен шығаруы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

85. Жер қойнауын пайдаланушы өзіне тиесілі керндерді иеліктен шығаруды немесе жоюды жүргізуге ниеттенген жағдайда, ол осындай ниеті туралы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға бір айдан кешіктірмей жазбаша хабарлауға міндетті. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушыдан көрсетілген керндерді талапта көзделген мерзімде өз меншігіне өтеусіз беруді жазбаша талап етуге құқылы. Бұл мерзім бір айдан кем болмауға тиіс.

86. Жер қойнауының тиісті учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың болжалды аяқталуына дейін үш ай бұрын жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға өзінде бар далалық бақылау, сынамалау, сынамаларды талдау, геофизикалық қадағалауларды тіркеу журналдары, геологиялық ақпараттың бастапқы далалық деректерінің қағаз және электрондық жеткізгіштері немесе бұрғылау ұңғымаларының керндері туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

Осындай хабарламаны алғаннан кейін бір айдың ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушыдан аталған геологиялық ақпарат жеткізгіштерін оның меншігіне тегін беруді жазбаша түрде талап етуге құқылы. Осы талап оны алған күннен бастап бір айдың ішінде орындалуы тиіс.

#### **8-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы учаскесі және мүлік**

87. Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою не кейіннен оны өзге тұлғаға беру үшін жер қойнауы учаскесіне консервациялау жүргізу шешімі туралы құзыретті органның хабарламасын алған жер қойнауын пайдаланушы:

1) дереу тоқтатылуы төтенше жағдайлардың туындау қаупімен байланысты операциялары қоспағанда, жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға міндетті. Мұндай операцияларды тоқтату хабарламаны алған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылуға тиіс;

2) Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жою немесе консервациялау жобасы бекітілгеннен және олардың сараптамаларының оң

қорытындылары алынғаннан кейін Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жою немесе жер қойнауы учаскесін консервациялау бойынша жұмыстарды дереу бастауға міндетті;

3) хабарламаны алған күннен бастап алты ай ішінде жер қойнауы учаскесінен өзі өндірген көмірсутектерді, сондай-ақ өзінің меншігі болып табылатын жабдықты және өзге де мүлікті аумақтан алып кетуге құқылы. Көрсетілген мерзімде шығарылмаған жабдық пен өзге де мүлік Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жойылуға немесе консервациялауға жатады.

88. Құзыретті органның көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға сенімгерлік басқаруға жер қойнауы учаскесін беру жөніндегі шешімі туралы хабарламаны алған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы:

1) хабарламаны алған күннен бастап бір ай мерзімде жер қойнауы учаскесіндегі технологиялық процестің үздіксіздігін және өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жабдықты және өзге де мүлікті жаңа жер қойнауын пайдаланушыға мүлікті бергенге дейінгі мерзімге көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына беруге міндетті.

Бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы болмаған не ол көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға мүлікті беруден жалтарған жағдайда, құзыретті орган мұндай мүлікке қатысты оның сенім білдірілген тұлғасы ретінде әрекет етеді және берілетін мүліктің жай-күйі туралы нұсқауды көздейтін тізбені қамтитын акт бойынша оны көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға береді.

2) хабарламаны алған күннен бастап алты айдың ішінде жер қойнауы учаскесінен өзі өндірген көмірсутектерді, сондай-ақ осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, өзінің меншігі болып табылатын жабдықты және өзге де мүлікті аумақтан алып кетуге құқылы.

## **9-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылау**

89. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 26 сәуірдегі № 142 бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдер шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16893 болып тіркелген) сәйкес Құзыретті орган жүзеге асырады.

90. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауына мониторингті құзыретті орган Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы ұсынған есептерді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де көздерден алынған мәліметтерді талдау арқылы жүзеге асырады.

## 10-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының жауаптылығы

91. Кодекске сәйкес Келісімшарттың 8-бөлімінде көзделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттарының, сондай-ақ өзге де Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке алып келеді.

**Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

92. Жер қойнауын пайдаланушы үлгілік Келісімшарттың 7-бөлімінде көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін, жауапкершіліктің келесі түрлері көзделеді:

1) тиісті мөлшерде тұрақсыздық айыбы:

"Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті жылдың 1 қаңтарына белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) белгіленген мөлшеріне;

есепті кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасының пайыздарына;

бұзушылық сомасының пайыздарына;

2) Кодекстің 106-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылатын құзыретті органның бір жақты тәртіппен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын мерзімнен бұрын бұзуы.

Бұл ретте тұрақсыздық айыбын төлеу жер қойнауын пайдаланушыны тиісті міндеттемені орындаудан босатпайды.

**Ескерту. 92-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

93. Құзыретті орган Келісімшарт талаптарының жол берілген бұзушылықтары туралы, сондай-ақ белгіленген мерзімде оның тұрақсыздық айыбын төлеу және (немесе) осындай бұзушылықты жою жөніндегі міндеттері туралы мынадай:

1) Келісімшартта белгіленген қаржылық міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушы есепті жыл үшін отыз пайыздан кем орындаған;

2) қамтамасыз ету мөлшерін қалыптастырудың белгіленген графигіне сәйкес не графикті бұза отырып, жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз етуді ұсынбай жер бетінің тұтастығын бұзумен байланысты көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізген;

3) жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарттың 7-бөлімінде белгіленген міндеттемелерін бұзған өзге де жағдайларда жер қойнауын пайдаланушыны жазбаша түрде хабардар етеді.

Ескерту. 93-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

94. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелердің физикалық көлемі бойынша Келісімшарт талаптарын бұзушылықтарды жою мерзімі жазбаша хабарлама алынған күннен бастап – алты айдан, Келісімшарттың 93-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген міндеттемелер бойынша – үш айдан, Келісімшарттың 7-тарауында көзделген өзге де міндеттемелер бойынша бір айдан аспауға тиіс.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. Жер қойнауын пайдаланушы жасаған бұзушылықтарды хабарламада көрсетілген мерзімде жоюға және бұл туралы Құзыретті органға жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

96. Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға міндеттемелерді бұзуды жою мерзімін ұзартудың себептерін негіздей отырып, осындай ұзарту туралы ұсыныс жіберуге құқылы. Жасаған бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы ұсынысты қарау нәтижелері бойынша Құзыретті орган оны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыны мерзімді ұзартуға келісетіні туралы хабардар етеді немесе мұндай ұзартудан уәжді бас тартуын ұсынады.

97. Келісімшартта көзделген міндеттемелердің бұзушылықтарын Келісімшарттың 94-тармағында айқындалған мерзімде жоюдың мүмкін еместігі анық болған жағдайда, Құзыретті орган осындай бұзушылықты жою мүмкін болатын өзге мерзімді белгілеуге құқылы.

98. Жер қойнауын пайдаланушы өзі қабылдаған төмендегі міндеттемелерді орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін:

1) жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін есепті кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасының 10 % мөлшерінде;

2) тиісті жылдың кез келген есепті тоқсанында кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін – 2000 АЕК мөлшерінде, бірақ жылына бір реттен артық емес;

3) Келісімшартта көзделген қаржылық міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін есепті кезеңде орындалмаған міндеттеме сомасының 10% мөлшерінде тұрақсыздық төлемі ретінде жауап береді. Бұл ретте, егер нарықтағы қолданыстағы бағалардың өзгеруі салдарынан, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының еркіне тәуелсіз басқа да жағдайлардың себебінен жер қойнауын пайдаланушының нақты шығыстары Келісімшартты жасау кезінде ескерілгеннен кем болып шықса, бірақ бұл ретте Келісімшарттың 21-тармағында көрсетілген жер

қойнауын пайдаланушы міндеттемелерінің физикалық көлемі толық көлемде орындалса, жер қойнауын пайдаланушының нақты шығыстарының осылай азаюы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзу болып табылмайды;

4) Келісімшарттың 41-тармағына сәйкес графиктерде белгіленген көлемде мұнайды Қазақстан Республикасының аумағына және одан тыс жерге қайта өңдеу үшін жеткізу жөніндегі міндетті орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін – 10 000 АЕК мөлшерінде;

5) жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оның мердігерлерінің Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың тәртібін сақтау жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін – мынадай түрде жасалған бұзушылық сомасының 5% мөлшерінде:

көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінде көзделмеген тәсілдермен, яғни сатып алу тәсілін таңдау тәртібінің талаптарын бұза отырып, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

конкурстық құжаттаманы көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінің талаптарын бұза отырып жасау;

әлеуетті жеткізушілерге көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінде көзделмеген талаптарды қою;

әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін негізсіз түрде қабылдамау және/немесе негізсіз түрде қатыстыру;

көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінің талаптарын бұза отырып шарт жасасу;

көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінің талаптарын бұза отырып, бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

Ескертпе: дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын ұлттық басқарушы холдинг тікелей немесе жанама иеленетін заңды тұлғалармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылармен келісімшарт жасасқан кезде осы тармақша қолданылмайды;

6) Келісімшарттың 24 және 70-тармақтарына сәйкес бағдарламаларды, ақпаратты және есептерді ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін – 100 АЕК мөлшерінде;

7) төмендегі тармақтарға сәйкес хабарламаларды жолдамағаны немесе уақтылы жолдамағаны үшін:

Келісімшарттың 29 және 31-тармақтарына сәйкес – 5000 АЕК мөлшерінде;

Келісімшарттың 20 және 30-тармақтарына сәйкес – 2000 АЕК мөлшерінде;

Келісімшарттың 32-тармағына сәйкес – 100 АЕК мөлшерінде;

8) Келісімшарттың 44-тармағында көрсетілген жобалау құжаттары көрсеткіштерінің бірін орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін – егер Келісімшарт бойынша бастапқы геологиялық қорлар жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан аспаса – 10 000 АЕК немесе егер келісімшарт бойынша бастапқы геологиялық қорлар жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан асатын болса 20 000 АЕК.

Ескертпе: егер Келісімшарт бойынша бастапқы геологиялық қорлар болса:

жүз миллион тонна мұнай немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан аспайтын айыппұл 10 000 АЕК мөлшерінде белгіленеді;

бастапқы геологиялық қорлардың жүз миллион тонна мұнайынан немесе елу миллиард текше метр табиғи газынан асатын айыппұл мөлшері 20 000 АЕК мөлшерінде белгіленеді.

**Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

99. Құзыретті орган Келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатады мына жағдайларда:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметке тыйым салу туралы сот шешімі күшіне енген;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған тиісті жобалау құжаттарынсыз көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілген;

3) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге алып келген, Кодекстің 44-бабының 1-тармағының талаптары бұзылған жағдайларда.

100. Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушы белгіленген мерзімде:

1) Кодекстің 133-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген бұзушылықтардың біреуін;

2) Келісімшарттың 7-тарауында белгіленген өзге де міндеттемелерді екіден артық бұзуын жоймаған кезде Келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

**Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

101. Жер қойнауын пайдаланушылардың Келісімшарт талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган осы талаптардың бұзылғандығын білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш жыл ішінде жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы мерзімнің және оны есептеу тәртібінің өзгеруіне әкелмейді.

### **11-бөлім. Еңсерілмейтін күш**

102. Келісімшарт бойынша қандай да болмасын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық немесе тиісінше орындамаушылық еңсерілмейтін күшке байланысты болса, Тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

103. Еңсерілмейтін күштің мән-жайларына мынадай мән-жайдың жағдайлары кезіндегі төтенше және күтпеген жағдайлар жатады, мысалы: әскери жанжалдар, табиғи апаттар, табиғи зілзалалар (өрт және т.б.). Келтірілген тізбе толық болып табылмайды.

104. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, одан зардап шегуші Тарап бұл туралы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны тапсыру немесе поштамен жіберу арқылы екінші Тарапқа дереу хабарлайды.

105. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешімін іздеу үшін дереу кеңес өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

106. Егер жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңсерілмейтін күш мән-жайларының дәлелдерін ұсынса, Құзыретті орган Келісімшарттың қолданылу мерзімін еңсерілмейтін күш мән-жайларының мерзіміне ұзартады.

### **12-бөлім. Құпиялылық**

107. Келісімшартты орындау процесінде Тараптар алған немесе иеленген ақпарат құпия болып табылады және Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қорғалуға тиіс. Тараптар Қазақстан



Республикасының заңнамасында көзделген қажетті есептерді жасау үшін құпия ақпаратты пайдалана алады.

108. Тараптардың екінші тараптың келісімінсіз мынадай:

- 1) егер бұл ақпарат сот талқылауын жүргізу барысында пайдаланылған жағдайды;
- 2) жер қойнауын пайдаланушыға қызмет көрсететін үшінші тұлға құпия ақпаратты құпия ретінде қарауға және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана және Тараптар белгіленген мерзімде қолдануға міндеттеме алған жағдайда, бұл ақпарат осындай үшінші тұлғаларға ұсынылған жағдайды;
- 3) ақпарат жер қойнауын пайдаланушы қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;
- 4) ақпарат Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауы барысында берілген жағдайды;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларды қоспағанда, құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

109. Егер Кодексте немесе Тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, осы бөлімде көзделген құпиялылық туралы ережелер үлгілік Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

110. Елішілік құндылық бөлігінде келісімшарттық және лицензиялық міндеттемелердің орындалуына қатысты, жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлауы және өткізуі туралы, қазақстандық мамандарды оқытуға арналған шығыстар туралы және Қазақстан Республикасының аумағында ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, сондай-ақ өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту мен оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар көлемдері туралы ақпарат құпия болып танылмайды.

**Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **13-бөлім. Дауларды шешу тәртібі**

111. Келісімшартты жүзеге асырумен, өзгертумен немесе тоқтатумен байланысты даулар келіссөздер жүргізу (дауларды сотқа дейін реттеу) арқылы шешіледі.

112. Құзыретті орган Кодекске және Келісімшартқа сәйкес жіберетін хабарламалар дауларды сотқа дейін реттеу ретінде танылады.

113. Егер жүзеге асырумен, өзгертумен немесе тоқтатумен байланысты даулар келіссөздер арқылы алты ай ішінде шешілмейтін болса, онда осындай даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

#### **14-бөлім. Келісімшартты өзгерту және оның қолданысын тоқтату**

114. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар Кодекстің 37-бабында белгіленген тәртіппен және шарттармен жасалатын Келісімшартқа толықтырумен ресімделеді.

Толықтыру Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Келісімшартқа Толықтырулар құзыретті органда тіркелуге тиіс.

115. Өз қолданысын Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін сақтайтын Келісімшарттың 34, 38, 87 және 88-тармақтарында көзделген ережелерді қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы Келісімшартты жасасу күніне Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен тоқтатылады.

116. Құзыретті орган Кодекстің 106-бабында көзделген негіздер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

**Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

117. Келісімшарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылады, ал Келісімшартта бекітілген жер қойнауы учаскесі (учаскелері) мемлекетке қайтарылған болып табылады.

**Ескерту. 117-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **15-бөлім. Қорытынды ережелер**

118. Келісімшарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

**Ескерту. 118-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

119. Жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы бойынша мәмілелерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады

**Ескерту. 119-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Келісімшарт қазақ және орыс тілдерінде тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде бір-бір данадан жасалған. Барлық даналары бірдей.

Ескерту. 120-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

121. Тараптардың келісімі бойынша Келісімшарт мәтіні басқа тілге аударылуы мүмкін.

Ескерту. 121-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Тараптар қазақ және (немесе) орыс тілдерінің қарым-қатынас тілдері ретінде қолданылатындығы туралы уағдаласады.

Ескерту. 122-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

123. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасалады.

Ескерту. 123-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. Тараптар жазбаша нысанда жасалатын хабарламалар және (немесе) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарияланымдар арқылы, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастыру арқылы хабардар етіледі.

Ескерту. 124-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. Келісімшарт бойынша пошталық мекенжай өзгерген кезде Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа жеті күннің ішінде жазбаша хабарлама ұсынуға міндетті. Осы тармақта көзделген талапты орындамаған Тарап басқа Тараптан хабарламаларды алмағандығына сілтеу құқығынан айырылады.

Ескерту. 125-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Келісімшартқа барлық қосымшалар оның құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Қосымшалардың ережелері мен Келісімшарттың арасында қандай да бір ауытқушылықтар болған жағдайда, Келісімшарттың ережелері басым күшке ие болады.

Ескерту. 126-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Келісімшартта пайдаланылатын анықтамалар мен терминдер олар үшін Кодексте және (немесе) тиісті нормативтік құқықтық актілерде айқындалған мағыналарға ие.

Ескерту. 127-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Келісімшартта реттелмеген Тараптардың қарым-қатынастары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Ескерту. 128-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. Осы Келісімшартты 20\_\_ жылғы \_\_ (айының) \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ қаласында (Қазақстан Республикасы) Тараптардың уәкілетті өкілдері жасасты.

Ескерту. 129-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Тараптардың заңды мекенжайлары және қолдары:

Ескерту. 130-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## Барлау кезеңінде Келісімшарт бойынша жұмыстардың ең аз көлемі мен түрлері

Ескерту. Үлгілік келісімшарт 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Атауы	Сипаттамасы	Іске асыру мерзімі	Құны теңгемен
-------	-------------	--------------------	---------------

Көмірсутектерді барлауға  
және өндіруге арналған  
Үлгілік келісімшартқа  
№ 2-қосымша

## Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) кеңістіктік шекаралары

Ескерту. Үлгілік келісімшарт 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өңір атауы.

Жер қойнауы учаскесінің атауы.

Жер қойнауы учаскесінің бұрыштық координаттары (блоктардың атауы).

Көмірсутектерді барлауға  
және өндіруге арналған  
үлгілік келісімшартқа  
№ 3-қосымша

## Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемелері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Атауы	Сипаттамасы	Іске асыру мерзімі	Құны теңгемен
-------	-------------	--------------------	---------------

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 11 маусымдағы  
№ 233 бұйрығына  
2-қосымша

## КӨМІРСУТЕКТЕРДІ ӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ҮЛГІЛІК КЕЛІСІМШАРТ

Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын, құзыретті орган ретінде  
Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін

---

(мемлекеттік органның атауы)

және

---

— (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы. Егер Келісімшарт бойынша жер

қойнауын пайдаланушылар екі немесе одан көп тұлғалар болса, онда әр тұлғаның Т.А.Ә. (атауы) және осындай тұлғалардың әрқайсысына тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесінің мөлшері көрсетіледі)

(бұдан әрі – жер қойнауын пайдаланушы) арасындағы Көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт.

Тараптар осы Көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартқа

---

— (келісімшартты жасасу үшін негіз болып табылатын көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукциондарды өткізу жөніндегі комиссияның хаттамасына немесе Құзыретті органның көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы шешіміне) сәйкес 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қойды.

## **Мазмұны**

Кіріспе

1-бөлім. Келісімшарттың мәні

2-бөлім. Келісімшарттың қолданылу мерзімі

3-бөлім. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары

4-бөлім. Құзыретті органның құқықтары

5-бөлім. Құзыретті органның міндеттері

6-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары

7-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері

8-бөлім. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары

1-параграф. Жалпы талаптар

2-параграф. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану

3-параграф. Салық салу

4-параграф. Жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою және жер қойнауы учаскесін консервациялау

5-параграф. Есепке алу және есептілік

6-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы және оларға салынатын ауыртпалық

7-параграф. Мүлікке және ақпаратқа меншік құқығы

8-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы учаскесі және мүлік

9-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылау

10-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының жауаптылығы

11-бөлім. Еңсерілмейтін күш

12-бөлім. Құпиялылық

13-бөлім. Дауларды шешу тәртібі

14-бөлім. Келісімшартты өзгерту және оның қолданысын тоқтату

15-бөлім. Қорытынды ережелер

Көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартқа қосымшалар:

1-қосымша – Жер қойнауы учаскесінің кеңістікті шекаралары

2-қосымша – Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемелері

## **Кіріспе**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 1) тармақшасының орыс тіліндегі редакциясына өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес жер қойнауы Қазақстан Республикасының халқына тиесілі, халықтың атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асыратындығын;

2) Қазақстан Республикасы жер қойнауы учаскесін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) көзделген негіздермен, талаптармен және шекте пайдалануға беретіндігін;

3) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді ұтымды және тиімді барлауды және өндіруді жүргізу ниеті, қаржылық және техникалық мүмкіндіктерінің болуын;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметі құзыретті органды белгілегендігін және оған Келісімшартты жасасу және орындау құқығын бергендігін;

5) жер қойнауын пайдалану Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

6) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мазмұны, орындалуы және тоқтатылуы Кодексте сәйкес айқындалатын шарт болып табылады;

7) Қазақстан Республикасы атынан құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы уағдаласқандығын назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы атынан құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы төмендегілер туралы уағдаласады:

### **1-бөлім. Келісімшарттың мәні**

1. Құзыретті орган Қазақстан Республикасы атынан жер қойнауын пайдаланушыға Келісімшартта белгіленген мерзімге жер қойнауын пайдалану құқығын береді, ал жер қойнауын пайдаланушы өз есебінен және тәуекелімен Келісімшарттың талаптарына және Кодекске сәйкес жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығы Келісімшарт күшіне енген күннен бастап туындайды.

3. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында көзделген ережелерді және Келісімшарттың ережелерін сақтаған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде кез келген көмірсутектерді өндіруді жүзеге асыруға құқылы.

### **2-бөлім. Келісімшарттың қолданылу мерзімі**

4. Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген Келісімшарттың қолданылу мерзімі онда біртіндеп бекітілген дайындық кезеңімен және өндіру кезеңімен белгіленеді.

5. Келісімшарт \_\_\_ жылға тең мерзімге жасалған және \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ \_\_ дейін қолданылады.

Ескертпе: келісімшартты жасасу кезінде аукционды өткізу туралы хабарламаның немесе көмірсутектер саласындағы ұлттық компаниямен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасу туралы Құзыретті органның шешімі негізінде дайындық кезеңінің ұзақтығы көрсетіледі.

Кейінгі ұзартулар кезінде Келісімшарттың 5-тармағында, Келісімшарттың қолданылу мерзімінен басқа, өндіру кезеңінің ұзақтығы көрсетіледі.

Келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталу күнін Құзыретті орган Келісімшартты (Келісімшартқа толықтыруды) тіркеу кезінде енгізеді.

6. Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген Келісімшарттың қолданылу мерзімі Келісімшартты жасасу күніне Кодексте белгіленген жағдайларда, тәртіппен және талаптармен Тараптардың Келісімшартқа толықтыруды жасасуы арқылы өндіру кезеңі бекітілген жағдайда ұзартылуы мүмкін.

7. Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген Келісімшарттың қолданылу мерзімі Тараптардың Келісімшартқа қосымшаны жасасуы немесе жер қойнауы учаскесі (



учаскелері) бойынша өндіру кезеңі (кезеңдері) ұзартылған жағдайда оны жаңа редакцияда жазу арқылы Кодексте ұзарту күніне белгіленген тәртіппен және талаптармен ұзартылуы мүмкін.

Егер Келісімшарт үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін болса, өндіру кезеңін ұзарту кезінде жер қойнауын пайдаланушы мен Құзыретті орган арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдың ішінде өндіру кезеңін ұзартуды және жер қойнауын пайдаланушының Кодекстің 120-бабының 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген және Келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін жұмыс бағдарламасын орындау жөніндегі міндеттемесін көздейтін Келісімшартқа толықтыру жасалады.

Егер Келісімшарт үлгілік келісімшартқа сәйкес келмейтін болса, өндіру кезеңін ұзарту кезінде жер қойнауын пайдаланушы және құзыретті органның арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап екі айдың ішінде көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген жаңа редакциядағы көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт жасалады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Келісімшарттың шеңберінде көмірсутектерді өндіру кезеңі кемінде жиырма жыл мерзімге белгіленген жағдайда, онда өндіру кезеңін ұзарту кезінде Келісімшарттың талаптары осындай ұзарту күніне әрекет ететін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілуге тиіс.

9. Келісімшарт құзыретті органда тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

10. Ұзарту мерзімі, егер тараптар өзге мерзімді келіспесе, тиісті қосымша тіркелген күннен бастап есептеледі.

### **3-бөлім. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары**

11. Жер қойнауы учаскесін түрлендіру Келісімшартқа қосымша жасау арқылы Кодекстің 113, 114, 115 баптарында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізіледі.

12. Жер қойнауы учаскесін немесе оның бөлігін қайтару Кодексте белгіленген тәртіппен, Келісімшартқа толықтыру жасау арқылы жүзеге асырылады.

### **4-бөлім. Құзыретті органның құқықтары**

13. Құзыретті орган:

1) Кодекстің 3-параграфында көзделген жағдайларда және тәртіппен Келісімшарттың қолданысын мерзімнен бұрын тоқтатуға;

2) Кодекстің 106-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен Келісімшарт талаптарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды талап етуге;

3) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 26 сәуірдегі № 142 бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдер шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16893 болып тіркелген) сәйкес белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

#### **5-бөлім. Құзыретті органның міндеттері**

14. Жер қойнауын пайдаланушы Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Келісімшартта белгіленген ережелерді орындаған жағдайда, Құзыретті орган Келісімшарт жасасу күніне Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, тәртіппен және талаптармен:

- 1) Келісімшарттың қолданылу мерзімін өндіру кезеңі бекітілген жағдайда ұзартуға;
- 2) жер қойнауы учаскесін түрлендіруді жүзеге асыруға міндеттенеді.

#### **6-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары**

15. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және Келісімшартта көзделген ережелерді сақтаған кезде, жер қойнауын пайдаланушы:

1) кәсіпкерлік мақсатта бөлінген жер қойнауы учаскесінің шегінде жер қойнауын өтеулі негізде пайдалануға;

2) өз қалауынша өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде өндірілген көмірсутектерді пайдалануға, егер Кодексте немесе Келісімшартта басқасы көзделмесе;

3) жер қойнауы учаскесінің аумағында, ал қажет болғанда жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен ұсынылған басқа жер учаскелерінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салуға, сондай-ақ шарттардың негізінде жер қойнауы учаскесіндегі әрі оның шегінен тыс жердегі баршаға ортақ объектілерді және коммуникацияларды пайдалануға;

4) Келісімшарт бойынша операторды тағайындауға;

5) Кодексте белгіленген тәртіппен және талаптармен өндіруге арналған бүкіл учаскені қайтару арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды мерзімнен бұрын тоқтатуға;

6) дайындық кезеңі ішінде Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген кен орнын игеру жобасы сараптамаларын әзірлеуді, бекітуді

және жүргізуді, сондай-ақ (қажеттілік болса) көмірсутектер кен орнын жайластыруды жүзеге асыруға;

7) өндіру кезеңі ішінде кез келген көмірсутектерді өндіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ көмірсутектер кен орнының геологиялық құрылымын және қорларын нақтылау мақсатында өндіру учаскесін жете зерттеуді (жете барлауды) жүргізуге;

8) өндіру кезеңі аяқталғанға дейін кез келген уақытта жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын жекелеген технологиялық объектілерді, оның ішінде құрылыстарды, жабдықтарды, ұңғымаларды және басқа мүлікті консервациялауға немесе жоюға;

9) өндіру кезеңін бекітуге өтініштер беруге;

10) өндіру кезеңін ұзартуға өтініштер беруге;

11) жер қойнауы учаскесін түрлендіруге өтініштер беруге;

12) арнайы рұқсаттар мен лицензияларды алмай, көмірсутектерді өндіру кезінде жерасты суларын ілеспе шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Ілеспе шығарылған жерасты суларды одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасының су және экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

13) Келісімшарттың қолданысын құзыретті органның мерзімнен бұрын тоқтатуының заңдылығын ол тиісті хабарламаны алған күнінен бастап екі ай ішінде сотта даулауға;

14) Кодекстің 28-1-бабына сәйкес жергілікті өндірушілерді қолдауға бағытталған көмірсутектер саласындағы кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді ерікті негізде жасауға құқылы.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **7-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері**

16. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесін Келісімшартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға міндетті.

16-1. Келісімшарттың 5-тармағында белгіленген келісімшартты қолданылу мерзімі аяқталған кезде, технологиялық объектілерді консервациялауға немесе жоюға және жер қойнауын пайдаланудың салдарларына байланысты операцияларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі кез келген операцияларды тоқтатуға міндетті.

**Ескерту. Келісімшарт 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан

ерекше құнды геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде жұмыстарды дереу тоқтатуға және бұл туралы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

18. Өндіру кезеңі ішінде, екінші жылдан бастап жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 185 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 211 бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17020 болып тіркелген) бекітілген Алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді және (немесе) уранды өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру қағидаларына сәйкес алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 222 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 244 бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17096 болып тіркелген) бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді және уранды өндіру кезеңінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру қағидаларына сәйкес алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

3) алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша көмірсутектерді өндіру кезеңінде Келісімшарт бойынша инвестициялардың бір пайызы мөлшерінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте сарқылып жатқан көмірсутектер кен орны бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыру осындай сарқылып жатқан кен орнын игеруге қосымша инвестицияларды жүзеге асыру үшін Келісімшарттың 18-1-тармағында көзделген соманың пайдаланылмаған қалдығы мөлшерінде жүзеге асыруға міндетті.

Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту және оның инфрақұрылымын дамыту шығыстарын қаржыландыруға жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік

инфрақұрылымы объектілерін дамытуға және қолдауға арналған шығыстары, сондай-ақ осы мақсаттарда оның мемлекеттік бюджетке аударатын қаражаты жатады.

Белгіленген минимумнан асатын, осы тармаққа сәйкес жүзеге асырылған қаржыландыру көлемі жер қойнауын пайдаланушының тиісті міндеттемелерін орындауы есебіне келесі жылы ескеріледі.

Кодекстің 120-бабының 10-тармағына сәйкес көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген жаңа редакциядағы өндіруге арналған келісімшарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушылар үшін осы тармақта көзделген міндеттеме өндіру кезеңінің бірінші жылынан бастап қолданылады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18-1. Сарқылып жатқан кен орнында көмірсутектерді өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы осындай сарқылып жатқан кен орнын игеру үшін инвестициялық міндеттемені және (немесе) Келісімшарттың 18-тармағының 3) тармақшасында белгіленген тәртіппен өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуды Кодекстің 153-1 бабымен белгіленген инвестициялау коэффициентінің көбейтіндісі ретінде есептелетін сомадан кем емес және алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 723-бабына сәйкес салықтық есепті жүргізу саясатында бекітілген жер қойнауын пайдаланушының бөлек салықтық есебін жүргізу әдістемесіне сәйкес есептелген осындай кен орны бойынша жылдық жиынтық табыс сомасының мөлшерінде қосымша қаржыландыруға орындауға міндетті.

Ескертпе: егер Келісімшарт Кодекстің 153-1-бабында көзделген сарқылып жатқан кен орны (кен орындары) бойынша жасалса немесе Кодекстің 153-1 бабына сәйкес кен орнын кен орындарын сарқылып жатқандар санатына жатқызуға байланысты Келісімшартқа өзгерістер енгізілген жағдайда 18-1-тармақ келісімшартқа енгізіледі.

**Ескерту. Келісімшарт 18-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларды, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдинг иеленетін жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы және оның мердігерлері көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018

жылғы 18 мамырдағы № 196 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17122 болып тіркелген) бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 168 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17016 болып тіркелген) бекітілген нысанда және тәртіппен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану жөніндегі оператор тартылған жағдайда, оның ақылы көрсетілетін қызметтерін жоспарлы сатып алуы туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарттың 63-тармағында көзделген есептерді ұсынуға міндетті.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы қазақстандық кадрларға артықшылық беруге міндетті. Кадрлардағы елішілік құндылықтың ең аз үлесі басшылар мен олардың орынбасарлары бойынша \_\_% , құрылымдық бөлімшелер басшылары бойынша \_\_%, мамандар бойынша \_\_%, білікті жұмысшылар бойынша \_\_% құрауға тиіс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын басшылардың, менеджерлердің және мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылардың, менеджерлердің және мамандардың жалпы санының елу пайызынан аспауға тиіс. Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 193

бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17021 болып тіркелген) бекітілген Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23. Жер қойнауын пайдаланушы тартылған шетелдік персоналға қатысты тең еңбек жағдайларын, оның ішінде қазақстандық персонал үшін еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы уәкілетті ұйым жариялайтын инфляция деңгейінен төмен емес қазақстандық персонал үшін жыл сайынғы жалақыны индекстеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы негізделген нарықтық жағдайларға сәйкес олар көрсететін мұнай сервистік жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге тартылған мердігер ұйымдар үшін әділ тарифтерді айқындауды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін сатып алынатын жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 124 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16851 болып тіркелген) бекітілген Басым жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша елішілік құндылық үлесі күнтізбелік бір жыл ішінде сатып алынған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің кемінде елу пайызын құрауға тиіс.

Ескертпе: егер аукцион жеңімпазы аукционға қатысуға өтініш беру кезеңінде жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық бойынша ең аз міндеттемелерді елу пайыздан астам ұсынған болса, осы тармақта ұсынылған міндеттемелер бекітіледі.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін сатып алынатын тауарлардағы елішілік құндылық үлесі күнтізбелік жыл ішінде сатып алынған тауарлардың жалпы көлемінің \_\_\_\_\_ пайызынан кем болмауға тиіс.

Тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Жер қойнауын пайдаланушы осындай жер қойнауын пайдалану құқығын берген мемлекеттік органды жер қойнауын пайдаланушының қызметін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамының өзгергені туралы осындай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша оператордың өкілеттіктерінің тоқтатылғандығы туралы дереу хабарлауға міндетті.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінің аумағындағы бұрын бұрғыланған барлық ұңғымаларды теңгерімге қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетті.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 22 мамырдағы № 200 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17094 болып тіркелген) бекітілген Көмірсутектерді барлау мен өндіру және уран өндіруді жүргізу кезіндегі консервациялау және жою қағидаларында және Келісімшарттың 8-бөлімінің 4-параграфында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын өз есебінен жоюға міндетті. Келісімшарттың қолданылу мерзімінің тоқтатылуы жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерінің тоқтатылуына әкелмейді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Жер қойнауын пайдаланушы жою бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті. Мұндай қамтамасыз етуді ұсыну жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындаудан босатпайды.



Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Егер жер қойнауын пайдаланушы ұсынған қамтамасыз ету онымен байланысты болмайтын себептермен Кодекстің талаптарына сәйкес келмейтін болып қалса немесе тоқтатылса, жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік алпыс күннің ішінде мұндай қамтамасыз етуді ауыстыруға міндетті. Егер көрсетілген мерзім ішінде жер қойнауын пайдаланушы осындай ауыстыруды жүргізбеген болса, ол жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тез арада тоқтата тұруға міндетті. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қайта бастауға қамтамасыз етуді қалпына келтіргеннен немесе ауыстырғаннан кейін ғана жол беріледі.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Жер қойнауын пайдаланушы өндіру кезеңі ішінде техникалық және (немесе) геологиялық себептер бойынша жойылуға тиіс және кен орнын игеру жобасына сәйкес өзге де мақсаттарда пайдалануға болмайтын ұңғымаларды жоюға міндетті.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Кодексте көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы консервациялау жобасында белгіленген мерзімде жер қойнауы учаскесін консервациялауды аяқтауға міндетті.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі міндеттемелер жер қойнауын пайдаланушының немесе жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлғаның қаражаты есебінен орындалады. Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, міндеттемелер сомасы олар орындалғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушыға қамтамасыз ету қаражаты есебінен өтеледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Дайындық кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы өзінің технологиялық қажеттіліктеріне тұтынылатын немесе Кодекстің талаптарына сәйкес жағылатын көмірсутектерді қоспағанда, өзіне тиесілі, барлау кезеңінде өндірілген көмірсутектерді толық көлемде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жеткізуге міндетті.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдаланушылар мұнайды жеткізу графиктеріне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына, ал авариялық жағдайдың салдарынан мұнай өңдеу зауыты тоқталған жағдайда - одан тыс жерге де қайта өңдеуге жеткізуге міндетті.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Жер қойнауын пайдаланушы Кодекстің 146-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, шикі газды жағуға жол бермеуге міндетті.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Егер есептеу жөніндегі есебі Кодексте көзделген жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған көмірсутектер кен орнының бастапқы геологиялық қорлары жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр газдан асатын болса, Келісімшартқа Қосымшада Келісімшарт бойынша Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көрсетілген, Келісімшарттың осы бөлімінің міндеттемелеріне теңестірілетін қосымша міндеттемелердің бірі белгіленеді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелері ретінде ол бекіткен және Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған жобалау құжаттардың мынадай көрсеткіштерін сақтау белгіленеді:

- 1) пайдалану ұңғымалары торының тығыздығы;
- 2) әрбір пайдалану объектісі бойынша өндіруші және айдау ұңғымаларының арақатынасы;
- 3) кенжатындар бойынша өтемақы коэффициенті;
- 4) қабат және кенжар қысымының қанығу қысымына немесе конденсация қысымына арақатынасы;
- 5) қабат қысымының кенжар қысымына арақатынасы;
- 6) ұңғымалар бойынша газ факторының барынша жол берілетін шекті шамасы;
- 7) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - ҚР Энергетика министрінің 11.06.2018 № 233 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.
- 8) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - ҚР Энергетика министрінің 11.06.2018 №

233 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

9) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - ҚР Энергетика министрінің 11.06.2018 №

233 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген көрсеткіштердің мәндері жобалау құжаттарға сүйене отырып айқындалады.

39. Егер есептеу жөніндегі есебі Кодексте көзделген жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған көмірсутектер кен орнының бастапқы геологиялық қорлары жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр газдан асатын болса, Келісімшартқа Қосымшада Келісімшарт бойынша Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көрсетілген, Келісімшарттың осы бөлімінің міндеттемелеріне теңестірілетін қосымша міндеттемелердің бірі белгіленеді.

## **8-бөлім. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары**

**Ескерту. 8-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-параграф. Жалпы талаптар**

39. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік және экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

40. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған көмірсутек кен орнын игеру жобасына, сынамалап пайдалану жобасына сәйкес жүргізілуге тиіс.

41. Жобалау құжаттарында көзделмеген, сондай-ақ жобалау құжаттары болмаған кезде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

42. Жобалау құжаттарында көзделген көмірсутектерді өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу әдістері мен тәсілдері жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне сәйкес болуы тиіс.

43. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті операцияларды жүргізу үшін қажетті жобалау құжаттарының түрлері, құрамы және оларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 239 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17131 болып тіркелген) бекітілген Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларда белгіленеді.

44. Өндіруді жүзеге асыру кезінде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану бойынша

операцияларды жүргізудің анағұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға тиіс.

45. Өндіру жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне сәйкес базалық жобалау құжаттарында көзделмеген көмірсутектердің ысырабын болдырмайтын әдістермен және тәсілдермен жүргізілуге тиіс.

46. Мемлекеттің Қазақстан Республикасы заңдарының немесе шарттың негізінде басым құқықтарға ие тұлғаларды және ұйымдарды қоса алғанда, кез келген тұлғалар мен ұйымдар алдында стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдаланудың иеліктен шығарылатын құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді, стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді, сондай-ақ ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығарылатын, стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға арналған басым құқығы болады.

**Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

47. Келісімшарттың 48-тармағының ережелерін ескере отырып, көлік шығыстары мен көмірсутектерді өткізуге арналған шығындарды шегергенде, жер қойнауын пайдаланушы мәміле жасау кезінде мәміле жасау күніне қалыптасқан қолданатын бағадан аспайтын бағамен жер қойнауын пайдаланушы иеліктен шығаратын көмірсутектерді сатып алуға Қазақстан Республикасының басқа тұлғалар алдында басым құқығы болады.

Бұл ретте мемлекет өндірілген көмірсутектер көлемін сатып алуға басым құқықты іске асырған кезде жер қойнауын пайдаланушыдан сатып алынатын көмірсутектер көлемі өңірлердің қажеттіліктерін ескере отырып, мемлекеттің жалпы қажеттілігі негізге алына отырып және жер қойнауын пайдаланушы орналасқан өңірдің өндірген үлесіне өңірдегі және Қазақстан Республикасындағы көмірсутектер өндірудің жалпы көлемінен өндіру үлесіне барабар айқындалатын болады.

Сатып алынатын көмірсутектердің құнын төлеу теңгемен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдаланушы мәміле жасау кезінде қолданатын көмірсутектер бағасы туралы ақпарат болмаған жағдайда, көлік шығыстары мен көмірсутектерді өткізуге арналған шығындарды шегергенде, көмірсутектерді мемлекеттің сатып алуы бойынша мәміле жасалған күнге әлемдік нарықта қалыптасқан бағадан аспайтын баға қолданылады.

48. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және қойнауын пайдалану туралы заңнамасына және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес

Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі иеліктен шығарылатын шикі газды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылар өздері өндірген және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес оған тиесілі тауарлық газды сатып алуға басқа тұлғалар алдында басым құқығы бар.

49. Төтенше немесе әскери жағдай енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі көмірсутектердің бір бөлігін немесе барлық көмірсутектерді өз меншігіне алуға құқылы. Өз меншігіне алу төтенше немесе әскери жағдайдың толық қолданылу мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының қажеттіліктеріне қажетті мөлшерде жүзеге асырылуы мүмкін.

50. Қазақстан Республикасы өз меншігіне алған көмірсутектерді заттай нысанда немесе жер қойнауын пайдаланушы көлік шығыстары мен өткізуге жұмсалған шығындарды шегергенде, көмірсутектермен мәмілелер жасаған кезде қолданылатын бағалардан аспайтын бағалар бойынша теңгемен төлеу арқылы олардың құнын өтеуге кепілдік береді.

51. Кодекстің 77-бабы 3-тармағының 1) – 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган геологиялық ақпаратты оны жариялау немесе оған ашық қолжетімділік құқығын беру арқылы ашады.

52. Кодекстің 22-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде басқа адамдарға жер қойнауы учаскесінің аумағы шегінде еркін жүріп-тұруға, егер қауіпсіздіктің ерекше жағдайларына байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге кедергі келтірмесе, жалпы пайдаланудағы объектілерді және коммуникацияларды пайдалануға кедергі келтірмеуге міндеттенеді.

53. Жер қойнауын пайдаланушы жеңіл көмірсутектердің өндірілген кең фракциясын иеліктен шығаруға не процессингке беруге ниеттенген жағдайда, мұндай иеліктен шығаруды немесе процессингке беруді тек қана өндірістік қуаты Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан сұйытылған мұнай газын өндірушілер жүзеге асыруға тиіс.

## **2-параграф. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану**

54. Көмірсутектерді, оның ішінде теңізде өндіруді жүргізудің міндетті шарттары:

1) жер қойнауын қорғауды қамтамасыз ету;

2) жоғары технологияларды қолдану және жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесі негізінде жер қойнауын ұтымды және экономикалық жағынан тиімді пайдалану;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік және экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау;

4) өндірістік объектілерді шикі мұнай мен газ конденсатын есепке алу аспаптарымен жарақтандыру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

55. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының жай-күйіне мониторинг пен кен орнының игерілуіне бақылау жүргізілуін ұйымдастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

56. Мыналарды:

1) Кодекстің 146-бабында белгіленген жағдайларда және шарттармен жағылатын;

2) жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекіткен шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасында көзделген көлемде өзінің технологиялық мұқтаждарына пайдаланатын;

3) жер қойнауын пайдаланушы өзге тұлғаларға қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату мақсатында өткізетін шикі газ көлемдерін қоспағанда, өндірілетін шикі газдың толық көлемін қайта өңдемей көмірсутектерді өндіруге тыйым салынады.

**Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-параграф. Салық салу**

57. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу оларды төлеу бойынша міндеттеме туындаған сәтінде қолданыста болатын салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау жер қойнауын пайдаланушыны мемлекетте келісімшарт шеңберінен тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттеме туындаған күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемесін орындаудан босатпайды.

58. Келісімшарт жасалғанға дейін 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_ төлем тапсырмасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы төлеген қол қойылатын бонустың мөлшері \_\_\_\_\_ (соманы теңгемен көрсету қажет) құрайды.

### **4-параграф. Жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою және жер қойнауы учаскесін консервациялау**

Ескерту. 4-параграф жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою:

1) Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған жер қойнауы учаскесінде;

2) жер қойнауын пайдаланушы Кодексте көзделген тәртіппен мемлекетке қайтаруға ниет білдірген жер қойнауы учаскесінде (оның бөліктерінде) жүргізіледі.

59. Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауы банк салымының кепілімен қамтамасыз етіледі.

60. Өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету Кодексте айқындалған мөлшерде, мерзімдер мен тәртіппен қалыптастырылады.

Егер жер қойнауын пайдаланушыға байланысты емес себептер бойынша оларға берілген қамтамасыз ету Кодекстің талаптарына сәйкес келмесе немесе тоқтатылса, жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік алпыс күн ішінде осындай қамтамасыз етуді ауыстыруға міндетті. Егер көрсетілген мерзім ішінде мұндай ауыстыруды жер қойнауын пайдаланушы жүргізбесе, соңғысы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды дереу тоқтата тұруға міндетті. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қалпына келтіргеннен немесе қамтамасыз етуді ауыстырғаннан кейін ғана қайта бастауға жол беріледі.

61. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру кепілге қойылған банк салымы бойынша құқықтарды қайта ресімдеудің (берудің) сөзсіз негізі болып табылады.

62. Жер қойнауы учаскесін консервациялау Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және (немесе) Келісімшартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүргізіледі.

#### **5-параграф. Есепке алу және есептілік**

63. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды есепке алуды жүргізуге және мынадай есептерді:

1) геологиялық есепті;

2) лицензиялық-келісімшарттық талаптарды орындау туралы есепті;

3) сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер туралы, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есепті;

4) кадрлардағы елішілік құндылық туралы есепті;

5) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша шығыстар туралы есепті;

6) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есепті;

7) жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамы туралы есепті беруге міндеттенеді.

Үлгілік Келісімшарттың осы тармағының 1) тармақшасында көзделген есеп жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2018 жылғы 31 мамырдағы № 418 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17069 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ұсынылады.

Үлгілік Келісімшарттың осы тармағының 2) тармақшасында көзделген есеп құзыретті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) бекітілген нысанда және тәртіппен ұсынылады.

Үлгілік Келісімшарттың осы тармағының 3) – 7) тармақшаларында көзделген есептер көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) бекітілген нысандарда және тәртіппен ұсынылады.

**Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

64. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды адамдарына олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік міндеттерді орындаған кезде қажетті құжаттарды, ақпаратты беруге және жұмыс орындарына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) құзыретті органның жазбаша сұрау салуы бойынша осындай сұрау салуды алған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, жүргізілген жұмыстарды және жер қойнауын пайдалану бойынша шығыстарды растайтын құжаттаманы тексеру үшін ұсынуға;

3) құзыретті органға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 сәуірдегі № 255 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17009 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген және "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудитор болып табылатын тұлға растаған нысан бойынша Өндіруші салалар ашықтығының бастамалары стандартында көзделген есептілікті ұсынуға міндетті.

**Ескерту. 64-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



**6-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы және оларға салынатын ауыртпалық**

65. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы құзыретті органның рұқсатымен Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

66. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы Келісімшартқа өзгерістер енгізу арқылы жүргізіледі және тиісті толықтыру тіркелген күннен бастап жүзеге асырылған деп саналады.

67. Қазақстан Республикасының заңдарында сенімгерлік басқаруға беру туралы талап белгіленген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығын сенімгерлік басқаруға беруге тыйым салынған.

68. Жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесіне) ауыртпалық салу, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және Кодексте тыйым салынбаған, жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын ұйымдардың акцияларына (жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне) ауыртпалық салу Кодекстің 121-бабында белгіленген тәртіппен құзыретті орган беретін рұқсатпен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

69. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге алынған қарызды жер қойнауын пайдалану мақсатында не жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшартпен қарастырылған Қазақстан Республикасының аумағында кейіннен қайта бөлуді ұйымдастыру мақсатында жер қойнауын пайдаланушының өзі немесе жарғылық капиталында жер қойнауын пайдаланушының жүз пайыз қатысу үлесі бар еншілес ұйым пайдалануға тиіс.

**7-параграф. Мүлікке және ақпаратқа меншік құқығы**

70. Жер қойнауын пайдаланушы өндірген көмірсутектер және оларды өндіру барысында шығарылатын құрамдастар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

71. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін сатып алған мүлік жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

72. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кезде мүлікке меншік құқығының ауысу жағдайлары мен тәртібі, сондай-ақ жер қойнауы учаскесінің аумағынан мүлікті шығару жөніндегі құқықтар мен міндеттер Кодексте белгіленген.

73. Жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынған геологиялық ақпарат жеке меншікте болады (жеке геологиялық ақпарат).

Кодексте көзделген тәртіппен мемлекеттік органдарға ұсынылатын геологиялық есептілікте және өзге де құжаттамада қамтылатын жеке геологиялық ақпарат мемлекетке мерзімсіз иеленуге және пайдалануға беріледі.

74. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың және оның жеткізгіштерінің бар болуын, оны есепке алу мен сақтауды, сондай-ақ жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган өкілдерінің зерттеу немесе тексеру үшін оған кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы Кодекстің 75-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Келісімшарттың шеңберінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

75. Жер қойнауын пайдаланушы керндер, жыныстар мен минералдардың үлгілері, сынамалар, тас материалының коллекциялары, шлифтер, аншлифтер, минералдық ерітінділер мен ұнтақтар түріндегі геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге Кодекстің 75-бабында белгіленген тәртіппен зерттеу және талдау мақсатында ғана шығаруға құқылы.

76. Жер қойнауын пайдаланушының геологиялық ақпараттың сынамалар түріндегі табиғи жеткізгіштерін иеліктен шығаруы және (немесе) сынамаларды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығаруы Кодексте белгіленген тәртіппен жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

77. Жер қойнауын пайдаланушы өзіне тиесілі керндерді иеліктен шығаруды немесе жоюды жүргізуге ниеттенген жағдайда, ол осындай ниеті туралы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды бір айдан кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушыдан көрсетілген керндерді талапта көзделген мерзімде өз меншігіне өтеусіз беруді жазбаша талап етуге құқылы. Бұл мерзім бір айдан кем болмауға тиіс.

78. Жер қойнауының тиісті учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың болжалды аяқталуына дейін үш ай бұрын жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға өзінде бар далалық бақылау, сынамалау, сынамаларды талдау, геофизикалық қадағалауларды тіркеу журналдары, геологиялық ақпараттың бастапқы далалық деректерінің қағаз және электрондық жеткізгіштері немесе бұрғылау ұңғымаларының керндері туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

Осындай хабарламаны алғаннан кейін бір айдың ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушыдан аталған геологиялық ақпарат

жеткізгіштерін оның меншігіне тегін беруді жазбаша түрде талап етуге құқылы. Осы талап оны алған күннен бастап бір айдың ішінде орындалуы тиіс.

**8-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы учаскесі және мүлік**

79. Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою не кейіннен оны өзге тұлғаға беру үшін жер қойнауы учаскесіне консервациялау жүргізу шешімі туралы құзыретті органның хабарламасын алған жер қойнауын пайдаланушы:

1) дереу тоқтатылуы төтенше жағдайлардың туындау қаупімен байланысты операциялары қоспағанда, жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға міндетті. Мұндай операцияларды тоқтату хабарламаны алған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылуға тиіс;

2) Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жою немесе консервациялау жобасы бекітілгеннен және олардың сараптамаларының оң қорытындылары алынғаннан кейін Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жою немесе жер қойнауы учаскесін консервациялау бойынша жұмыстарды дереу бастауға міндетті;

3) хабарламаны алған күннен бастап алты ай ішінде жер қойнауы учаскесінен өзі өндірген көмірсутектерді, сондай-ақ өзінің меншігі болып табылатын жабдықты және өзге де мүлікті аумақтан алып кетуге құқылы. Көрсетілген мерзімде алып кетпеген жабдық пен өзге де мүлік Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жойылуға немесе консервациялауға жатады.

80. Құзыретті органның көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға сенімгерлік басқаруға жер қойнауы учаскесін беру жөніндегі шешімі туралы хабарламаны алған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы:

1) хабарламаны алған күннен бастап бір ай мерзімде жер қойнауы учаскесіндегі технологиялық процестің үздіксіздігін және өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жабдықты және өзге де мүлікті жаңа жер қойнауын пайдаланушыға мүлікті бергенге дейінгі мерзімге көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына беруге міндетті.

Бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы болмаған не ол көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға мүлікті беруден жалтарған жағдайда, құзыретті орган мұндай мүлікке қатысты оның сенім білдірілген тұлғасы ретінде әрекет етеді және берілетін мүліктің жай-күйі туралы нұсқауды көздейтін тізбені қамтитын акт бойынша оны көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға береді.

2) хабарламаны алған күннен бастап алты айдың ішінде жер қойнауы учаскесінен өзі өндірген көмірсутектерді, сондай-ақ осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, өзінің меншігі болып табылатын жабдықты және өзге де мүлікті аумақтан алып кетуге құқылы.

## **9-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылау**

81. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 26 сәуірдегі № 142 бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдер шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16893 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырады.

82. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауына мониторингті құзыретті орган Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы ұсынған есептерді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де көздерден алынған мәліметтерді талдау арқылы жүзеге асырады.

## **10. Жер қойнауын пайдаланушының жауаптылығы**

83. Кодекске сәйкес Келісімшарттың 8-тарауында көзделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттарының, сондай-ақ өзге де Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке алып келеді.

**Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

84. Жер қойнауын пайдаланушы үлгілік Келісімшарттың 7-бөлімінде көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін, жауапкершіліктің келесі түрлері көзделеді:

1) тиісті мөлшерде тұрақсыздық айыбы:

"Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті жылдың 1 қаңтарына белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) белгіленген мөлшеріне;

есепті кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасының пайыздарына;

бұзушылық сомасының пайыздарына;

2) Кодекстің 106-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылатын құзыретті органның бір жақты тәртіппен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын мерзімнен бұрын бұзуы.

Бұл ретте тұрақсыздық айыбын төлеу жер қойнауын пайдаланушыны тиісті міндеттемені орындаудан босатпайды.

**Ескерту. 84-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

85. Құзыретті орган Келісімшарт талаптарының жол берілген бұзушылықтары туралы, сондай-ақ белгіленген мерзімде оның тұрақсыздық айыбын төлеу және (немесе) осындай бұзушылықты жою жөніндегі міндеттері туралы мынадай:

1) Келісімшартта белгіленген қаржылық міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушы есепті жыл үшін отыз пайыздан кем орындаған;

2) қамтамасыз ету мөлшерін қалыптастырудың белгіленген графигіне сәйкес не графикті бұза отырып, жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз етуді ұсынбай жер бетінің тұтастығын бұзумен байланысты көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізген;

3) жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарттың 7-тарауында белгіленген міндеттемелерін бұзған өзге де жағдайларда жер қойнауын пайдаланушыны жазбаша түрде хабардар етеді.

**Ескерту. 85-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

86. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелердің физикалық көлемі бойынша Келісімшарт талаптарын бұзушылықтарды жою мерзімі жазбаша хабарлама алынған күннен бастап – алты айдан, Келісімшарттың 85-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген міндеттемелер бойынша – үш айдан, Келісімшарттың 7-бөлімінде көзделген өзге де міндеттемелер бойынша бір айдан аспауға тиіс.

**Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

87. Жер қойнауын пайдаланушы жасаған бұзушылықтарды хабарламада көрсетілген мерзімде жоюға және бұл туралы Құзыретті органға жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

88. Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген міндеттемелерді бұзуды жою мерзімін ұзартудың себептерін негіздей отырып, осындай ұзарту туралы ұсыныс жіберуге құқылы. Жасаған бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы ұсынысты қарау нәтижелері бойынша Құзыретті орган оны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыны мерзімді ұзартуға келісетіні туралы хабардар етеді немесе мұндай ұзартудан уәжді бас тартуын ұсынады.

89. Келісімшартта көзделген міндеттемелердің бұзушылықтарын Келісімшарттың 86-тармағында айқындалған мерзімде жоюдың мүмкін еместігі анық болған жағдайда, Құзыретті орган осындай бұзушылықты жою мүмкін болатын өзге мерзімді белгілеуге құқылы.

90. Жер қойнауын пайдаланушы өзі қабылдаған мынадай міндеттемелерді орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін:

1) жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін есепті кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасының 10 % мөлшерінде;

2) тиісті жылдың кез келген есепті тоқсанында кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін – 2000 АЕК мөлшерінде, бірақ жылына бір реттен артық емес;

3) Келісімшартта көзделген қаржылық міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін есепті кезеңде орындалмаған міндеттеме сомасының 10% мөлшерінде тұрақсыздық төлемі ретінде жауап береді;

4) Келісімшарттың 35-тармағына сәйкес графиктерде белгіленген көлемде мұнайды Қазақстан Республикасының аумағына және одан тыс жерге қайта өңдеу үшін жеткізу жөніндегі міндетті орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін – 10 000 АЕК мөлшерінде;

5) жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оның мердігерлерінің Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың тәртібін сақтау жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін – мынадай түрде жасалған бұзушылық сомасының 5% мөлшерінде:

көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінде көзделмеген тәсілдермен, яғни сатып алу тәсілін таңдау тәртібінің талаптарын бұза отырып, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

конкурстық құжаттаманы көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінің талаптарын бұза отырып жасау;

әлеуетті жеткізушілерге көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінде көзделмеген талаптарды белгілеу;

әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін негізсіз түрде қабылдамау және/немесе негізсіз түрде қатыстыру;

көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінің талаптарын бұза отырып шарт жасасу;

көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінің талаптарын бұза отырып, бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

Ескертпе: Келісімшарт жасасу кезінде дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын ұлттық басқарушы холдинг тікелей немесе жанама иеленетін заңды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларға осы тармақша қолданылмайды;

6) Келісімшарттың 22 және 63-тармақтарына сәйкес бағдарламаларды, ақпаратты және есептерді ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін – 100 АЕК мөлшерінде;

7) төмендегі тармақтарға сәйкес хабарламаларды жолдамағаны немесе уақтылы жолдамағаны үшін:

Келісімшарттың 25-тармағына сәйкес – 5000 АЕК мөлшерінде;

Келісімшарттың 17 және 26-тармақтарына сәйкес – 2000 АЕК мөлшерінде;

8) Келісімшарттың 38-тармағында көрсетілген жобалау құжаттары көрсеткіштерінің бірін орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін – егер Келісімшарт бойынша бастапқы геологиялық қорлар жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан аспаса – 10 000 АЕК немесе егер келісімшарт бойынша бастапқы геологиялық қорлар жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан асатын болса 20 000 АЕК.

Ескертпе: егер Келісімшарт бойынша бастапқы геологиялық қорлар болса:

жүз миллион тонна мұнай немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан аспайтын айыппұл 10 000 АЕК мөлшерінде белгіленеді;

бастапқы геологиялық қорлардың жүз миллион тонна мұнайынан немесе елу миллиард текше метр табиғи газынан асатын айыппұл мөлшері 20 000 АЕК мөлшерінде белгіленеді.

**Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

91. Құзыретті орган Келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатады мына жағдайларда:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметке тыйым салу туралы сот шешімі күшіне енген;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған тиісті жобалау құжаттарынсыз көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілген;

3) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге алып келген, Кодекстің 44-бабының 1-тармағының талаптары бұзылған жағдайларда.

92. Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушы белгіленген мерзімде жоймаған кезде Келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы:

1) Кодекстің 133-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген бұзушылықтардың біреуін;

2) Келісімшарттың 7-тарауында белгіленген өзге де міндеттемелерді екіден артық бұзу.

**Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

93. Жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттардың талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган осы талаптардың бұзылғандығын білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш жыл ішінде жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы мерзімнің және оны есептеу тәртібінің өзгеруіне әкелмейді.

## **11. Еңсерілмейтін күш**

94. Келісімшарт бойынша қандай да болмасын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық немесе тиісінше орындамаушылық еңсерілмейтін күшке байланысты болса, Тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

95. Еңсерілмейтін күштің мән-жайларына мынадай мән-жайдың жағдайлары кезіндегі төтенше және күтпеген жағдайлар жатады, мысалы: әскери жанжалдар, табиғи апаттар, табиғи зілзалалар (өрт және т.б.). Келтірілген тізбе толық болып табылмайды.

96. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, одан зардап шегуші Тарап бұл туралы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны тапсыру немесе поштамен жіберу арқылы екінші Тарапқа дереу хабарлайды.

97. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешімін іздеу үшін дереу кеңес өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

98. Егер жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңсерілмейтін күш мән-жайларының дәлелдерін ұсынса, Құзыретті орган Келісімшарттың қолданылу мерзімін еңсерілмейтін күш мән-жайларының мерзіміне ұзартады.

## **12-бөлім. Құпиялылық**



99. Келісімшартты орындау процесінде Тараптар алған немесе иеленген ақпарат құпия болып табылады және Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қорғалуға тиіс. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті есептерді құрастыру үшін құпия ақпаратты пайдалана алады.

100. Тараптардың екінші тараптың келісімінсіз мынадай:

1) егер бұл ақпарат сотта талқылауын жүргізу барысында пайдаланылған жағдайды;  
2) жер қойнауын пайдаланушыға қызмет көрсететін үшінші тұлға құпия ақпаратты құпия ретінде қарауға және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана және Тараптар белгіленген мерзімде қолдануға міндеттеме алған жағдайда, бұл ақпарат осындай үшінші тұлғаларға ұсынылған жағдайды;

3) ақпарат жер қойнауын пайдаланушы қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

4) ақпарат Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауы барысында берілген жағдайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларды қоспағанда, құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

101. Егер Кодексте немесе Тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, осы бөлімде көзделген құпиялылық туралы ережелер үлгілік Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

102. Елішілік құндылық бөлігінде келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына қатысты, жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлауы және өткізуі туралы, қазақстандық мамандарды оқытуға арналған шығыстар туралы және Қазақстан Республикасының аумағында ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, сондай-ақ өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту мен оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар көлемдері туралы ақпарат құпия болып танылмайды.

**Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **13-бөлім. Дауларды шешу тәртібі**

103. Келісімшартты жүзеге асырумен, өзгертумен немесе тоқтатумен байланысты даулар келіссөздер жүргізу (дауларды сотқа дейін реттеу) арқылы шешіледі.

104. Құзыретті орган Кодекске және Келісімшартқа сәйкес жіберетін хабарламалар дауларды сотқа дейін реттеу ретінде танылады.

105. Егер жүзеге асырумен, өзгертумен немесе тоқтатумен байланысты даулар келіссөздер арқылы алты ай ішінде шешілмейтін болса, онда осындай даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

#### **14-бөлім. Келісімшартты өзгерту және оның қолданысын тоқтату**

106. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар Кодекстің 37-бабында белгіленген тәртіппен және шарттармен жасалатын Келісімшартқа толықтырумен мына жағдайларда ресімделеді:

Толықтыру Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Келісімшартқа Толықтырулар құзыретті органда тіркелуге тиіс.

107. Өз қолданысын Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін сақтайтын Келісімшарттың 30, 33, 80 және 81-тармақтарында көзделген ережелерді қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы Келісімшартты жасасу күніне Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен тоқтатылады.

108. Құзыретті орган осы Кодексте көзделген негіздер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

109. Келісімшарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылады, ал Келісімшартта бекітілген бекітілген жер қойнауы учаскесі мемлекетке қайтарылған болып табылады.

#### **15-бөлім. Қорытынды ережелер**

110. Келісімшарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

111. Жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы бойынша мәмілелерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

112. Келісімшарт қазақ және орыс тілдерінде тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде бір-бір данадан жасалған. Барлық даналары бірдей.

113. Тараптардың келісімі бойынша Келісімшарт мәтіні басқа тілге аударылуы мүмкін.

114. Тараптар қазақ және (немесе) орыс тілдерінің қарым-қатынас тілдері ретінде қолданылатындығы туралы уағдаласады

115. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасалады.

116. Тараптар жазбаша нысанда жасалатын хабарламалар және (немесе) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарияланымдар арқылы, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органның интернет-ресурсында жариялау арқылы қазақ және орыс тілдерінде хабардар етіледі.

117. Келісімшарт бойынша пошталық мекенжай өзгерген кезде Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа жеті күннің ішінде жазбаша хабарлама ұсынуға міндетті. Осы тармақта көзделген талапты орындамаған Тарап басқа Тараптан хабарламаларды алмағандығына сілтеу құқығынан айырылады.

118. Келісімшартқа барлық қосымшалар оның құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Қосымшалардың ережелері және Келісімшарттың арасында қандай да ауытқушылықтар болған жағдайда, Келісімшарттың ережелері басым күшке ие болады.

119. Келісімшартта пайдаланылатын анықтамалар мен терминдер олар үшін Кодексте және (немесе) тиісті нормативтік құқықтық актілерде айқындалған мағыналарға ие.

120. Келісімшартта реттелмеген Тараптардың қарым-қатынастары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

121. Осы Келісімшартты 20\_\_ жылғы \_\_ (айының) \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ қаласында (Қазақстан Республикасы) Тараптардың уәкілетті өкілдері жасасты.

122. Тараптардың заңды мекенжайлары және қолдары:

Көмірсутектерді өндіруге  
арналған үлгілік келісімшартқа  
№ 1-қосымша

## Қосымша міндеттемелер

**Ескерту. Үлгілік келісімшарт 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Атауы	Сипаттамасы	Іске асыру мерзімі	Құны теңгемен
-------	-------------	--------------------	---------------

Көмірсутектерді өндіруге  
арналған Үлгілік  
келісімшартқа  
№ 2-қосымша

## Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) кеңістіктік шекаралары

**Ескерту. Үлгілік келісімшарт 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Өңір атауы.

Жер қойнауы учаскесінің атауы.

Жер қойнауы учаскесінің бұрыштық координаттары.

Көмірсутектерді өндіруге  
арналған үлгілік  
келісімшартқа  
№ 3-қосымша

## Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемелері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Атауы	Сипаттамасы	Іске асыру мерзімі	Құны теңгемен
-------	-------------	--------------------	---------------

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 11 маусымдағы  
№ 233 бұйрығына  
3-қосымша

## УРАН ӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ҮЛГІЛІК КЕЛІСІМШАРТ

Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын, құзыретті орган ретінде  
Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін

---

(мемлекеттік органның атауы)  
және

---

(заңды тұлғаның атауы. Егер Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушылар  
екі

немесе одан көп тұлғалар болса, онда әр заңды тұлғалардың аты-жөні мен  
әрқайсысына

тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесінің мөлшері көрсетіледі)  
(бұдан әрі – жер қойнауын пайдаланушы) арасындағы Уран өндіруге арналған  
келісімшарт. Тараптар осы уранды өндіруге арналған келісімшартқа

---

(келісімшартты жасасу үшін негіз болып табылатын Құзыретті органның уран  
саласындағы ұлттық компанияға жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы  
шешіміне) сәйкес 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қойды.

## Мазмұны

Кіріспе

- 1-бөлім. Келісімшарттың мәні
  - 2-бөлім. Келісімшарттың қолданылу мерзімі
  - 3-бөлім. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары
  - 4-бөлім. Құзыретті органның құқықтары
  - 5-бөлім. Құзыретті органның міндеттері
  - 6-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары
  - 7-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері
  - 8-бөлім. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары
  - 1-параграф. Жалпы талаптар
  - 2-параграф. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану
  - 3-параграф. Салық салу
  - 4-параграф. Жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою және жер қойнауы учаскесін консервациялау
  - 5-параграф. Есепке алу және есептілік
  - 6-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы және оларға салынатын ауыртпалық
  - 7-параграф. Мүлікке және ақпаратқа меншік құқығы
  - 8-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы учаскесі және мүлік
  - 9-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылау
  - 10-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының жауаптылығы
  - 11-бөлім. Еңсерілмейтін күш
  - 12-бөлім. Құпиялылық
  - 13-бөлім. Дауларды шешу тәртібі
  - 14-бөлім. Келісімшартты өзгерту және оның қолданысын тоқтату
  - 15-бөлім. Қорытынды ережелер
- Уранды өндіруге арналған келісімшартқа қосымшалар:  
Қосымша – Жер қойнауы учаскесінің кеңістікті шекаралары

## **Кіріспе**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 1) тармақшасының орыс тіліндегі редакциясына өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес жер қойнауы Қазақстан Республикасының халқына тиесілі, халықтың атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асыратындығын;

2) Қазақстан Республикасы жер қойнауы учаскесін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) көзделген негіздермен, талаптармен және шекте пайдалануға беретіндігін;

3) жер қойнауын пайдаланушыда жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді ұтымды және тиімді барлауды және өндіруді жүргізу ниеті, қаржылық және техникалық мүмкіндіктерінің болуын;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органды белгілегендігін және оған Келісімшартты жасасу және орындау құқығын бергендігін;

5) жер қойнауын пайдалану Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

6) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мазмұны, орындалуы және тоқтатылуы тәртібі Кодексте сәйкес айқындалатын шарт болып табылады;

7) Қазақстан Республикасы құзыретті орган атынан және жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы уағдаласқандығын назарға ала отырып,

Қазақстан Республикасы құзыретті орган атынан және жер қойнауын пайдаланушы төмендегілер туралы уағдаласады:

### **1-бөлім. Келісімшарттың мәні**

1. Құзыретті орган Қазақстан Республикасы атынан жер қойнауын пайдаланушыға Келісімшартта белгіленген мерзімге жер қойнауын пайдалану құқығын береді, ал жер қойнауын пайдаланушы өз есебінен және тәуекелімен Келісімшарттың талаптарына және Кодекске сәйкес жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығы Келісімшарт күшіне енген күннен бастап туындайды.

3. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ережелерді және Келісімшарттың ережелерін сақтаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде кез келген уранды өндіруді жүзеге асыруға құқылы.

### **2-бөлім. Келісімшарттың қолданылу мерзімі**

4. Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген Келісімшарттың қолданылу мерзімі онда біртіндеп бекітілген тәжірибелік-өнеркәсіптік кезеңімен және өндіру кезеңімен белгіленеді.

5. Келісімшарт \_\_\_\_ жылға тең мерзімге жасалған және \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
\_\_ дейін қолданылады.

Ескертпе: келісімшартты жасасу кезінде уран саласындағы ұлттық компаниямен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасу туралы Құзыретті органның шешімі негізінде тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңінің ұзақтығы көрсетіледі.

Кейінгі ұзартулар кезінде Келісімшарттың 5-тармағында, Келісімшарттың қолданылу мерзімінен басқа, өндіру кезеңінің ұзақтығы көрсетіледі.

Келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталу күнін Құзыретті орган Келісімшартты (Келісімшартқа толықтыруды) тіркеу кезінде енгізеді.

6. Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңі аяқталмай жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға өндіру кезеңін бекіту немесе жер қойнауы учаскесін қайтару туралы өтініш білдіреді. Келісімшарттың мерзімі аяқталғанға дейін өндіру кезеңі бекітілмеген жағдайда келісімшарт қолданысын тоқтатады.

7. Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген Келісімшарттың қолданылу мерзімі Келісімшарт жасалған күніне Кодексте белгіленген жағдайларда, тәртіппен және талаптармен Тараптардың Келісімшартқа қосымшаны жасасуы арқылы өндіру кезеңіне ұзартылуы мүмкін:

- 1) өндіру кезеңін бекіту кезінде;
- 2) өндіру кезеңінің ұзартылуы кезінде.

8. Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген Келісімшарттың қолданылу мерзімі Тараптардың Келісімшартқа қосымшаны жасасуы немесе жер қойнауы учаскесі бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру немесе өндіру кезеңі (кезеңдері) ұзартылған жағдайда оны жаңа редакцияда жазу арқылы Кодексте ұзарту күніне белгіленген тәртіппен және талаптармен ұзартылуы мүмкін.

Егер Келісімшарт өзінің ұзартылу күніне Құзыретті орган бекітетін уран өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін болса, өндіру кезеңін ұзарту кезінде жер қойнауын пайдаланушы мен Құзыретті орган арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдың ішінде өндіру кезеңін ұзартуды және жер қойнауын пайдаланушының Кодекстің 173-бабының 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жұмыс бағдарламасын орындау жөніндегі міндеттемесін көздейтін үлгілік Келісімшартқа қосымша жасалады.

Егер Келісімшарт ұзартылу күніне Құзыретті орган бекітетін уран өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келмейтін болса, өндіру кезеңін ұзарту кезінде жер қойнауын пайдаланушы және Құзыретті органның арасында уран өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген жаңа редакциядағы уран өндіруге арналған келісімшарт жасалады.

9. Келісімшарттың шеңберінде уран өндіру кезеңі кемінде жиырма жыл мерзімге белгіленген жағдайда, онда өндіру кезеңін ұзарту кезінде Келісімшарттың талаптары

осындай ұзарту күніне әрекет ететін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілуге тиіс.

10. Келісімшарт құзыретті органда мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

11. Ұзарту мерзімі, егер тараптар өзге мерзімді келіспесе, тиісті қосымша тіркелген күннен бастап есептеледі.

### **3-бөлім. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары**

12. Жер қойнауын пайдаланушы уран өндіру жөніндегі операцияларды Келісімшартқа 1-қосымшада көрсетілген жер қойнауы учаскесінің кеңістікті шекаралары шегінде орындайды.

13. Жер қойнауы учаскесін түрлендіру Келісімшартқа қосымша жасау арқылы Кодексте белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізіледі.

14. Жер қойнауы учаскесін немесе оның бөлігін қайтару Кодексте белгіленген тәртіппен, Келісімшартқа қосымша жасау арқылы жүзеге асырылады.

### **4-бөлім. Құзыретті органның құқықтары**

15. Құзыретті орган:

1) Кодекстің 163-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен Келісімшарттың қолданысын мерзімнен бұрын тоқтатуға;

2) Кодекстің 163-бабында көзделген тәртіппен Келісімшарт талаптарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды талап етуге;

3) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 26 сәуірдегі № 142 бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдер талаптарының сақталуына бақылауды жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16893 болып тіркелген) сәйкес белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

### **5-бөлім. Құзыретті органның міндеттері**

16. Жер қойнауын пайдаланушы Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Келісімшартта белгіленген ережелерді орындаған жағдайда, Құзыретті орган Келісімшарт жасасу күніне Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, тәртіппен және талаптармен:

1) Келісімшарттың қолданылу мерзімін өндіру кезеңі бекітілген жағдайда ұзартуға;

2) жер қойнауы учаскесін түрлендіруді жүзеге асыруға міндеттенеді.

### **6-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары**



17. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және Келісімшартта көзделген ережелерді сақтаған кезде, жер қойнауын пайдаланушы:

1) кәсіпкерлік мақсатта бөлінген жер қойнауы учаскесінің шегінде жер қойнауын өтеулі негізде пайдалануға;

2) жер қойнауы учаскесінің аумағында, ал қажет болғанда жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен ұсынылған басқа жер учаскелерінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салуға, сондай-ақ шарттардың негізінде жер қойнауы учаскесіндегі әрі оның шегінен тыс жердегі баршаға ортақ объектілерді және коммуникацияларды пайдалануға;

3) Келісімшарт бойынша операторды тағайындауға;

4) Кодексте белгіленген тәртіппен және талаптармен өндіруге арналған бүкіл учаскені қайтару арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға;

5) тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңінде кен орнын игеру жобасын әзірлеу, бекіту және Кодексте белгіленген сараптамалардан өткізуді, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында көзделген сараптамалардан оң қорытынды алған тәжірибелік-өнеркәсіптік жобаға сәйкес жер қойнауы учаскесінде уранды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді жүзеге асыруға;

6) өндіру кезеңінде уранды өндіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында көзделген сараптамалардан оң қорытынды алған кен орнын игеру жобасына сәйкес уран кен орнының геологиялық құрылымын және қорларын нақтылау мақсатында өндіру учаскесін жете зерттеуге;

7) өндіру кезеңін бекітуге өтініштер беруге;

8) өндіру кезеңін ұзартуға өтініштер беруге;

9) жер қойнауы учаскесін түрлендіруге өтініштер беруге;

10) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын сақтаған жағдайда, Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес суды пайдалануға арнайы рұқсатты алмай, жер қойнауы учаскесі шегінде уранды және өнімділік ерітінділерден алынған құрамында пайдалы компоненттері бар басқа да пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте минералдық шикізатты шығару жөніндегі операцияларға байланысты жерасты сілтісіздендіру тәсілі кезінде жер бетіне шығарылған өнімділік ерітінділер, егер осы ерітінділер олардан уран және басқа да ілеспе пайдалы қазбалар алынғаннан кейін сол көлемде жер қойнауына айдалса, жерасты суларын өндіруге жатпайды;

11) Кодекстің 28-1-бабына сәйкес жергілікті өндірушілерді қолдауға бағытталған уран өндіру саласындағы кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді ерікті негізде жасасуға құқылы.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның Келісімшарттың қолданысын мерзімнен бұрын тоқтатуының заңдылығымен оның тиісті хабарлама алған күнінен бастап екі айдың ішінде сотта келіспеуге құқылы.

**Ескерту. Орыс тіліндегі мәтін 18-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **7-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері**

19. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесін Келісімшартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға міндетті.

19-1. Келісімшарттың 5-тармағында белгіленген келісімшартты қолданылу мерзімі аяқталған кезде, технологиялық объектілерді консервациялауға немесе жоюға және жер қойнауын пайдаланудың салдарларына байланысты операцияларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі кез келген операцияларды тоқтатуға міндетті.ЗҚАИ-ның ескертпесі!

**Ескерут. Келісімшарт 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде жұмыстарды дереу тоқтатуға және бұл туралы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

21. Өндіру кезеңі ішінде, екінші жылдан бастап жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 185 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 211 бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17020 болып тіркелген) бекітілген Алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді және ( немесе) уранды өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы

мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру қағидаларына сәйкес алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының уран өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 222 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 244 бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17096 болып тіркелген) бекітілген Жер қойнауын пайдаланушының алдыңғы жылы өндіруге арналған шығыстарының бір пайызы мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру қағидаларына сәйкес алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының уран өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

3) алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша уран өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшарт бойынша инвестициялардың бір пайызы мөлшерінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамыту шығыстарын қаржыландыруға жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымы объектілерін дамытуға және қолдауға арналған шығыстары, сондай-ақ осы мақсаттарда оның мемлекеттік бюджетке аударатын қаражаты жатады.

Белгіленген минимумнан асатын, осы тармаққа сәйкес жүзеге асырылған қаржыландыру көлемі жер қойнауын пайдаланушының тиісті міндеттемелерін орындауы есебіне келесі жылы ескеріледі.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларды, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдинг иеленетін жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы және оның мердігерлері уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 196 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17122 болып тіркелген) бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылардың

және олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23. Жер қойнауын пайдаланушы уран өндіру саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 168 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17016 болып тіркелген) бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) және орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларының нысандарын және оларды ұсыну қағидаларына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі оператор тартылған жағдайда, оның ақылы көрсетілетін қызметтерін жоспарлы сатып алуы туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Жер қойнауын пайдаланушы Кодексте және Келісімшарттың 51-тармағында көзделген есептерді ұсынуға міндетті.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы қазақстандық кадрларға артықшылық беруге міндетті. Кадрлардағы елішілік құндылықтың ең аз үлесі басшылар мен олардың орынбасарлары бойынша \_\_%, құрылымдық бөлімшелер басшылары бойынша \_\_%, мамандар бойынша \_\_%, білікті жұмысшылар бойынша \_\_% құрауға тиіс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоратившілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын басшылардың, менеджерлердің және мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылардың, менеджерлердің және мамандардың жалпы санының елу пайызынан аспауға тиіс. Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 193 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17021 болып тіркелген) бекітілген Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Жер қойнауын пайдаланушы тартылған қазақстандық персонал үшін шетелдік персоналмен салыстырғанда тең еңбек жағдайларын, оның ішінде еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін сатып алынатын тауарлардағы елішілік құндылық үлесі күнтізбелік жыл ішінде сатып алынған тауарлардың жалпы көлемінің \_\_\_\_\_ пайызынан кем болмауға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы қазақстандық персонал үшін жыл сайынғы жалақыны уәкілетті ұйым жариялайтын инфляция деңгейінен төмен емес индекстеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде сатып алынатын жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 124 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16851 болып тіркелген) сәйкес Басым жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша елішілік құндылық үлесі күнтізбелік бір жыл ішінде сатып алынған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің кемінде елу пайызын құрауға тиіс.

Тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылықтың үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органды жер қойнауын пайдаланушының қызметін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамының өзгергені туралы осындай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Жер қойнауын пайдаланушы осындай жер қойнауын пайдалану құқығын берген мемлекеттік органға жер қойнауын пайдалану жөніндегі оператордың өкілеттіктерінің тоқтатылғандығы туралы дереу хабарлауға міндетті.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 22 мамырдағы № 200 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17094 болып тіркелген) бекітілген Көмірсутектерді барлауды және өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде консервациялау және жою қағидаларында және Келісімшарттың 8-бөлімінің 4-параграфында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын өз қаражаты есебінен жоюға міндетті. Келісімшарттың қолданылу мерзімінің тоқтатылуы жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерінің тоқтатылуына әкелмейді.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31. Жер қойнауын пайдаланушы жою бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті. Мұндай қамтамасыз етуді ұсыну жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындаудан босатпайды.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Егер жер қойнауын пайдаланушы ұсынған қамтамасыз ету онымен байланысты болмайтын себептермен Кодекстің талаптарына сәйкес келмейтін болып қалса немесе тоқтатылса, жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік алпыс күннің ішінде мұндай қамтамасыз етуді ауыстыруға міндетті. Егер көрсетілген мерзім ішінде жер қойнауын пайдаланушы осындай ауыстыруды жүргізбеген болса, ол жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тез арада тоқтата тұруға міндетті. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қайта бастауға қамтамасыз етуді қалпына келтіргеннен немесе ауыстырғаннан кейін ғана жол беріледі.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Кодексте көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы консервациялау жобасында белгіленген мерзімде жер қойнауы учаскесін консервациялауды жүргізуге міндетті.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Кодексте көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы консервациялау жобасында белгіленген мерзімде жер қойнауы учаскесін консервациялауды жүргізуге міндетті.

## **8-бөлім. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары**

Ескерту. 8-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-параграф. Жалпы талаптар**

34. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік және экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

35. Уран өндіру жөніндегі операциялар жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодексте көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру және (немесе) кен орнын игеру жобасына сәйкес жүргізілуге тиіс.

36. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті операцияларды жүргізу үшін қажетті жобалау құжаттарының түрлері, құрамы және оларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 239 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17131 болып тіркелген) бекітілген Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларымен айқындалады.

37. Мемлекеттің Қазақстан Республикасы заңдарының немесе шарттың негізінде басым құқықтарға ие тұлғаларды және ұйымдарды қоса алғанда, кез келген тұлғалар мен ұйымдар алдында стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдаланудың иеліктен шығарылатын құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті), стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді, сондай-ақ ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығарылатын, стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға арналған басым құқығы болады.

38. Кодексте көзделген жағдайларда жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік органдар Кодекске сәйкес алған геологиялық есептердегі және басқа

құжаттамадағы геологиялық ақпаратты оны жариялау немесе оған ашық қолжетімділік құқығын беру арқылы ашуға құқылы.

39. Кодекстің 24-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде басқа адамдарға жер қойнауы учаскесінің аумағы шегінде еркін жүріп-тұруға, егер қауіпсіздіктің ерекше жағдайларына байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге кедергі келтірмесе, жалпы пайдаланудағы объектілерді және коммуникацияларды пайдалануға кедергі келтірмеуге міндеттенеді.

## **2-параграф. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану**

40. Мыналар:

1) жер қойнауын қорғауды қамтамасыз ету;

2) жоғары технологияларды қолдану және жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесі негізінде жер қойнауын ұтымды және экономикалық жағынан тиімді пайдалану, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерін төмендету;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік және экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау уранды өндіруді жүргізудің міндетті шарттары болып табылады.

41. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының жай-күйіне мониторинг пен кен орнының игерілуіне бақылау жүргізілуін ұйымдастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

## **3-параграф. Салық салу**

42. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу оларды төлеу бойынша міндеттеме туындаған сәтіне қолданыста болатын салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау жер қойнауын пайдаланушыны мемлекетте келісімшарт шеңберінен тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттеме туындаған күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемесін орындаудан босатпайды.

43. Келісімшарт жасалғанға дейін 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_ төлем тапсырмасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы төлеген қол қойылатын бонустың мөлшері \_\_\_\_\_ (соманы теңгемен көрсету қажет) құрайды.

## **4-параграф. Жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою және жер қойнауы учаскесін консервациялау**



44. Жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою:

1) Кодекстің 164-бабы 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған жер қойнауы учаскесінде;

2) жер қойнауын пайдаланушы Кодекстің 170-бабында көзделген тәртіппен мемлекетке қайтаруға ниет білдірген жер қойнауы учаскесінде (оның бөліктерінде) жүргізіледі.

45. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдаланудың салдарларын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауы банк салымының кепілімен қамтамасыз етіледі.

46. Өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ететін, кепіл нысанасы болып табылатын банк салымы Кодексте белгіленген тәртіппен қалыптастырылады.

47. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру кепілге қойылған банк салымы бойынша құқықтарды қайта ресімдеудің (берудің) сөзсіз негізі болып табылады.

48. Жер қойнауы учаскесін консервациялау Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүргізіледі.

#### **5-параграф. Есепке алу және есептілік**

49. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды есепке алуды жүргізуге және мынадай есептерді:

1) геологиялық есепті;

2) геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар мен минералдық қорлары туралы жария есептілігінің қазақстандық кодексіне (KAZRC кодексі) сәйкес дайындалған құзыретті тұлғаның қорлар бойынша есебін;

3) келісімшарттық талаптарды орындау туралы есепті;

4) уранды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру бойынша жүргізілген операциялар, оларға жұмсалған шығыстар туралы есепті;

5) уранды өндіру бойынша жүргізілген операциялар және оларға жұмсалған шығыстар туралы есепті;

6) кадрлардағы елішілік құндылық туралы есепті;

7) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша шығыстар туралы есепті;

8) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығыстар туралы есепті;

9) уран өндіру бойынша есепті;

10) сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есепті;

11) жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есепті ұсынуға міндетті.

Үлгілік Келісімшарттың осы тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген есеп жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы 2018 жылғы 31 мамырдағы № 418 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17069 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ұсынылады.

Үлгілік Келісімшарттың осы тармағының 3) – 5) тармақшаларында көзделген есептер құзыретті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) бекітілген нысанда және тәртіппен ұсынылады.

Үлгілік Келісімшарттың осы тармағының 6) – 11) тармақшаларында көзделген есептер уран өндіру саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) бекітілген нысандарда және тәртіппен ұсынылады.

**Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

50. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды адамдарына олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік міндеттерді орындаған кезде қажетті құжаттарды, ақпаратты беруге және жұмыс орындарына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) құзыретті органның жазбаша сұрау салуы бойынша осындай сұрау салуды алған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, жүргізілген жұмыстарды және жер қойнауын пайдалану бойынша шығыстарды растайтын құжаттаманы тексеру үшін ұсынуға;

3) құзыретті органға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 сәуірдегі № 255 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17009 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген және "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудитор болып табылатын тұлға растаған нысан бойынша Өндіруші салалар ашықтығының бастамалары стандартында көзделген есептілікті ұсынуға міндетті.

**Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**6-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы және оларға салынатын ауыртпалық**

51. Жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) тек уран саласындағы ұлттық компанияға және/немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы уран саласындағы ұлттық компанияға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаға ғана берілуі мүмкін.

52. Мұндай заңды тұлға кез келген келесі беруде алынған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тек уран саласындағы ұлттық компанияға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаға ғана беруге құқылы.

53. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектілердің ауысуы Құзыретті органның рұқсатымен Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

54. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы Келісімшартқа өзгерістер енгізу арқылы жүргізіледі және тиісті толықтыру тіркелген күннен бастап жүзеге асырылған деп саналады.

55. Қазақстан Республикасының заңдарында сенімгерлік басқаруға беру туралы талап белгіленген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығын сенімгерлік басқаруға беруге тыйым салынған.

56. Жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесіне) ауыртпалық салу, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және Кодексте тыйым салынбаған, жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын ұйымдардың акцияларына (жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне) ауыртпалық салу Кодекстің 45-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**7-параграф. Мүлікке және ақпаратқа меншік құқығы**

57. Жер қойнауын пайдаланушы өндірген уран және оларды өндіру барысында шығарылатын басқа да ілеспе пайдалы қазбалар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

58. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін сатып алған мүлік жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

59. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кезде мүлікке меншік құқығының ауысу жағдайлары мен тәртібі, сондай-ақ жер қойнауы учаскесінің аумағынан мүлікті шығару жөніндегі құқықтар мен міндеттер Кодексте белгіленген.

60. Жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынған геологиялық ақпарат жеке меншікте болады (жек геологиялық ақпарат). Кодексте көзделген

тәртіппен мемлекеттік органдарға ұсынылатын геологиялық есептілікте және өзге де құжаттамада қамтылатын жекеше геологиялық ақпарат мемлекетке мерзімсіз иеленуге және пайдалануға беріледі.

#### **8-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығы (Келісімшарттың қолданысы) тоқтатылған кездегі жер қойнауы учаскесі және мүлік**

61. Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою не оны кейіннен басқа тұлғаға ұсыну үшін жер қойнауы учаскесін консервациялауды жүргізу шешімі туралы құзыретті органның хабарламасын алған тұлға:

- 1) осындай жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою;
- 2) жер қойнауы учаскесін консервациялауды жүргізу;
- 3) жер қойнауы учаскесін уран саласындағы ұлттық компанияға сенімгерлік басқаруға беру.

Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою не кейіннен оны өзге тұлғаға беру үшін жер қойнауы учаскесіне консервациялау жүргізу шешімі туралы құзыретті органның хабарламасын алған жер қойнауын пайдаланушы:

1) дереу тоқтатылуы төтенше жағдайлардың туындау қаупімен байланысты операциялары қоспағанда, жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға міндетті. Мұндай операцияларды тоқтату хабарламаны алған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылуға тиіс;

2) Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жою немесе консервациялау жобасы бекітілгеннен және олардың сараптамаларының оң қорытындылары алынғаннан кейін Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жою немесе жер қойнауы учаскесін консервациялау бойынша жұмыстарды дереу бастауға міндетті;

3) хабарламаны алған күннен бастап алты ай ішінде жер қойнауы учаскесінен өзі өндірген уранды, сондай-ақ өзінің меншігі болып табылатын жабдықты және өзге де мүлікті аумақтан алып кетуге құқылы. Көрсетілген мерзімде алып кетпеген жабдық пен өзге де мүлік Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жойылуға немесе консервациялауға жатады.

62. Құзыретті органның уран саласындағы ұлттық компанияға сенімгерлік басқаруға жер қойнауы учаскесін беру жөніндегі шешімі туралы хабарламаны алған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы:

1) хабарламаны алған күннен бастап бір ай мерзімде жер қойнауы учаскесіндегі технологиялық процестің үздіксіздігін және өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жабдықты және өзге де мүлікті жаңа жер қойнауын пайдаланушыға мүлікті бергенге дейінгі мерзімге уран саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына беруге міндетті.

Бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы болмаған не ол уран саласындағы ұлттық компанияға мүлікті беруден жалтарған жағдайда, құзыретті орган мұндай мүлікке қатысты оның сенім білдірілген тұлғасы ретінде әрекет етеді және берілетін мүліктің жай-күйі туралы нұсқауды көздейтін тізбені қамтитын акт бойынша оны уран саласындағы ұлттық компанияға береді.

2) хабарламаны алған күннен бастап алты айдың ішінде жер қойнауы учаскесінен өзі өндірген уранды, сондай-ақ осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, өзінің меншігі болып табылатын жабдықты және өзге де мүлікті аумақтан алып кетуге құқылы.

## **9-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылау**

63. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 26 сәуірдегі № 142 бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдер шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16893 болып тіркелген) сәйкес Құзыретті орган жүзеге асырады.

64. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауына мониторингті құзыретті орган Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы ұсынған есептерді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де көздерден алынған мәліметтерді талдау арқылы жүзеге асырады.

## **10-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушының жауаптылығы**

65. Кодекске сәйкес Келісімшарттың 8-бөлімінде көзделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу талаптарының бұзылуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке алып келеді.

**Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

66. Жер қойнауын пайдаланушы үлгілік Келісімшарттың 8-бөлімінде көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін, жауапкершіліктің келесі түрлері көзделеді:

1) тиісті мөлшерде тұрақсыздық айыбы:

"Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті жылдың 1 қаңтарына белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) белгіленген мөлшеріне;

есепті кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасының пайыздарына;

бұзушылық сомасының пайыздарына;

2) Кодекстің 163-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылатын құзыретті органның бір жақты тәртіппен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын мерзімнен бұрын бұзуы.

Бұл ретте тұрақсыздық айыбын төлеу жер қойнауын пайдаланушыны тиісті міндеттемені орындаудан босатпайды.

**Ескерту. 66-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

67. Құзыретті орган Келісімшарт талаптарының жол берілген бұзушылықтары туралы, сондай-ақ белгіленген мерзімде оның тұрақсыздық айыбын төлеу және (немесе ) осындай бұзушылықты жою жөніндегі міндеттері туралы мынадай:

1) Келісімшарттың 51- тармағында көзделген есептілікті ұсынбаған не көрінеу анық емес есептілікті ұсынған;

2) жер қойнауын пайдаланушының Келісімшартта белгіленген қаржылық міндеттемелерді ағымдағы жыл үшін отыз пайыздан кем орындаған;

3) белгіленген графикке сәйкес не қамтамасыз ету мөлшерін қалыптастыру графигін бұза отырып, қамтамасыз ету сомасын қалыптастырмай, жердің жоғарғы қабатының бұзылуымен байланысты уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізген;

4) жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарттың 7-тарауында белгіленген міндеттемелерін бұзған өзге де жағдайларда жер қойнауын пайдаланушыны жазбаша түрде хабардар етеді.

**Ескерту. 67-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

68. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын бұзушылықтарды жою мерзімі жазбаша хабарлама алынған күннен бастап үлгілік Келісімшарттың 67-тармағының 1) және 2), 3) тармақшаларында көзделген шарттар бойынша – үш айдан, үлгілік Келісімшарттың 7-бөлімінде көзделген өзге де міндеттемелер бойынша бір айдан аспауға тиіс.

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

69. Жер қойнауын пайдаланушы жасаған бұзушылықтарды хабарламада көрсетілген мерзімде жоюға және бұл туралы Құзыретті органға жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

70. Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген міндеттемелерді бұзуды жою мерзімін ұзартудың себептерін негіздей отырып, осындай ұзарту туралы ұсыныс жіберуге құқылы. Жасаған бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы ұсынысты қарау нәтижелері бойынша

Құзыретті орган оны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыны мерзімді ұзартуға келісетіні туралы хабардар етеді немесе мұндай ұзартудан уәжді бас тартуын ұсынады.

71. Келісімшартта көзделген міндеттемелердің бұзушылықтарын Келісімшарттың 68-тармағында айқындалған мерзімде жоюдың мүмкін еместігі анық болған жағдайда, Құзыретті орган осындай бұзушылықты жою мүмкін болатын өзге мерзімді белгілеуге құқылы.

**Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

72. Жер қойнауын пайдаланушы өзі қабылдаған төмендегі міндеттемелерді орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін:

1) жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін есепті кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасының 10 % мөлшерінде;

2) кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін тиісті жылдың кез келген есепті тоқсанында 2000 АЕК мөлшерінде, бірақ жылына бір реттен артық емес;

3) Келісімшартта көзделген міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін есепті кезеңде орындалмаған міндеттеме сомасының 10% мөлшерінде.

4) жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оның мердігерлерінің Кодексте белгіленген уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың тәртібін сақтау жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін – мынадай түрде жасалған бұзушылық сомасының 5% мөлшерінде:

уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінде көзделмеген тәсілдермен, сондай-ақ сатып алу тәсілін таңдау қағидаларының талаптарын бұзумен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

конкурстық құжаттаманы уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінің талаптарын бұза отырып жасау;

әлеуетті жеткізушілерге уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларында көзделмеген талаптарды қою;

әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін негізсіз түрде қабылдамау және/немесе негізсіз түрде қатыстыру;

уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінің талаптарын бұза отырып шарт жасасу;

уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінің талаптарын бұза отырып, бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

Ескертпе: дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын ұлттық басқарушы холдинг тікелей немесе жанама иеленетін, жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларға осы тармақша қолданылмайды;

5) үлгілік Келісімшарттың 23 және 24-тармақтарына сәйкес бағдарламаларды, ақпаратты және есептерді ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін – 100 АЕК мөлшерінде;

6) төмендегі тармақтарға сәйкес хабарламаларды жолдамағаны немесе уақтылы жолдамағаны үшін:

үлгілік Келісімшарттың 28-тармағына сәйкес – 5000 АЕК мөлшерінде;

үлгілік Келісімшарттың 20, 29-тармақтарына сәйкес – 2000 АЕК мөлшерінде.

**Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

73. Құзыретті орган мына жағдайларда Келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатады:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметке тыйым салу туралы сот шешімі күшіне енген;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған тиісті жобалау құжаттарыңыз уран бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілген;

3) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге алып келген, Кодекстің 44-бабының 1-тармағының талаптары бұзылған жағдайларда.

74. Жер қойнауын пайдаланушы үш ай ішінде мыналарды:

1) Кодекстің 180-бабында көзделген есептілікті ұсынбаған не көрінеу анық емес есептілікті ұсынған;

2) жер қойнауын пайдаланушының уран өндіруге арналған келісімшартта белгіленген қаржылық міндеттемелерді ағымдағы жыл үшін отыз пайыздан кем орындаған;



3) белгіленген графикке сәйкес не қамтамасыз ету сомасын қалыптастыру графигін бұза отырып, қамтамасыз ету сомасын қалыптастырмай, жердің жоғарғы қабатының бұзылуымен байланысты уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізген;

сондай-ақ құзыретті органның хабарламасында көрсетілген мерзімде уранды өндіруге арналған келісімшартта белгіленген өзге міндеттемелердің екіден көп бұзушылықтарын жоймаған кезде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

75. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуды жер қойнауын пайдаланушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүргізеді. Жер қойнауын пайдаланушы мұндай хабарламаны алған күннен бастап екі ай өткеннен кейін келісімшарттың қолданысы тоқтатылады

76. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құзыретті орган уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын, соның ішінде, егер жер қойнауын пайдаланушының стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерінде уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі әрекеттері ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін өзгертуге алып келетін жағдайда, Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы.

Құзыретті орган көрсетілген негіз бойынша Келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, бұл туралы жер қойнауын пайдаланушыны екі айдан кешіктірмей ескертуге тиіс.

77. Егер жер қойнауын пайдаланушының стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелеріне қатысты уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі әрекеттері ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін өзгертуге алып келетін жағдайда, құзыретті орган Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру мақсатында келісімшарттың талаптарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды талап етуге құқылы.

Құзыретті орган уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын, егер:

1) Құзыретті органның келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру туралы хабарлама алған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде жер қойнауын пайдаланушы жазбаша түрде Келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру бойынша келіссөздер жүргізуге өз келісімін растамаса не оны жүргізуден бас тартса;

2) Келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру бойынша келіссөздер жүргізуге жер қойнауын пайдаланушының келісімін алған күннен бастап төрт айға дейінгі мерзімде талаптар Келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру бойынша келісімге қол жеткізбесе;

3) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру бойынша келісілген шешіміне қол жеткізу күнінен бастап алты айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарттың талаптарына өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға қол қоймаса, біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

78. Жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттардың талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган осы талаптардың бұзылғандығын білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш жыл ішінде жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы мерзімнің және оны есептеу тәртібінің өзгеруіне әкелмейді.

## **11-бөлім. Еңсерілмейтін күш**

79. Келісімшарт бойынша қандай да болмасын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық немесе тиісінше орындамаушылық еңсерілмейтін күшке байланысты болса, Тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

Еңсерілмейтін күштің мән-жайларына мынадай мән-жайдың жағдайлары кезіндегі төтенше және күтпеген жағдайлар жатады, мысалы: әскери жанжалдар, табиғи апаттар, табиғи зілзалалар (өрт және т.б.). Келтірілген тізбе толық болып табылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, одан зардап шегуші Тарап бұл туралы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны тапсыру немесе поштамен жіберу арқылы екінші Тарапқа дереу хабарлайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешімін іздеу үшін дереу кеңес өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

Егер жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңсерілмейтін күш мән-жайларының дәлелдерін ұсынса, Құзыретті орган Келісімшарттың қолданылу мерзімін еңсерілмейтін күш мән-жайларының мерзіміне ұзартады.

## **12-бөлім. Құпиялылық**

84. Келісімшартты орындау процесінде Тараптар алған немесе иеленген ақпарат құпия болып табылады және Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қорғалуға тиіс. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті есептерді құрастыру үшін құпия ақпаратты пайдалана алады.

85. Тараптардың екінші тараптың келісімінсіз мынадай:

1) егер бұл ақпарат сотта талқылауын жүргізу барысында пайдаланылған жағдайды;  
2) жер қойнауын пайдаланушыға қызмет көрсететін үшінші тұлға құпия ақпаратты құпия ретінде қарауға және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана және Тараптар белгіленген мерзімде қолдануға міндеттеме алған жағдайда, бұл ақпарат осындай үшінші тұлғаларға ұсынылған жағдайды;

3) ақпарат жер қойнауын пайдаланушы қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

4) ақпарат Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауы барысында берілген жағдайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларды қоспағанда, құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

86. Егер Кодексте немесе Тараптардың келісімімен басқасы белгіленбесе, осы бөлімде көзделген құпиялылық туралы ережелер үлгілік Келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

87. Елішілік құндылық бөлігінде келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына қатысты, жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлауы және өткізуі туралы, қазақстандық мамандарды оқытуға арналған шығындар туралы және Қазақстан Республикасының аумағында ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар көлемдері туралы, сондай-ақ өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту мен оның инфрақұрылымын дамытуға жұмсалған шығындар туралы ақпарат құпия болып саналмайды.

**Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 15.04.2022 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **13-бөлім. Дауларды шешу тәртібі**

88. Келісімшартты жүзеге асырумен, өзгертумен немесе тоқтатумен байланысты даулар келіссөздер жүргізу (дауларды сотқа дейін реттеу) арқылы шешіледі.

89. Құзыретті орган Кодекске және Келісімшартқа сәйкес жіберетін хабарламалар дауларды сотқа дейін реттеу ретінде танылады.

90. Егер жүзеге асырумен, өзгертумен немесе тоқтатумен байланысты даулар келіссөздер арқылы алты ай ішінде шешілмейтін болса, онда осындай даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

### **14-бөлім. Келісімшартты өзгерту және оның қолданысын тоқтату**

91. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар осындай толықтыруды жасау күніне Кодекстің 37-бабында белгіленген тәртіппен және шарттармен жасалатын Келісімшартқа толықтырумен ресімделеді.

Осындай толықтыру Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Келісімшартқа толықтыруларды Құзыретті органда міндетті тіркеуден өткізу қажет.

92. Өз қолданысын Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін сақтайтын Келісімшарттың 31, 33, 63-тармақтарында көзделген ережелерді қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы Келісімшартты жасасу күніне Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен тоқтатылады.

93. Құзыретті орган осы Кодексте көзделген негіздер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

94. Келісімшарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылады, ал Келісімшартқа қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес бекітілген жер қойнауы учаскесі мемлекетке қайтарылған болып табылады.

## **15-бөлім. Қорытынды ережелер**

95. Келісімшарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

96. Жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы бойынша мәмілелерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

97. Келісімшарт тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде бір-бір данадан, қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Барлық даналары бірдей.

98. Тараптардың келісімі бойынша Келісімшарт мәтіні басқа тілге аударылуы мүмкін.

99. Тараптар қазақ және (немесе) орыс тілдерінің қарым-қатынас тілдері ретінде қолданылатындығы туралы уағдаласады.

100. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасалады.

101. Тараптар жазбаша нысанда жасалатын хабарламалар және (немесе) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарияланымдар арқылы, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органның интернет-ресурсында жариялау арқылы хабардар етіледі.

102. Келісімшарт бойынша пошталық мекенжай өзгерген кезде Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа жеті күннің ішінде жазбаша хабарлама ұсынуға міндетті.

Осы тармақта көзделген талапты орындамаған Тарап басқа Тараптан хабарламаларды алмағандығына сілтеу құқығынан айырылады.

103. Келісімшартқа барлық қосымшалар оның құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Қосымшалардың ережелері және Келісімшарттың арасында қандай да ауытқушылықтар болған жағдайда, Келісімшарттың ережелері басым күшке ие болады.

104. Келісімшартта пайдаланылатын анықтамалар мен терминдер олар үшін Кодексте және (немесе) Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған мағыналарға ие.

105. Келісімшартта реттелмеген Тараптардың қарым-қатынастары, олардың құқықтары мен міндеттері олардың туындаған күніне қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

106. Осы Келісімшартты 20\_\_ жылғы \_\_ (айының) \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ қаласында (Қазақстан Республикасы) Тараптардың уәкілетті өкілдері жасасты.

107. Тараптардың заңды мекенжайлары және қолдары:

Уран өндіруге арналған  
үлгілік келісімшартқа  
қосымша  
Нысан

#### **Жер қойнауы учаскесінің кеңістіктік шекаралары**

Өңір атауы.

Кен орнының атауы.

Жер қойнауы учаскесінің бұрыштық координаттары.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2022 жылғы 11 маусымдағы  
№ 233 бұйрығына  
4-қосымша

#### **КҮРДЕЛІ ЖОБАЛАР БОЙЫНША КӨМІРСУТЕКТЕРДІ ӨНДІРУ ТУРАЛЫ ҮЛГІЛІК КЕЛІСІМШАРТ**

**Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын, құзыретті орган ретінде Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін ("Құзыретті орган" деп аталады)

мен

(мемлекеттік органның атауы)

Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланудың \_\_\_\_\_ үлесін иеленуші

---

— (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы), егер келісімшарт бойынша жер

қойнауын пайдаланушылар екі және одан да көп тұлға болып табылған жағдайда, онда

әрбір тұлғаның Т. А. Ә. (атауы) және осындай адамдардың әрқайсысына тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің мөлшері көрсетіледі) бұдан әрі бірлесіп "Жер қойнауын пайдаланушы" деп аталатындар)

арасындағы күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді өндіру туралы келісімшарт.

Ескертпе: егер жер қойнауын пайдалану құқығы бір адамға берілген жағдайда, " бұдан

әрі бірлесіп ..... аталатындар" деген сөздер "бұдан әрі ..... аталатын" деген сөздермен

ауыстырылсын.

Осы Келісімшартқа Тараптар мыналарға

---

— (көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге аукциондар өткізу

жөніндегі комиссияның хаттамасы немесе келісімшарт жасасу үшін негіз болып табылатын көмірсутектер саласындағы ұлттық компаниямен жер қойнауын

пайдалануға арналған келісімшарт жасасу туралы Құзыретті органның шешімі) сәйкес

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. (бұдан әрі - "Қол қойылған күні") қол қойды.

## **Мазмұны**

Кіріспе

1-тарау. Келісімшарттың мәні

2-тарау. Келісімшарттың қолданылу мерзімі

3-тарау. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары

4-тарау. Құзыретті органның құқықтары

5-тарау. Құзыретті органның міндеттері

6-тарау. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары

7-тарау. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері

8-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары

1-параграф. Жалпы шарттар

2-параграф. Көмірсутектерді өткізу және (немесе) экспорттау

3-параграф. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану

4-параграф. Салық салу және кедендік төлемдер

5-параграф. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу

6-параграф. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою және жер қойнауы учаскесін консервациялау

7-параграф. Есепке алу және есеп беру

8-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы және ауыртпалығы

9-параграф. Мүлікке және ақпаратқа меншік құқығы

10-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы учаскесі және мүлік

11-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын қадағалау

12-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемесі

13-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының жауапкершілігі

9-тарау. Еңсерілмейтін күш

10-тарау. Құпиялылық

11-тарау. Дауларды шешу тәртібі

12-тарау. Келісімшартты өзгерту және тоқтату

13-тарау. Қорытынды ережелер

Көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған Келісімшартқа қосымша

1-қосымша – Барлау кезеңінде Келісімшарт бойынша жұмыстардың ең аз көлемдері мен түрлері

2-қосымша – Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) кеңістікті шекаралары

3-қосымша – Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемелері

## **Кіріспе**

Мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес жер қойнауы халыққа тиесілі, халықтың атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асыратындығын;

2) Қазақстан Республикасы жер қойнауы учаскесін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) көзделген негіздермен, талаптармен және шекте пайдалануға беретіндігін;

3) жер қойнауын пайдаланушыда жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді ұтымды және тиімді барлауды және өндіруді жүргізу ниеті, қаржылық және техникалық мүмкіндіктерінің болуын;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органды белгілегендігін және оған Келісімшартты жасасу және орындау құқығын бергендігін;

5) жер қойнауын пайдалану Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

6) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мазмұны, орындалуы және тоқтатылуы Кодексте сәйкес айқындалатын шарт болып табылады;

7) Қазақстан Республикасы құзыретті орган атынан және жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы уағдаласқандығын назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы атынан құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы төмендегілер туралы уағдаласады:

### **1-тарау. Келісімшарттың мәні**

1. Құзыретті орган Қазақстан Республикасы атынан Жер қойнауын пайдаланушыға Келісімшартта белгіленген мерзімге Келісімшартқа № 1 қосымшада айқындалған ( айқындалған) жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) жер қойнауын пайдалану құқығын береді, ал Жер қойнауын пайдаланушы өз есебінен және тәуекелімен Келісімшарт талаптары мен Кодекске сәйкес Жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығы Келісімшарт күшіне енген күннен бастап – Келісімшарт Құзыретті органда тіркелген күннен бастап (бұдан әрі – "Күшіне енген күн") туындайды.

3. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және Келісімшартта көзделген ережелерді сақтаған жағдайда, Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүзеге асыруға құқылы.

### **2- тарау. Келісімшарттың қолданылу мерзімі**

4. Келісімшарттың қолданылу мерзімі біріктірілген болып табылады және ұзақтығы он сегіз (18) жыл барлау кезеңінен және ұзақтығы: ірі болып табылмайтын кен орны үшін жиырма бес (25) жыл; ірі болып табылатын кен орны үшін қырық бес (45) жыл өндіру кезеңінен тұрады. Келісімшарттың қолданылу мерзімі 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап есептеледі.

Барлау кезеңі тоғыз (9) жылға тең бастапқы барлау кезеңінен, алты (6) жылға тең бағалау кезеңінен және үш (3) жылға тең сынақ пайдалану кезеңінен тұрады.

5. Жер қойнауын пайдаланушы барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша оның пікірінше бағалауды талап ететін кен орындарын (кен орындарын) барлаудың бастапқы кезеңі ішінде анықтаған және табылған кен орындарын (кен орындарын) бағалау бойынша мұндай жұмыстарды бастапқы барлау кезеңінде аяқтау мүмкін емес жағдайда Жер қойнауын пайдаланушы бастапқы барлау кезеңінің мерзімі өткенге дейін



Құзыретті органға берілетін өтініш негізінде бағалау кезеңіне өтуге құқылы. Бағалау кезеңіне өту Кодекстің 116-бабында белгіленген тәртіппен Келісімшартқа қосымша келісімге қол қою арқылы жүзеге асырылады.

Егер Жер қойнауын пайдаланушы бағалау кезеңіне өтпесе, бұл жағдайда Келісімшарт бойынша барлау кезеңі бағалау кезеңін және сынамалық пайдалану кезеңін қамтымайды және ұзақтығы тоғыз (9) жылдан аспайтын барлаудың бастапқы кезеңінен ғана тұрады. Бұл жағдайда барлау кезеңі Келісімшарт күшіне енген күннен бастап есептелетін Келісімшарттың қолданылу мерзімінің тоғызыншы жылдығында аяқталады.

6. Егер Жер қойнауын пайдаланушының пікірі бойынша анықталған тыңайған жерлерді (тыңайған жерлерді) бағалау мақсатында бағалау кезеңі ішінде аяқталуы мүмкін емес осындай тыңайған жерлерді (тыңайған жерлерді) сынамалық пайдалануды жүргізу талап етілсе, жер қойнауын пайдаланушы бағалау кезеңінің мерзімі өткенге дейін құзыретті органға берілетін өтініш негізінде сынамалық пайдалану кезеңіне өтуге құқылы. Сынақтық пайдалану кезеңіне өту Кодекстің 116-бабында белгіленген тәртіппен Келісімшартқа қосымша келісімге қол қою арқылы жүзеге асырылады.

Егер Жер қойнауын пайдаланушы сынамалық пайдалану кезеңіне өтпесе, бұл жағдайда Келісімшарт бойынша барлау кезеңі сынамалық пайдалану кезеңін қамтымайды және тек он бес (15) жылға тең сомада барлаудың бастапқы кезеңінен және бағалау кезеңінен тұрады. Бұл жағдайда барлау кезеңі Келісімшарт күшіне енген күннен бастап есептелетін Келісімшарттың қолданылу мерзімінің он бес жылдығында аяқталады.

Сынақ пайдалану кезеңіне өткен жағдайда барлау кезеңі Келісімшарт күшіне енген күннен бастап есептелетін Келісімшарттың қолданылу мерзімінің он сегізінші жылдығында аяқталады.

7. Егер барлау кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы қорларды есептеу туралы есебі жер қойнауын мемлекеттік сараптаудың оң қорытындысын алған көмірсутектер кен орнын тапса, ол Кодекстің 119-бабында белгіленген тәртіппен Келісімшартқа қосымша келісім жасасу жолымен барлау кезеңі аяқталғанға дейін Құзыретті органға берілетін өтініш негізінде өндіру кезеңіне көшуге құқылы.

Өндіру кезеңіне көшкен кезде Келісімшарт бойынша өндіру кезеңінің мерзімі:

1) егер кен орны жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған өндіру учаскесіндегі геологиялық қорларды есептеу жөніндегі есепке сәйкес ірі кен орындары санатына жататын болса, қырық бес (45) жыл не болмаса

2) басқа кен орындары үшін жиырма бес (25) жыл.

Егер Келісімшарт бойынша Кодекстің 110-бабына сәйкес бірнеше өндіру учаскелері қалыптастырылған жағдайда, өндіру кезеңі әрбір осындай учаске үшін жеке белгіленеді

8. Егер Келісімшарт бойынша барлау кезеңі аяқталғанға дейін өндіру кезеңіне өту туралы өтініш берілмесе және Келісімшарттың 7-тармағына сәйкес Келісімшартқа толықтыру жасалмаса, ол мерзімінен бұрын тоқтатылады.

9. Келісімшарт бойынша өндіру кезеңі Тараптардың Кодекстің 120-тармағында белгіленген тәртіппен және шарттарда Келісімшартқа толықтыру жасасуы арқылы ұзартылуы мүмкін.

10. Ұзарту мерзімі Келісімшартқа тиісті толықтыру жасалған күннен бастап есептеледі.

### **3-тарау. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары**

11. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшартқа сәйкес көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жер қойнауы учаскесінің кеңістіктік шекаралары оның ажырамас бөлігі болып табылатын Келісімшартқа қосымшада белгіленеді.

Көрсетілген қосымшаны дайындау мақсатында барлау немесе өндіру учаскесінің кеңістіктік шекаралары Кодекстің 110-бабына сәйкес айқындалады.

12. Барлаудың бастапқы кезеңі аяқталғаннан кейін, Келісімшарттың 5-тармағына сәйкес бағалау кезеңіне өткен жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы бағалауды жүргізуге құқылы учаскені (учаскелерді) қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы барлаудың барлық учаскесін қайтаруға міндеттенеді.

13. Барлау кезеңі аяқталғаннан кейін, Келісімшарттың 7-тармағына сәйкес өндіру кезеңіне өткен жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы өндіру учаскесін (учаскелерін) қоспағанда, сынамалық пайдалануды қоса алғанда, ағалау жөніндегі жұмыстар жүргізілген барлау учаскесін толығымен қайтаруға міндеттенеді.

Жер қойнауы учаскесін түрлендіру келісімшартқа толықтыру жасасу арқылы Кодекстің 113, 114, 115-баптарында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізіледі.

14. Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) барлығын немесе бір бөлігін қайтару Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

### **4-тарау. Құзыретті органның құқықтары**

15. Құзыретті орган:

1) Кодексте және (немесе) Келісімшартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

2) Кодексте және (немесе) Келісімшартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Келісімшарт талаптарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды талап етуге;

3) Жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Келісімшарт талаптарын сақтауын қадағалауды жүзеге асыруға;

4) Кодексте көзделген тәртіппен және жағдайларда Қазақстан Республикасында тиісті халықаралық шарттар жоқ мемлекетпен келісімге қол жеткізгенге дейін жер қойнауының шекара маңындағы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімшартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

#### **5-тарау. Құзыретті органның міндеттері**

16. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және Келісімшартта көзделген ережелерді сақтаған жағдайда, Құзыретті орган Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда , тәртіппен және талаптармен:

1) Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда Келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзартуға;

2) Кодексте көзделген тәртіппен жер қойнауы учаскесін түрлендіруді жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндеттенеді.

#### **6-тарау. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары**

17. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және Келісімшартта көзделген ережелер сақталған кезде, Жер қойнауын пайдаланушы:

1) кәсіпкерлік мақсатта бөлінген жер қойнауы учаскесі шегінде жер қойнауын өтеулі негізде пайдалануға;

2) егер Кодексте және (немесе) Келісімшартта өзгеше көзделмесе, өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде өндірілген көмірсутектерді өз қалауы бойынша пайдалануға;

3) жер қойнауы учаскесінің аумағында, ал қажет болған жағдайда Жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен берілген өзге де жер учаскелерінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салу, сондай-ақ шарттар негізінде жер қойнауы учаскесінің аумағында да, оның шегінен тыс жерлерде де ортақ пайдаланылатын объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға;

4) Келісімшарт бойынша операторды тағайындауға;

5) Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда барлаудың немесе өндірудің бүкіл учаскесін қайтару арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды мерзімінен бұрын тоқтатуға;

6) барлау кезеңі ішінде және Кодексте белгіленген шектеулерді ескере отырып, Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) аумағында көмірсутектерді барлау жөніндегі жұмыстардың кез келген түрін жүргізуге;

7) өндіру кезеңі ішінде жер қойнауы учаскесінің шекаралары шегінде көмірсутектер кен орнының геологиялық құрылымы мен қорларын нақтылау мақсатында көмірсутектерді өндіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ өндіру учаскесін жете зерделеуді (жете барлауды) жүргізуге;

8) барлау кезеңі немесе өндіру кезеңі өткенге дейін кез келген уақытта құрылыстарды, жабдықтарды, ұңғымаларды және өзге де мүлікті қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын жекелеген технологиялық объектілерді консервациялауды немесе жоюды жүргізуге;

9) бағалау кезеңіне, сынамалық пайдалану кезеңіне және өндіру кезеңіне өту туралы өтініш беруге;

10) өндіру кезеңін ұзартуға өтініш беруге;

11) жер қойнауы учаскесін түрлендіруге өтініш беруге;

12) арнайы рұқсаттар немесе лицензиялар алмай, көмірсутектерді өндіру кезінде жер асты суларын ілеспе алуды жүзеге асыруға құқылы. Ілеспе өндірілген жер асты суларын одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасының су және экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

13) Келісімшарттың 11-тарауында көзделген дауларды шешу тәртібіне сәйкес дауларды шешу рәсімін бастауға;

14) Кодекстің 28-1-бабына сәйкес жергілікті өндірушілерді қолдауға бағытталған ерікті негізде көмірсутектер саласындағы кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісім жасасуға;

15) қажет болған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға;

16) Кодекске сәйкес құзыретті органның Келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуына дау айтуға;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімшартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

## **7-тарау. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері**

18. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесін Келісімшартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға міндетті.

19. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшартқа № 1 Қосымшаға сәйкес барлау кезеңінде жұмыстарды орындау түрлері, көлемі мен мерзімдерін қамтитын жұмыс бағдарламасын орындауға міндетті.

20. Келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған кезде Жер қойнауын пайдаланушы технологиялық объектілерді консервациялауға немесе жоюға және жер қойнауын

пайдалану салдарына байланысты операцияларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі кез келген операцияларды тоқтатуға міндетті.

21. Өндіру кезеңі ішінде, екінші жылдан бастап Жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша Жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

2) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыруды өткен жылдың қорытындылары бойынша келісімшарт бойынша инвестициялардың бір пайызы мөлшерінде жүзеге асыруға міндетті. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстарды қаржыландыруға жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін дамытуға және қолдауға арналған шығыстары, сондай-ақ ол осы мақсаттарға мемлекеттік бюджетке аударатын қаражат жатады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткен жылдың қорытындылары бойынша көмірсутектерді өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдаланушының өндіруге жұмсаған шығындарының бір пайызы мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармаққа сәйкес жүзеге асырылған, белгіленген минимумнан асатын қаржыландыру көлемі келесі жылы Жер қойнауын пайдаланушының тиісті міндеттемелерін орындау есебіне ескеріледі.

22. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны жүргізу мақсатында кадрлардағы елішілік құндылықты айқындау кезінде жер қойнауын пайдаланушы мыналарды басшылыққа алуға міндетті:

1) жер қойнауын пайдаланушының басқарушылық және әкімшілік мұқтаждықтарына қарай шетелдік немесе қазақстандық кадрларға қажеттіліктері;

2) Қазақстан Республикасының нарығында жер қойнауын пайдаланушының қажеттіліктеріне сәйкес келетін белгілі бір санат бойынша білікті қазақстандық персоналдың болуы;

3) тағылымдамадан өтуді қоса алғанда, қазақстандық кадрларды кезең-кезеңмен оқытуға және кейіннен шетелдік кадрларды басқарушы санаттар бойынша қазақстандық кадрлармен біртіндеп ауыстыру.

Кадрлардағы елішілік құндылықтың ең аз үлесі: басшылар мен олардың орынбасарлары бойынша \_\_%, құрылымдық бөлімшелердің басшылары бойынша \_\_%, ал мамандар мен білікті жұмысшылар бойынша \_\_%, бірақ 70% - дан кем болмауы тиіс

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын басшылар, менеджерлер мен мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылар, менеджерлер мен мамандардың жалпы санының елу пайызынан аспауға тиіс.

Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 193 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17021 болып тіркелген) бекітілген Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескертпе: 22-тармақта аукционға қатысуға өтінімде немесе тікелей келіссөздер жүргізу туралы өтініште көрсетілген кадрлар бойынша басшылар мен олардың орынбасарлары, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер басшылары бойынша пайыздар көрсетіледі.

23. Жер қойнауын пайдаланушы елішілік құндылық үлесін қамтамасыз етуге және Келісімшарттың 8-тарауының 5-параграфына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға міндетті.

24. Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органмен Келісімшарттың 8-тарауының 5-параграфына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жергілікті жеткізушілердің дамыту бағдарламасын келісуге міндетті.

25. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер табылған жағдайда Жер қойнауын пайдаланушы учаскедегі жұмыстарды дереу тоқтатуға және бұл туралы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

26. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілетін операциялардың есебін жүргізуге және Келісімшарттың 8-тарауының 7-параграфында көзделген есептерді ұсынуға міндетті.

27. Жер қойнауын пайдаланушы тартылған шетелдік персоналға қатысты қазақстандық персонал үшін тең еңбек жағдайларын, оның ішінде еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге міндетті.

28. Жер қойнауын пайдаланушы уәкілетті ұйым жариялайтын инфляция деңгейінен төмен емес қазақстандық персонал үшін жыл сайынғы жалақыны индекстеуді қамтамасыз етуге міндетті.

29. Жер қойнауын пайдаланушы негізделген нарықтық жағдайларға сәйкес олар көрсететін мұнай сервистік жұмыстарға/қызметтерге тартылған мердігер ұйымдар үшін кемсітпейтін тарифтерді айқындауды қамтамасыз етеді.

30. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану құқығын берген мемлекеттік органды жер қойнауын пайдаланушының қызметін тікелей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамының өзгергені туралы осындай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде хабардар етуге міндетті.

31. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша оператордың өкілеттігін тоқтату туралы құзыретті органды дереу хабардар етуге міндетті.

32. Жер қойнауын пайдаланушы жаңа кен орны (кен орындарының жиынтығы) әрбір ашылған кезде осындай ашылу күнінен бастап бір ай ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға анықталғанын растау туралы өтініш жібереді.

33. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган анықтағанын растаған күннен бастап бір ай ішінде бұл туралы құзыретті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

34. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінің аумағында бұрын бұрғыланған барлық ұңғымаларды теңгерімге қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетті.

35. Жер қойнауын пайдаланушы заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын өз есебінен жоюға міндетті. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерін тоқтатуға әкеп соқпайды.

36. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарттың 8-тарауының 6-параграфына сәйкес тарату жөніндегі өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті. Мұндай қамтамасыз етуді ұсыну жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындаудан босатпайды.

37. Өндіру кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы техникалық және (немесе) геологиялық себептер бойынша таратылуға жататын және кен орнын игеру жобасына сәйкес өзге де мақсаттарда пайдаланылмайтын ұңғымаларды жоюға міндетті.

38. Кодексте көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесін консервациялау жобасында белгіленген мерзімдерде консервациялауды аяқтауға міндетті.

Жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі міндеттемелер жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен орындалады. Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2 ) тармақшасында көзделген жағдайда міндеттемелердің сомалары орындалғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушыға қамтамасыз ету қаражаты есебінен өтеледі.

39. Барлау кезеңі ішінде Жер қойнауын пайдаланушы өзінің технологиялық мұқтаждарына тұтынылатын немесе Кодекс талаптарына сәйкес жағылатын

көмірсутектерді қоспағанда, барлау кезеңінде өндірілген өзіне тиесілі көмірсутектерді Қазақстан Республикасының ішкі нарығына толық көлемде жеткізуге міндетті.

40. Егер есептеу бойынша есебі Кодекске сәйкес жер қойнауына мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған көмірсутектер кен орнының бастапқы геологиялық қорларының көлемі жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан асса, Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарттың 8-тарауының 12-параграфына сәйкес қосымша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

41. Кодекстің 146-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жер қойнауын пайдаланушы шикі газды жағуға жол бермеуге міндетті.

42. Ішкі нарықтың қажеттіліктерін мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңдеу үшін мұнай жеткізуді жүзеге асыруға, ал мұнай өңдеу зауыты авариялық жағдайға байланысты тоқтаған жағдайда- Келісімшарттың 8-тарауының 2-параграфына сәйкес жеткізу графиктеріне сәйкес одан тыс жерлерде жүзеге асыруға міндетті.

43. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт бойынша міндеттемесі ретінде оның жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жобалық құжаттарға сараптамалардың оң қорытындыларын алған келесі ықтимал түзетулерді ескере отырып, мынадай көрсеткіштерді орындауы белгіленеді:

- 1) пайдалану ұңғымалары торының тығыздығы;
- 2) әрбір пайдалану объектісі бойынша өндіруші және айдау ұңғымаларының арақатынасы;
- 3) кенжатындар бойынша өтемақы коэффициенті;
- 4) қабаттық және кенжарлық қысымның қанығу қысымына немесе конденсация қысымына қатынасы;
- 5) қабат қысымының кенжар қысымына қатынасы;
- 6) ұңғымалар бойынша газ факторының барынша жол берілетін шекті шамасы;
- 7) көмірсутектерді өндіру көлемдері;
- 8) қабат қысымын арттыру үшін кері айдалатын жұмыс агентінің көлемдері;
- 9) пайдалану ұңғымаларын іске қосу көрсеткіштері.

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген көрсеткіштердің мәні келісімшартқа енгізілмейді және жобалау құжаттары негізге алына отырып айқындалады.

44. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт бойынша өндіру кезеңіне көшкен күннен бастап екі жылдан кешіктірмей кен орнын (кен орындарын) игеру жобасын Кодекске сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы базалық жобалау құжаттарын бекітуге және мемлекеттік сараптамадан өту үшін ұсынуға міндеттенеді.



44-1. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт жасалған күннен бастап он екі (12) айдан кешіктірілмейтін мерзімде шетелдік кадрларды қазақстандық кадрлармен алмастыру бағдарламасын әзірлеуге және құзыретті органмен келісуге міндеттенеді.

**Ескерту. Келісімшарт 44-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

45. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімшартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## **8-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары 1-параграф. Жалпы шарттар**

46. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар өнеркәсіптік қауіпсіздік пен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

47. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар Жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген оң қорытындыларды алған сараптамаларға сәйкес барлау жұмыстарының жобасына, көмірсутектер кен орнын игеру жобасына, сынамалық пайдалану жобасына сәйкес жүргізілуге тиіс.

48. Жобалау құжаттарында көзделмеген, сондай-ақ жобалау құжаттары болмаған кезде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

49. Жобалау құжаттарында көзделген көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу әдістері мен тәсілдері жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне сәйкес келуге тиіс.

50. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті операцияларды жүргізу үшін қажетті жобалау құжаттарының түрлері, құрамы және мазмұнына қойылатын талаптар Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларда айқындалады.

51. Барлау мен өндіруді жүзеге асыру кезінде Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға тиіс.

Ескертпе: егер Келісімшарт бойынша жер қойнауы учаскесі Каспий немесе Арал теңізінің қазақстандық секторы шегінде толық немесе ішінара орналасса, Келісімшарттың 51-тармағы мынадай редакцияда жазылады:

51. Барлау мен өндіруді жүзеге асыру кезінде Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің ең үздік тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға тиіс.

52. Өндіру жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне сәйкес базалық жобалау құжатында көзделмеген көмірсутектердің жоғалуын болдырмайтын әдістермен және тәсілдермен жүргізілуі тиіс.

53. Кодекстің 24-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы, егер бұл ерекше қауіпсіздік жағдайларына байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге кедергі жасамаса, жер қойнауын пайдаланушы басқа тұлғалардың жер қойнауы учаскесінің аумағы шегінде еркін жүріп-тұруына, ортақ пайдаланылатын объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға кедергі жасамауға міндеттенеді.

## **2-параграф. Көмірсутектерді өткізу және (немесе) экспорттау**

54. Қазақстан Республикасының көлік шығыстары мен көмірсутектерді өткізуге арналған шығындарды шегергенде мәмілелер жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушы қолданатын, мәміле жасалған күні қалыптасқан бағадан аспайтын бағалар бойынша көмірсутектерді сатып алуға басқа тұлғалар алдында басым құқығы бар.

Бұл ретте мемлекет өндірілген көмірсутектер көлемін сатып алуға басым құқықты іске асырған кезде Жер қойнауын пайдаланушыдан сатып алынатын көмірсутектердің көлемі өңірлердің қажеттіліктерін ескере отырып, мемлекеттің жалпы қажеттілігін негізге ала отырып айқындалатын болады және өңірдегі және Қазақстан Республикасындағы көмірсутектер өндірудің жалпы көлемінен жер қойнауын пайдаланушының орналасқан өңірінің өндіру үлесіне барабар болады.

Сатып алынатын көмірсутектердің құнын төлеу теңгемен жүзеге асырылады.

Мәмілелер жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушы қолданатын көмірсутектердің бағалары туралы ақпарат болмаған жағдайда, көлік шығыстары мен көмірсутектерді өткізуге арналған шығындарды шегергенде, мемлекет көмірсутектерді сатып алу жөніндегі мәмілені жасау күніне әлемдік нарықтарда қалыптасқан бағадан аспайтын бағалар қолданылады.

55. Қазақстан Республикасының жер қойнауы туралы заңнамасына және Келісімшартқа сәйкес Жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі иеліктен шығарылатын шикі газды, сондай-ақ Жер қойнауын пайдаланушылар өндірген шикі газды қайта өңдеу процесінде өндірген және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына және Келісімшартқа сәйкес оған тиесілі тауарлық газды басқа адамдар алдында басым құқыққа ие.

56. Төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі Жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі көмірсутектердің бір

бөлігін немесе барлығын реквизициялауға құқылы. Реквизициялау төтенше немесе соғыс жағдайының қолданылу мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының мұқтажы үшін қажетті мөлшерде жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы реквизицияланған көмірсутектер үшін заттай нысанда немесе жер қойнауын пайдаланушымен жазбаша нысанда келісілген олардың құнын төлеу арқылы Жер қойнауын пайдаланушы реквизициялау күніне көмірсутектермен мәмілелер жасау кезінде қолданылатын бағадан аспайтын бағалар бойынша, көлік шығыстары мен өткізуге арналған шығындарды шегергенде өтемақыға кепілдік береді.

57. Жер қойнауын пайдаланушы өнім беру графиктеріне сәйкес ішкі нарықтағы мұнай өнімдеріне қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы аумағында өңдеу үшін мұнай беруді, ал мұнай өңдеу зауыттары авариялық жағдайға байланысты тоқтап қалған жағдайда, оның шегінен тыс жерде жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақтың талаптары Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген, күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар бойынша өндіру кезеңінде қолданылмайды.

**Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

57-1. Жер қойнауын пайдаланушы өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында өңдеу үшін мұнай жеткізетін жағдайда, осы Келісімшарттың 57-тармағының екінші бөлігіндегі ережелері қолданылмайды.

**Ескерту. Келісімшарт 57-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

58. Жер қойнауын пайдаланушы өзі өндірген жеңіл көмірсутектердің кең фракциясын иеліктен шығаруды не процессингке беруді ниеттенген жағдайда мұндай иеліктен шығару немесе процессингке беру өндірістік қуаттары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан сұйытылған мұнай газын өндірушілерге ғана жүзеге асырылуға тиіс.

### **3-параграф. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану**

59. Көмірсутектерді, оның ішінде теңізде барлау мен өндіруді жүргізудің міндетті шарттары:

- 1) жер қойнауын қорғауды қамтамасыз ету;
- 2) жоғары технологияларды қолдану және жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесі негізінде жер қойнауын ұтымды және экономикалық тиімді пайдалану;
- 3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік және экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау;

4) өндірістік объектілерді шикі мұнай мен газ конденсатын есепке алу аспаптарымен жарактандыру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

60. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының жай-күйіне мониторинг жүргізуді және кен орнын игеруді бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

61. Теңізде операциялар жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы оларды теңізде операциялар жүргізудің ең озық тәжірибесіне сәйкес жүргізуге міндетті.

62. Мынадай шикі газдың көлемін қоспағанда, өндірілетін шикі газдың барлық көлемін өңдеусіз көмірсутектерді өндіруге тыйым салынады:

1) Кодекстің 146-бабында белгіленген жағдайларда және шарттарда жағылатын;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған жобалық құжатта көзделген көлемдерде жер қойнауын пайдаланушы өзінің технологиялық қажеттіліктеріне пайдаланатын;

3) жер қойнауын пайдаланушы өзге тұлғаларға қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату мақсатында өткізетін.

#### **4-параграф. Салық салу және кедендік төлемдер**

63. Осы Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін орындау, Келісімшартқа қол қойылған күні қолданыста болатын "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 722-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жер қойнауын пайдаланушы оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаған күні қолданылатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

64. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт жасасқанға дейін "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ банк тапсырмасына сәйкес төлеген, қол қойылған бонустың мөлшері \_\_\_\_\_ (сомасы теңгемен көрсетіледі) болды.

65. Жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының күшіне енген күнгі қолданыстағы заңнамасына сәйкес Келісімшарт бойынша өндірілген шикі мұнайға әкетілетін кедендік баждарды төлеуден уақытша босату беріледі.

#### **5-параграф. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу**

66. Келісімшарт бойынша көмірсутекті барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде Жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жер қойнауын пайдаланушы белгілеген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте мұндай тәртіп мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

1) өндіру кезеңінде Жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және құзыретті органмен келісілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жергілікті өнім берушілерді дамыту бағдарламаларын орындау;

2) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді барлық мүдделі жеткізушілерге тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған конкурса қатысу үшін толық және кемсітпейтін мүмкіндіктер беру;

3) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуетті жеткізушілерді алдын ала іріктеудің объективті өлшемшарттарын қолдану;

4) барлық мүдделі тұлғалар үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жоспарланып отырған сатып алу туралы ақпаратқа, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптарға, оның ішінде Жер қойнауын пайдаланушының ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы ашық қолжетімділік.

67. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) Келісімшарт жасалған күннен бастап он екі (12) айдан кешіктірілмейтін мерзімде Келісімшарттың 66-тармағының ережелеріне сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін әзірлесін;

2) Келісімшарттың 7-тармағына сәйкес өндіру кезеңіне көшу күніне дейін 12 айдан кешіктірмей өндіру кезеңінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жергілікті жеткізушілерді дамыту бағдарламасын құзыретті органмен келіседі.

**Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

68. Осы Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесі \_\_\_\_\_% құрауға тиіс, бірақ күнтізбелік жыл ішінде сатып алынған жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемінің елу пайызынан (50%) кем емес. Осы тармақ Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген күрделі жобаларға қатысты қолданылмайды.

Тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

69. Жер қойнауын пайдаланушы осы тараудың -7-параграфына сәйкес Құзыретті органмен келісілген өндіру кезеңінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жергілікті өнім берушілерді дамыту бағдарламасын орындау бойынша есептерді ұсынуға міндеттенеді.

## **6-параграф. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою және жер қойнауы учаскесін консервациялау**

70. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою:

1) Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған жер қойнауы учаскесінде;

2) Жер қойнауын пайдаланушы Кодекстің 114-бабында көзделген тәртіппен мемлекетке қайтаруға ниеттенетін жер қойнауы учаскесінде (оның бір бөлігінде) жүргізіледі.

71. Жер қойнауын пайдаланушының барлау кезеңінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындауы мынадай тәсілдердің бірімен қамтамасыз етіледі:

1) кепілдік;

2) сақтандыру;

3) банктік салымды кепілге қою арқылы.

72. Жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындауы банк салымының кепілімен қамтамасыз етіледі.

73. Барлау және (немесе) өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету Кодексте айқындалған мөлшерде, мерзімде және тәртіппен қалыптастырылады.

74. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етудің кез келген ұсынылатын тәсілі осындай қамтамасыз етуді беру күнінде қолданылатын Кодекстің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

75. Егер Жер қойнауын пайдаланушыға байланысты емес себептер бойынша оларға берілген қамтамасыз ету Кодекстің талаптарына сәйкес келмесе немесе тоқтатылса, Жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік алпыс күн ішінде осындай қамтамасыз етуді ауыстыруға міндетті. Егер көрсетілген мерзім ішінде мұндай ауыстыруды Жер қойнауын пайдаланушы жүргізбесе, соңғысы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды дереу тоқтата тұруға міндетті. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қалпына келтіруге қамтамасыз ету қалпына келтірілгеннен немесе ауыстырылғаннан кейін ғана жол беріледі.

76. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру кепілге салынған банк салымы бойынша құқықтарды қайта ресімдеудің (берудің) сөзсіз негізі болып табылады.

77. Жер қойнауы учаскесін консервациялау Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және (немесе) Келісімшартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүргізіледі.

## **7-параграф. Есепке алу және есеп беру**

78. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілетін операциялардың есебін жүргізуге және мынадай есептерді:

- 1) геологиялық есепті;
- 2) лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есепті;
- 3) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есепті;
- 4) кадрлардағы елішілік құндылық туралы есепті;
- 5) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру жөніндегі шығыстар туралы есепті;
- 6) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есепті;
- 7) Жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есепті беруге міндеттенеді.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген есеп жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 418 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17069 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ұсынылады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген есеп құзыретті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) бекітілген нысанда және тәртіппен ұсынылады.

Осы тармақтың 3) – 7) тармақшаларында көзделген есептер көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) бекітілген нысандарда және тәртіппен ұсынылады.

79. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды адамдарына қажетті құжаттарды, ақпаратты беруге және жұмыс орындарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

2) Құзыретті органның жазбаша сұрау салуы бойынша тексеру үшін жүргізілген жұмыстар мен жер қойнауын пайдалану жөніндегі шығыстарды растайтын құжаттаманы осындай сұрау салуды алған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудитор болып табылатын тұлға растаған өндіруші салалардың ашықтығы бастамасының стандартында көзделген есептілікті Құзыретті органға ұсынуға міндеттенеді.

**8-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы және оларға салынатын ауыртпалық**

80. Келісімшарт негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы Кодексте белгіленген тәртіппен құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

81. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы келісімшартқа өзгеріс енгізу жолымен жүргізіледі.

82. Жер қойнауын пайдалану құқығын сенімгерлік басқаруға беруге, сенімгерлік басқаруға беру туралы талап Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тыйым салынады.

83. Мемлекеттің Қазақстан Республикасы заңдарының немесе шарттың негізінде басым құқықтарға ие тұлғаларды және ұйымдарды қоса алғанда, кез келген тұлғалар мен ұйымдар алдында стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдаланудың иеліктен шығарылатын құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді, стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді, сондай-ақ ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығарылатын, стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға арналған басым құқығы болады.

**Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

84. Кодексте тыйым салынбаған жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестерге) ауыртпалық салу, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын ұйымдардың акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) ауыртпалық салу Кодексте белгіленген тәртіппен берілетін құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

85. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге алған қарыз жер қойнауын пайдалану мақсатына не келісімшартта көзделген Қазақстан Республикасының аумағында Жер қойнауын пайдаланушының өзі немесе жер қойнауын пайдаланушының жарғылық капиталына қатысуының жүз пайыз үлесі бар еншілес ұйым кейіннен қайта бөлуді ұйымдастыру үшін пайдаланылуға тиіс.



## **9-параграф. Мүлікке және ақпаратқа меншік құқығы**

86. Жер қойнауын пайдаланушы өндірген көмірсутектер және оларды өндіру барысында алынатын компоненттер Жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

87. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін Жер қойнауын пайдаланушы сатып алған мүлік Жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

88. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кезде мүлікке меншік құқығының ауысу жағдайлары мен тәртібі, сондай-ақ жер қойнауы учаскесінің аумағынан мүлікті әкету жөніндегі құқықтар мен міндеттер Кодексте белгіленеді.

89. Жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынған геологиялық ақпарат жеке меншікте (жеке геологиялық ақпарат) болады.

Кодексте көзделген тәртіппен мемлекеттік органдарға ұсынылатын геологиялық есептілікте және өзге де құжаттамада қамтылған жеке геологиялық ақпарат мемлекетке мерзімсіз иеленуге және пайдалануға беріледі.

90. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың және оның жеткізгіштерінің болуын, есепке алынуын және сақталуын, сондай-ақ зерттеу немесе тексеру үшін жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органның өкілдеріне оларға кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

91. Кодекстің 75-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарттың қолданылу кезеңінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін иеліктен шығаруға құқылы емес.

92. Жер қойнауын пайдаланушы Кодекстің 75-бабында белгіленген тәртіппен зерттеу және талдау мақсатында ғана жынысөзектер, тау жыныстары мен минералдардың үлгілері, сынамалар, тас материалдарының, шлифтердің, аншлифтердің, минералды ерітінділер мен ұнтақтардың коллекциялары түріндегі геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге құқылы.

93. Жер қойнауын пайдаланушының геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін сынамалар түрінде иеліктен шығаруы және (немесе) олардың сынамаларды Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкетуі Кодексте белгіленген тәртіппен жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

94. Жер қойнауын пайдаланушының өзіне тиесілі жынысөзектерді иеліктен шығаруды немесе жоюды жүргізу ниеті болған жағдайда, ол бір айдан кешіктірмей жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды осындай ниет туралы жазбаша хабардар

етуге міндетті. Жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушыдан аталған жынысөзектерді талапта көзделген мерзімде оның меншігіне өтеусіз беруді жазбаша талап етуге құқылы. Бұл мерзім бір айдан кем болмауы керек.

95. Тиісті жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар болжамды тоқтатылғанға дейін үш ай бұрын Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органды өзінің бар далалық байқаулар, сынамаларды сынау, сынамаларды талдау журналдары, геофизикалық байқауларды тіркеу, геологиялық ақпараттың бастапқы далалық деректерінің қағаз және электрондық жеткізгіштері немесе бұрғылау ұңғымаларының жынысөзектері туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

Осындай хабарламаны алғаннан кейін бір ай ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган Жер қойнауын пайдаланушыдан геологиялық ақпаратты көрсетілген жеткізгіштердің меншігіне өтеусіз беруді жазбаша талап етуге құқылы. Бұл талап оны алған күннен бастап бір ай ішінде орындалуы тиіс.

96. Жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі және мемлекет жер қойнауын пайдаланушыдан келісімшартқа және (немесе) Кодекске сәйкес алған геологиялық ақпарат оны жариялау немесе оған ашық қолжетімділік беру жолымен мынадай жағдайларда ашылуға тиіс:

Келісімшарт тоқтатылғаннан кейін;

Жер қойнауын пайдаланушының жазбаша келісімімен;

басқа мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша олар алынатын мәліметтердің құпиялылығын қорғауға шаралар қабылдаған жағдайда;

бұрын осындай мәліметтер алынған жер қойнауының тиісті учаскесі қайтарылған күннен бастап үш ай өткен соң;

егер мәліметтер жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу нәтижесінде алынған болса.

## **10-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы учаскесі және мүлік**

97. Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою не кейіннен өзге тұлғаға беру үшін жер қойнауы учаскесін консервациялауды жүргізу шешімі туралы Құзыретті органның хабарламасын алған Жер қойнауын пайдаланушы:

1) дереу тоқтатылуы төтенше жағдайлардың туындау қаупімен байланысты операцияларды қоспағанда, жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға міндетті. Мұндай операцияларды тоқтату хабарлама алынған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылуға тиіс;

2) Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген оң қорытындылар бекітілгеннен және алынғаннан кейін Жою немесе консервациялау жобасының сараптамалары Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жер қойнауын

пайдалану немесе жер қойнауы учаскесін консервациялау салдарын жою жөніндегі жұмыстарды дереу бастауға міндетті;

3) хабарламаны алған күннен бастап алты (6) ай ішінде жер қойнауы учаскесінің аумағынан өзі өндірген көмірсутектерді, сондай-ақ оның меншігі болып табылатын жабдықтар мен өзге де мүлікті әкетуге құқылы. Көрсетілген мерзімде әкетілмеген жабдық пен өзге де мүлік Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес таратылуға немесе консервациялауға жатады.

98. Жер қойнауы учаскесін көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім туралы Құзыретті органның хабарламасын алған жағдайда Жер қойнауын пайдаланушы:

1) хабарламаны алған күннен бастап бір ай мерзімде жер қойнауы учаскесінде технологиялық процестің үздіксіздігін және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жабдық пен өзге де мүлікті көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына мүлікті жаңа жер қойнауын пайдаланушыға бергенге дейінгі мерзімге беруге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы болмаған не ол көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға мүлікті беруден жалтарған жағдайда құзыретті орган осындай мүлікке қатысты оның сенім білдірілген өкілі ретінде әрекет етеді және берілетін мүліктің жай-күйі туралы нұсқауды көздейтін тізбесі бар акт бойынша оны көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға береді;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, хабарламаны алған күннен бастап алты (6) ай ішінде жер қойнауы учаскесінің аумағынан өзі өндірген көмірсутектерді, сондай-ақ өзінің меншігі болып табылатын жабдық пен өзге де мүлікті әкетуге құқылы.

#### **11-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылау**

99. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын сақтауын қадағалауды Құзыретті орган Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында көзделген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

100. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауына мониторингті Құзыретті орган Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес Жер қойнауын пайдаланушы ұсынатын есептерді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де көздерден алынған мәліметтерді талдау арқылы жүзеге асырады.

#### **12-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемесі**

101. Есептеу жөніндегі есеп Кодексте көзделген жер қойнауын мемлекеттік сараптаудың оң қорытындысын алған көмірсутектер кен орнының бастапқы

геологиялық қорларының көлемі жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан асақан кезде мұндай кен орнына қатысты Келісімшарт ережелері жер қойнауын пайдаланушының мынадай міндеттемелерінің бірін қамтиды:

- 1) жаңа заңды тұлға құру арқылы дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп қайта өңдеу өндірістерін құру;
- 2) жұмыс істеп тұрған өндіру өндірістерін жаңғырту немесе реконструкциялау;
- 3) жұмыс істеп тұрған қайта өңдеу өндірістерін жаңғырту немесе реконструкциялау ;
- 4) өндірілетін көмірсутектерді қайта өңдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағындағы қайта өңдеу кәсіпорындарына (өндірістеріне) шарттық талаптармен беру;
- 5) жобаны жаңа заңды тұлға құру арқылы өзі дербес басқа тұлғалармен бірлесіп өзге инвестициялық жобаны немесе өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған жобаны іске асыру.

Ескертпе: егер Келісімшарт осы Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес күрделі жобаларға жататын жер қойнауы учаскесіне қатысты жасалса, 101-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылады:

"101. Есептеу жөніндегі есеп Кодексте көзделген жер қойнауын мемлекеттік сараптаудың оң қорытындысын алған көмірсутектер кен орнының бастапқы геологиялық қорларының көлемі жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан асқан кезде, мұндай кен орнына қатысты Келісімшарт ережелері жер қойнауын пайдаланушының мынадай міндеттемелерінің бірін қамтиды:"

**Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

102. Өндіру кезеңіне өткенге дейін он екі айдан кешіктірмей Тараптар Келісімшарттың 101-тармағында аталған міндеттемелердің бірін айқындау мақсатында келіссөздер жүргізеді.

Бұл ретте Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға қажетті қаржылық есептер мен негіздемелерді қоса бере отырып, Келісімшарттың 101-тармағында аталған бір немесе бірнеше міндеттемелер бойынша ұсыныстар жіберуге міндеттенеді.

Бұл жағдайда өндіру кезеңіне көшу кезінде Келісімшарт талаптары Жер қойнауын пайдаланушының іске асыру мерзімдері мен оның болжамды құнын көрсете отырып, тиісті жобаны іске асыру жөніндегі міндеттемелерін көздейтін болады.

Ескертпе: осы Кодекстің 36-бабының 1-2 тармағы 1) тармақшасына сәйкес күрделі жобаларға жататын жер қойнауы учаскесіне қатысты келісімшарт жасасқан кезде 102-тармақ мынадай редакцияда жазылады:

"102. Келісімшарттың 101-тармағында көрсетілген жиырма жылдық мерзім өткенге дейін он екі айдан кешіктірмей Тараптар Келісімшарттың 101-тармағында санамаланған міндеттемелердің бірін айқындау мақсатында келіссөздер жүргізеді.

Бұл ретте Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға қажетті қаржылық есептер мен негіздемелерді қоса бере отырып, Келісімшарттың 101-тармағында санамаланған бір немесе бірнеше міндеттемелер бойынша ұсыныстар жіберуге міндеттенеді.

Келіссөздердің нәтижелері бойынша Тараптар жер қойнауын пайдаланушының іске асыру мерзімдері мен оның болжамды құнын көрсете отырып, тиісті жобаны іске асыру жөніндегі міндеттемелері көзделетін келісімшартқа толықтыруға қол қояды.

**Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **13-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының жауаптылығы**

103. Келісімшартта және (немесе) Кодексте көзделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке алып келеді.

104. Құзыретті орган Келісімшарт талаптарының жол берілген бұзушылықтары туралы, сондай-ақ белгіленген мерзімде оның тұрақсыздық айыбын төлеу және (немесе) осындай бұзушылықты жою жөніндегі міндеттері туралы мынадай:

1) Келісімшартта көзделген қаржылық міндеттемелерді Жер қойнауын пайдаланушының есепті жылы отыз пайыздан кем орындаған;

2) қамтамасыз ету мөлшерін қалыптастырудың белгіленген графигіне сәйкес не графикті бұза отырып, жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз етуді ұсынбай, жер бетінің тұтастығын бұзумен байланысты көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген;

3) Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшартта белгіленген міндеттемелерді бұзған өзге де жағдайларда жер қойнауын пайдаланушыны жазбаша түрде хабардар етеді.

105. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелердің нақты көлемі бойынша Келісімшарт талаптарын бұзуын жою мерзімі Келісімшарттың 104-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген міндеттемелер бойынша – алты айдан, өзге міндеттемелер бойынша – жазбаша хабарлама алған күннен бастап бір айдан аспауға тиіс.

106. Жер қойнауын пайдаланушы жасаған бұзушылықты хабарламада көрсетілген мерзімде жоюға және бұл туралы жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Құзыретті органға жазбаша хабарлауға міндетті.

107. Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға осындай ұзартудың себептерін негіздей отырып, Келісімшартта көзделген міндеттемелерді бұзуды жою мерзімін ұзарту туралы ұсыныс жіберуге құқылы. Жол берілген бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы ұсынысты қарау нәтижелері бойынша Құзыретті орган оны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Жер қойнауын пайдаланушыны мерзімді ұзартуға келісім туралы хабардар етеді немесе мұндай ұзартудан уәжді бас тартуын ұсынады.

108. Келісімшарттың 105-тармағында айқындалған мерзімде Келісімшартта көзделген міндеттемелерді бұзуды жою мүмкін болмаған жағдайда, Құзыретті орган мұндай бұзушылықты жою мүмкін болатын өзге мерзім белгілеуге құқылы.

109. Жер қойнауын пайдаланушы өзі қабылдаған мынадай міндеттемелерді орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін:

1) жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін – есепті кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасының 10 % мөлшерінде;

2) кез келген есепті жылы кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін – 2 000 АЕК мөлшерінде, бірақ жылына бір реттен артық емес;

3) Келісімшартта көзделген қаржылық міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін – есепті кезеңде орындалмаған міндеттеме сомасының 10% мөлшерінде;

4) Келісімшартқа 2-қосымшада көзделген жұмыс бағдарламасында көзделген жұмыс көлемдерін орындамағаны үшін – міндеттеменің есепті кезеңінде орындалмаған жұмыс көлемдері құнының 10 % мөлшерінде;

5) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде қайта өңдеу үшін мұнай беру міндетін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Келісімшарттың 42-тармағына сәйкес графиктерде айқындалған көлемде – 10 000 АЕК мөлшерінде;

6) Кодексте көзделген хабарламаларды, оның ішінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жергілікті жеткізушілерді дамыту бағдарламасын құзыретті органға келісуге жібермегені немесе уақтылы жібермегені үшін – 2000 АЕК;

7) есепті жылы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жергілікті өнім берушілерді дамыту бағдарламасын орындамағаны үшін – орындалмаған міндеттеме сомасының 10 % мөлшерінде;

8) Келісімшарттың 16-1, 26, 67 және 69-тармақтарына сәйкес бағдарламаларды, ақпаратты және есептерді ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін – 100 АЕК мөлшерінде;

9) мыналарға сәйкес хабарламаларды жібермегені немесе уақтылы жібермегені үшін:

Келісімшарттың 30 және 30-тармақтары бойынша – 5 000 АЕК мөлшерінде;

Келісімшарттың 25 және 31-тармақтары мен тармақтары бойынша – 2 000 АЕК мөлшерінде;

Келісімшарттың 33-тармағы бойынша – 100 АЕК мөлшерінде;

10) Келісімшарттың 44-тармағында көрсетілген жобалау құжаттары көрсеткіштерінің бірін орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін – егер Келісімшарт бойынша бастапқы геологиялық қорлар жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан аспаса – 10 000 АЕК немесе егер Келісімшарт бойынша бастапқы геологиялық қорлар жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан асатын болса 20 000 АЕК;

11) Келісімшарттың 66-тармағына сәйкес белгіленген тәртіпті бұза отырып, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алғаны үшін – осындай бұзушылықпен жүргізілген сатып алу сомасынан 30%.

**Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

110. Жер қойнауын пайдаланушы белгіленген мерзімде мыналарды:

1) Кодекстің 133-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген бұзушылықтардың біреуін;

2) Келісімшартта белгіленген өзге де міндеттемелерді екіден көп бұзушылықтарын жоймаған кезде Құзыретті орган Келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

111. Жер қойнауын пайдаланушылардың Келісімшарт талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган осы талаптардың бұзылғандығын білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш жыл ішінде Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапқа тартылуы мүмкін. Жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы оны есептеу мерзімі мен тәртібінің өзгеруіне әкелмейді.

## **9-тарау. Еңсерілмейтін күш**

112. Келісімшарт бойынша қандай да болмасын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық немесе тиісінше орындамаушылық еңсерілмейтін күшке байланысты болса, Тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

113. Еңсерілмейтін күштің мән-жайларына мынадай мән-жайдың жағдайлары кезіндегі төтенше және күтпеген жағдайлар жатады, мысалы: төтенше жағдай, әскери жанжалдар, табиғи апаттар, табиғи зілзалалар (өрт және т.б.). Келтірілген тізбе толық болып табылмайды.

114. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, одан зардап шегуші Тарап бұл туралы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған күнін және сипаттамасын

нақтылайтын жазбаша хабарламаны тапсыру немесе поштамен жіберу арқылы екінші Тарапқа дереу хабарлайды.

115. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешімін іздеу үшін дереу кеңес өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

116. Келісімшарттың қолданылу мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, Тараптар келісімшарттың 114 және 115-тармақтарын сақтаған жағдайда, Келісімшартқа өзгерістер енгізу жолымен ұзартылады.

## **10-тарау. Құпиялылық**

117. Келісімшартты орындау процесінде Тараптар алған немесе иеленген ақпарат құпия болып табылады және Кодексте және (немесе) Келісімшартта белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қорғалуға тиіс. Тараптар құпия ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

118. Тараптардың екінші тараптың келісімінсіз мынадай:

1) егер бұл ақпарат сот немесе төрелік талқылауды жүргізу барысында пайдаланылған жағдайды;

2) мұндай үшінші тұлға мұндай ақпаратты құпия деп қарауға және оны тек жоғарыда көрсетілген мақсаттарда және тараптар белгілеген мерзімге пайдалануға міндеттеме алған жағдайда, ақпарат Жер қойнауын пайдаланушыға қызмет көрсететін, жұмыстарды орындайтын немесе жер қойнауын пайдалану құқығын, жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті немесе жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні келісімшарт бойынша сатып алуды жоспарлайтын үшінші тұлғаларға ұсынылған жағдайды;

3) ақпарат Жер қойнауын пайдаланушы қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия ретінде қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарда пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

4) ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына берілген жағдайды;

5) Жер қойнауын пайдаланушының үлестес тұлғаларына немесе Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестерді иеленушілерге құпия негізде берілген жағдайды;

6) ақпарат Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауы барысында берілген жағдайды;

7) Тараптардың келісімі бойынша ақпаратты ашу;



8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімшартта көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

119. Егер Кодексте немесе Тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, осы тарауда көзделген құпиялылық туралы ережелер Келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде қолданылады.

120. Осы тараудың ережелері Келісімшарттың 96-тармағына сәйкес ашылатын геологиялық ақпаратқа қатысты қолданылмайды.

121. Елішілік құндылық бөлігінде келісімшарттық және лицензиялық міндеттемелердің орындалуына қатысты, Жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлауы және өткізуі туралы, қазақстандық мамандарды оқытуға арналған шығыстар туралы Қазақстан Республикасының аумағында ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар көлемдері туралы ақпарат құпия болып танылмайды.

## **11-тарау. Дауларды шешу тәртібі**

122. Тараптар арасында осы Келісімшарттың негізінде не оған байланысты туындаған дау, келіспеушілік немесе наразылық (бұдан әрі – "Дау") жағдайында дауды шешуге беруге ниет білдірген Тарап екінші Тарапқа даудың бар екендігі туралы жазбаша хабарлама (бұдан әрі – "Дау туралы хабарлама") жібере отырып, дауды шешу процесін бастауы тиіс. Дау туралы хабарламада даудың тараптары көрсетілуі керек, сондай-ақ даудың сипатының қысқаша мазмұны болуы керек.

Егер дау дау туралы хабарланғаннан кейін күнтізбелік отыз (30) күн ішінде келіссөздер жолымен шешілмесе, онда Тараптардың кез келгені Келісімшарттың 123-тармағына сәйкес дауларды шешу рәсіміне бастамашылық жасауға құқылы. Көрсетілген мерзім Тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

123. Келіссөздер арқылы шешілмеген дау қарауға берілуі мүмкін \_\_\_\_\_  
\_\_ [дауды шешу тәсілін көрсету: (А) Қазақстан Республикасының соттарында немесе (b ) төрелікте].

124. Төрелік талқылаудың орны [төреліктің орнын көрсету: (a) "Астана" халықаралық қаржы орталығы (АХҚО), Қазақстан Республикасы; (b) Лондон қ., Ұлыбритания; (c) Женева қ., Швейцария; (d) Сингапур қ., Сингапур] болып табылады.

Төрелік құрамы ЮНСИТРАЛ регламентіне сәйкес тағайындалатын 3 (үш) төрешіден тұрады (бұдан әрі – "Төрелік құрамы"). Әрбір Тарап төрелік туралы хабарламада және Төрелік туралы хабарламаға жауапта тиісінше бір төрешіні тағайындайды және оның кандидатурасын көрсетеді. Осылайша тағайындалған екі төреші төреші-төрелік құрамының төрағасы ретінде қызмет ететін үшінші төрешіні

сайлайды. ЮНСИТРАЛ регламентін орындау мақсатында \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ тағайындаушы орган болып табылады [(  
а) Лондон, Женева, Стокгольм немесе Сингапур қалаларының төрелік талқылау орны  
ретінде таңдалған жағдайда Гаагадағы аралық соттың Тұрақты палатасының Бас  
хатшысы; (b) төрелік талқылау орны ретінде АХҚО-ны таңдаған жағдайда АХҚО  
халықаралық төрелік орталығының төрағасы көрсетілсін] Төрелік құрамына  
тағайындалған әрбір төреші ағылшын тілін жетік білуі тиіс.

Егер Тараптар өзгеше келіспесе не төрелік құрамы басқа жерде тыңдаулар өткізуді  
талап етпесе, төрелік талқылаулар өткізілетін орын төрелік талқылаулар өткізілетін  
жеке орын болып табылады.

Ескертпе: 124-тармақ Келісімшартқа дауды шешу тәсілі ретінде төрелікті таңдаған  
жағдайда енгізіледі.

## **12-тарау. Келісімшартты өзгерту және оның қолданысын тоқтату**

125. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар Кодекстің 37-бабында көзделген  
жағдайларда жасалатын Келісімшартқа толықтырумен ресімделеді. Көрсетілген  
өзгерістер мен толықтырулар Келісімшарттың ережелерін ескере отырып, Кодексте  
көзделген тәртіппен және шарттарда енгізіледі.

Толықтыру Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Келісімшартқа  
толықтырулар құзыретті органда тіркелуі тиіс.

126. Егер Келісімшарт бойынша барлау кезеңі ішінде жер қойнауы учаскесінде бір  
немесе бірнеше кен орындары анықталса, олардың ешқайсысы Кодекстің 36-бабының 1  
-2-тармағында көрсетілген өлшемшарттардың кез келгеніне сәйкес келмесе, өндіру  
кезеңіне көшу туралы өтініш берілген күні қолданыста болатын өндіру кезеңіне  
көшкен кезде өндіру кезеңіне жататын келісімшарт талаптары өндіруге арналған  
үлгілік келісімшарт талаптарына сәйкес келтірілуі тиіс.

127. Егер келісімшарт бойынша барлау кезеңі ішінде бір бөлігі Кодекстің 36-  
бабының 1-2-тармағында көзделген өлшемшарттардың кем дегенде біреуіне сәйкес  
келетін, ал екінші бөлігі көрсетілген өлшемшарттардың ешқайсысына сәйкес келмейтін  
бірнеше кен орындары анықталса, Кодекстің 36-бабының 1-2-тармағында көзделген  
өлшемшарттардың ешқайсысына сәйкес келмейтін кен орындарына қатысты өндіру  
кезеңіне өту кезінде, мұндай кен орындары тиісті кен орындары бойынша өндіру  
кезеңіне көшу туралы өтініш берген күні өндіруге арналған үлгілік келісімшарт  
талаптарында осындай кен орындарына қатысты өндіруге арналған келісімшарт (   
келісімшарттар) жасасу жолымен жеке келісімшартқа (жекелеген келісімшарттарға)  
бөлінуге тиіс. Осы тармақ Кодекстің 36-бабының 1-2-тармағында көзделген  
өлшемшарттардың ешқайсысына сәйкес келмейтін кен орындарына қатысты, Кодекстің  
36-бабының 1-4-тармағында көрсетілген жағдайларда қолданылмайды.

128. Жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшарттың қолданылуы Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өз қолданысын сақтайтын Келісімшарттың 6, 8 және 10-тарауының 8, 10 және 11-параграфтарында көзделген ережелерді қоспағанда, Кодекстің 38-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

129. Келісімшарт жасалған күннен бастап үш жыл ішінде және Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы орындаған сейсмикалық жұмыстардың және (немесе) бұрғылау жұмыстарының нәтижелері бойынша геологиялық ақпарат алған жағдайда, Жер қойнауын пайдаланушы Жер қойнауын пайдаланушы осындай қайтару сәтіне жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша алған геологиялық ақпарат негізінде кейінгі бұрғылау жұмыстарын және олармен байланысты өзге де жұмыстарды қоса алғанда, көрсетілген жұмыстардың кез келген түрі аяқталғаннан кейін жер қойнауының барлық (барлық) учаскесін (учаскелерін) қайтаруға және жұмыс бағдарламасында көрсетілген (көрсетілген) жұмыстардың кейінгі (соңғы) түрін (түрлерін) орындаудан бас тартуға құқылы. Жер қойнауы учаскесі (учаскелері) осылай қайтарылған және Келісімшарт тоқтатылған жағдайда Келісімшарттың 8-тарауының 6-параграфына сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын консервациялау және (немесе) жою жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы осындай жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыстарды орындауды тоқтатуға және (немесе) келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты қандай да бір тұрақсыздық айыбын төлеуді қоса алғанда, жұмыс бағдарламасын орындау бойынша қандай да бір міндеттемелерді көтермейді.

130. Келісімшарт мынадай жағдайларда:

1) егер Келісімшарт бойынша барлау кезеңі аяқталғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушы қорларды есептеу жөніндегі есепті заңнамада көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған кен орнын анықтамаса;

2) құзыретті орган Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен, Келісімшарттың 110 және (немесе) 131-тармақтарында көзделген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайларда;

3) Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін жер қойнауының барлық учаскесін қайтарса;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

**Ескерту. 130-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

131. Құзыретті орган мынадай жағдайларда:

1) Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметке тыйым салу туралы сот шешімі күшіне енсе;

2) Жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және заңнамада көзделген жобалау құжаттарына оң қорытындылар алған тиісті сараптамаларсыз жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізсе;

3) Кодекстің ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін салдарларға әкеп соқтырған, 44-бабының 1-тармағының талаптары бұзылса;

4) Кодекстің 106-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен Үкіметтің шешімі бойынша Келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатады.

132. Келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылады, ал Келісімшартта бекітілген (бекітілген) жер қойнауы учаскесі (учаскелері) мемлекетке қайтарылған болып табылады.

### **13-тарау. Қорытынды ережелер**

133. Келісімшарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

134. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі мәмілелерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

135. Келісімшарт қазақ және орыс тілдерінде, заң күші бірдей Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде бір данадан жасалды.

Ескертпе: егер Келісімшарттың тарапы (Келісімшарттағы үлестің иесі) шетелдік заңды тұлға не шетелдік қатысуы бар заңды тұлға болып табылған жағдайда, Келісімшарттың 135-тармағы мынадай редакцияда жазылады:

"135. Келісімшарт ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде, Тараптардың әрқайсысы үшін ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде бір данадан жасалды, Келісімшарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіні басым күшке ие."

136. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасалады.

Ескертпе: егер Келісімшарттың тарабы (Келісімшарттағы үлестің иесі) шетелдік заңды тұлға не шетелдік қатысуы бар заңды тұлға болып табылған жағдайда, Келісімшарттың 136-тармағы мынадай редакцияда жазылады:

"136. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады, техникалық құжаттама Жер қойнауын пайдаланушының таңдауы бойынша шет тілінде де жасалуы мүмкін."

137. Келісімшарт бойынша пошталық мекенжайы өзгерген кезде Тараптардың әрқайсысы жеті (7) күн ішінде екінші Тарапқа жазбаша хабарлама беруге міндетті. Осы тармақта көзделген талапты орындамаған тарап екінші Тараптан хабарламаларды алмағаны туралы сілтеме жасау құқығынан айырылады.

138. Келісімшартқа барлық қосымшалар оның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Қосымшалардың ережелері мен Келісімшарттың өзі арасында қандай да бір алшақтықтар болған кезде Келісімшарттың ережелері басым күшке ие болады.

139. Келісімшартта пайдаланылатын анықтамалар мен терминдердің олар үшін Кодексте және (немесе) Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған мағыналарға ие.

140. Келісімшартта реттелмеген Тараптардың қарым-қатынастары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

141. Осы Келісімшартты 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ (күні), \_\_\_\_\_ (айы) \_\_\_\_\_ қ. (Қазақстан Республикасы, Тараптардың уәкілетті өкілдері жасасты.

142. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары:

Күрделі жобалар бойынша  
көмірсутектерді барлауға және  
өндіруге арналған үлгілік  
келісімшартқа  
1-қосымша

### Барлау кезеңінде Келісімшарт бойынша жұмыстардың ең аз көлемі мен түрлері

Атауы	Сипаттамасы	Іске асыру мерзімі	Құны теңгемен
-------	-------------	--------------------	---------------

Күрделі жобалар бойынша  
көмірсутектерді барлауға және  
өндіруге арналған үлгілік  
келісімшартқа  
2-қосымша

### Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) кеңістікті шекаралары

Өңір атауы.

Жер қойнауы учаскесінің атауы.

Жер қойнауы учаскесінің бұрыштық координаттары (блоктардың атауы).

Күрделі жобалар бойынша  
көмірсутектерді барлауға және  
өндіруге арналған үлгілік  
келісімшартқа  
3-қосымша

### Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемелері

Атауы	Сипаттамасы	Іске асыру мерзімі	Құны теңгемен
-------	-------------	--------------------	---------------

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2022 жылғы 11 маусымдағы  
№ 233 бұйрығына  
5-қосымша

## КҮРДЕЛІ ЖОБАЛАР БОЙЫНША КӨМІРСУТЕКТЕРДІ ӨНДІРУ ТУРАЛЫ ҮЛГІЛІК КЕЛІСІМШАРТ

Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 24.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын, құзыретті орган ретінде  
Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін ("Құзыретті орган" деп аталады)

---

мен

(мемлекеттік органның атауы)

Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланудың \_\_\_\_ үлесін иеленуші

---

— (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы), егер келісімшарт бойынша жер

қойнауын пайдаланушылар екі және одан да көп тұлға болып табылған жағдайда, онда

әрбір тұлғаның Т. А. Ә. (атауы) және осындай адамдардың әрқайсысына тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің мөлшері көрсетіледі) бұдан әрі бірлесіп "Жер қойнауын пайдаланушы" деп аталатындар)

арасындағы күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді өндіру туралы келісімшарт.

Ескертпе: егер жер қойнауын пайдалану құқығы бір адамға берілген жағдайда, "бұдан

әрі бірлесіп аталатындар" деген сөздер "бұдан әрі аталатын" деген сөздермен ауыстырылсын.

Осы Келісімшартқа Тараптар мыналарға \_\_\_\_\_

---

— (көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге аукциондар өткізу

жөніндегі комиссияның хаттамасы немесе келісімшарт жасасу үшін негіз болып

табылатын көмірсутектер саласындағы ұлттық компаниямен жер қойнауын

пайдалануға арналған келісімшарт жасасу туралы Құзыретті органның шешімі)

сәйкес

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. (бұдан әрі - "Қол қойылған күні") қол қойды.

### Мазмұны

Кіріспе

1-тарау. Келісімшарттың мәні

- 2-тарау. Келісімшарттың қолданылу мерзімі
  - 3-тарау. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары
  - 4-тарау. Құзыретті органның құқықтары
  - 5-тарау. Құзыретті органның міндеттері
  - 6-тарау. Жер қойнауын пайдаланушының Құқықтары
  - 7-тарау. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері
  - 8-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары
  - 1-параграф. Жалпы шарттар
  - 2-параграф. Көмірсутектерді өткізу және (немесе) экспорттау
  - 3-параграф. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану
  - 4-параграф. Салық салу және кедендік төлемдер
  - 5-параграф. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу
  - 6-параграф. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою және жер қойнауы учаскесін консервациялау
  - 7-параграф. Есепке алу және есеп беру
  - 8-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы және ауыртпалығы
  - 9-параграф. Мүлікке және ақпаратқа меншік құқығы
  - 10-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы учаскесі және мүлік
  - 11-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын қадағалау
  - 12-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемесі
  - 13-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының жауапкершілігі
  - 9-тарау. Еңсерілмейтін күш
  - 10-тарау. Құпиялылық
  - 11-тарау. Дауларды шешу тәртібі
  - 12-тарау. Келісімшартты өзгерту және тоқтату
  - 13-тарау. Қорытынды ережелер
- Көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартқа қосымшалар:
- 1-қосымша – жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) кеңістікті шекаралары
  - 2-қосымша – жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемелері

## **Кіріспе**

**Ескерту. 1) тармақшасының орыс тіліндегі редакциясына өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мыналарды:

- 1) Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес жер қойнауы халыққа тиесілі, халықтың атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асыратындығын;
  - 2) Қазақстан Республикасы жер қойнауы учаскесін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) көзделген негіздермен, талаптармен және шекте пайдалануға беретіндігін;
  - 3) жер қойнауын пайдаланушыда жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді ұтымды және тиімді өндіруді жүргізу ниеті, қаржылық және техникалық мүмкіндіктерінің болуын;
  - 4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органды белгілегендігін және оған Келісімшартты жасасу және орындау құқығын бергендігін;
  - 5) жер қойнауын пайдалану Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;
  - 6) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мазмұны, орындалуы және тоқтатылуы Кодексте сәйкес айқындалатын шарт болып табылады;
  - 7) Қазақстан Республикасы құзыретті орган атынан және жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт көмірсутектерді өндіру кезінде олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы уағдаласқандығын назарға ала отырып,
- Қазақстан Республикасы атынан құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушы төмендегілер туралы уағдаласады:

### **1-тарау. Келісімшарттың мәні**

1. Құзыретті орган Қазақстан Республикасы атынан Жер қойнауын пайдаланушыға Келісімшартта белгіленген мерзімге Келісімшартқа 1-қосымшада айқындалған (айқындалған) жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) жер қойнауын пайдалану құқығын береді, ал Жер қойнауын пайдаланушы өз есебінен және тәуекелімен Келісімшарт талаптары мен Кодекске сәйкес Жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығы Келісімшарт күшіне енген күннен бастап – Келісімшарт Құзыретті органда тіркелген күннен бастап (бұдан әрі – "Күшіне енген күн") туындайды.

3. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және Келісімшартта көзделген ережелерді сақтаған жағдайда, Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді өндіруді жүзеге асыруға құқылы.

### **2-тарау. Келісімшарттың қолданылу мерзімі**



4. Келісімшарт \_\_\_\_\_ жылға тең мерзімге жасалған және " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылға дейін қолданыста болады

Ескерту: өндіру кезеңі жиырма бес жылды құрайды, егер кен орны ірі болса – қырық бес жыл.

5. Келісімшарт бойынша өндіру кезеңі Тараптардың Кодекстің 120-бабында белгіленген тәртіппен және шарттарда Келісімшартқа толықтыру жасасуы арқылы ұзартылуы мүмкін

6. Ұзарту мерзімі Келісімшартқа тиісті толықтырулар Құзыретті органда тіркелген күннен бастап есептеледі.

### **3-тарау. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары**

7. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшартқа сәйкес көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жер қойнауы учаскесінің кеңістіктік шекаралары оның ажырамас бөлігі болып табылатын келісімшартқа қосымшада белгіленеді.

Көрсетілген қосымшаны дайындау мақсатында өндіру учаскесінің кеңістіктік шекаралары Кодекстің 110-бабына сәйкес айқындалады.

8. Жер қойнауы учаскесін түрлендіру келісімшартқа толықтыру жасасу арқылы Кодекстің 113, 114, 115-баптарында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізіледі.

9. Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) барлығын немесе бір бөлігін қайтару Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

### **4-тарау. Құзыретті органның құқықтары**

10. Құзыретті орган:

1) Кодексте және (немесе) Келісімшартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

2) Кодексте және (немесе) Келісімшартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Келісімшарт талаптарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды талап етуге;

3) Жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Келісімшарт талаптарын сақтауын қадағалауды жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда Қазақстан Республикасында тиісті халықаралық шарттар жоқ мемлекетпен келісімге қол жеткізгенге дейін жер қойнауының шекара маңындағы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімшартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

## **5-тарау. Құзыретті органның міндеттері**

11. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және Келісімшартта көзделген ережелерді сақтаған жағдайда, Құзыретті орган Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда , тәртіппен және талаптармен:

1) Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда Келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзартуға;

2) Кодексте көзделген тәртіппен жер қойнауы учаскесін түрлендіруді жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімшартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндеттенеді.

## **6-тарау. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары**

12. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және Келісімшартта көзделген ережелер сақталған кезде, Жер қойнауын пайдаланушы:

1) кәсіпкерлік мақсатта бөлінген жер қойнауы учаскесі шегінде жер қойнауын өтеулі негізде пайдалануға;

2) егер Кодексте және (немесе) Келісімшартта өзгеше көзделмесе, өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде өндірілген көмірсутектерді өз қалауы бойынша пайдалануға;

3) жер қойнауы учаскесінің аумағында, ал қажет болған жағдайда Жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен берілген өзге де жер учаскелерінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салу, сондай-ақ шарттар негізінде жер қойнауы учаскесінің аумағында да, оның шегінен тыс жерлерде де ортақ пайдаланылатын объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға;

4) Келісімшарт бойынша операторды тағайындауға;

5) Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда өндірудің барлық учаскесін қайтару арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды мерзімінен бұрын тоқтатуға;

6) өндіру кезеңі ішінде жер қойнауы учаскесінің шекаралары шегінде көмірсутектер кен орнының геологиялық құрылымы мен қорларын нақтылау мақсатында көмірсутектерді өндіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ өндіру учаскесін жете зерделеуді ( жете барлауды) жүргізуге;

7) өндіру кезеңі өткенге дейін кез келген уақытта құрылыстарды, жабдықтарды, ұнғымаларды және өзге де мүлікті қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын жекелеген технологиялық объектілерді консервациялауды немесе жоюды жүргізуге;

8) өндіру кезеңін ұзартуға өтініш беруге;

9) жер қойнауы учаскесін түрлендіруге өтініш беруге;

10) арнайы рұқсаттар немесе лицензиялар алмай, көмірсутектерді өндіру кезінде жер асты суларын ілеспе алуды жүзеге асыруға құқылы. Ілеспе өндірілген жер асты суларын одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасының су және экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

11) Келісімшарттың 11-тарауында көзделген дауларды шешу тәртібіне сәйкес дауларды шешу рәсімін бастауға;

12) Кодекстің 28-1-бабына сәйкес жергілікті өндірушілерді қолдауға бағытталған ерікті негізде көмірсутектер саласындағы кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісім жасасуға;

13) қажет болған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға;

14) Кодекске сәйкес құзыретті органның Келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуына дау айтуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімшартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

## **7-тарау. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері**

13. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесін Келісімшартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға міндетті.

14. Келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған кезде Жер қойнауын пайдаланушы технологиялық объектілерді консервациялауға немесе жоюға және жер қойнауын пайдалану салдарына байланысты операцияларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі кез келген операцияларды тоқтатуға міндетті.

15. Өндіру кезеңі ішінде, екінші жылдан бастап Жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша Жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

2) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыруды өткен жылдың қорытындылары бойынша келісімшарт бойынша инвестициялардың бір пайызы мөлшерінде жүзеге асыруға міндетті. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстарды қаржыландыруға жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін дамытуға және қолдауға арналған шығыстары, сондай-ақ ол осы мақсаттарға мемлекеттік бюджетке аударатын қаражат жатады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткен жылдың қорытындылары бойынша көмірсутектерді өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдаланушының өндіруге жұмсаған шығындарының бір пайызы мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармаққа сәйкес жүзеге асырылған, белгіленген минимумнан асатын қаржыландыру көлемі келесі жылы Жер қойнауын пайдаланушының тиісті міндеттемелерін орындау есебіне ескеріледі.

16. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны жүргізу мақсатында кадрлардағы елішілік құндылықты айқындау кезінде жер қойнауын пайдаланушы мыналарды басшылыққа алуға міндетті:

1) жер қойнауын пайдаланушының басқарушылық және әкімшілік мұқтаждықтарына қарай шетелдік немесе қазақстандық кадрларға қажеттіліктері;

2) Қазақстан Республикасының нарығында жер қойнауын пайдаланушының қажеттіліктеріне сәйкес келетін белгілі бір санат бойынша білікті қазақстандық персоналдың болуы;

3) тағылымдамадан өтуді қоса алғанда, қазақстандық кадрларды кезең-кезеңмен оқытуға және кейіннен шетелдік кадрларды басқарушы санаттар бойынша қазақстандық кадрлармен біртіндеп ауыстыру.

Кадрлардағы елішілік құндылықтың ең аз үлесі: басшылар мен олардың орынбасарлары бойынша \_\_%, құрылымдық бөлімшелердің басшылары бойынша \_\_%, ал мамандар мен білікті жұмысшылар бойынша \_\_%, бірақ 70% - дан кем болмауы тиіс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоратившілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын басшылар, менеджерлер мен мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылар, менеджерлер мен мамандардың жалпы санының елу пайызынан аспауға тиіс.

Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 193 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17021 болып тіркелген) бекітілген Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескертпе: 16-тармақта аукционға қатысуға өтінімде немесе тікелей келіссөздер жүргізу туралы өтініште көрсетілген кадрлар бойынша басшылар мен олардың орынбасарлары, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер басшылары бойынша пайыздар көрсетіледі.

16-1. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт жасалған күннен бастап он екі (12) айдан кешіктірілмейтін мерзімде шетелдік кадрларды қазақстандық кадрлармен алмастыру бағдарламасын әзірлеуге және құзыретті органмен келісуге міндеттенеді.

**Ескерту. Келісімшарт 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Жер қойнауын пайдаланушы елішілік құндылық үлесін қамтамасыз етуге және Келісімшарттың 8-тарауының 5-параграфында сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға міндетті.

18. Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органмен Келісімшарттың 8-тарауының 5-параграфына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жергілікті жеткізушілердің дамыту бағдарламасын келісуге міндетті.

19. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер табылған жағдайда Жер қойнауын пайдаланушы учаскедегі жұмыстарды дереу тоқтатуға және бұл туралы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

20. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілетін операциялардың есебін жүргізуге және Келісімшарттың 8-тарауының 7-параграфында көзделген есептерді ұсынуға міндетті.

21. Жер қойнауын пайдаланушы тартылған шетелдік персоналға қатысты қазақстандық персонал үшін тең еңбек жағдайларын, оның ішінде еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге міндетті.

22. Жер қойнауын пайдаланушы уәкілетті ұйым жариялайтын инфляция деңгейінен төмен емес қазақстандық персонал үшін жыл сайынғы жалақыны индекстеуді қамтамасыз етуге міндетті.

23. Жер қойнауын пайдаланушы негізделген нарықтық жағдайларға сәйкес олар көрсететін мұнай сервистік жұмыстарға/қызметтерге тартылған мердігер ұйымдар үшін кемсітпейтін тарифтерді айқындауды қамтамасыз етеді.

24. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану құқығын берген мемлекеттік органды жер қойнауын пайдаланушының қызметін тікелей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамының өзгергені туралы осындай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде хабардар етуге міндетті.

25. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша оператордың өкілеттігін тоқтату туралы құзыретті органды дереу хабардар етуге міндетті.

26. Жер қойнауын пайдаланушы жаңа кен орны (кен орындарының жиынтығы) әрбір ашылған кезде осындай ашылу күнінен бастап бір ай ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға анықталғанын растау туралы өтініш жібереді.

27. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган анықтағанын растаған күннен бастап бір ай ішінде бұл туралы құзыретті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

28. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінің аумағында бұрын бұрғыланған барлық ұңғымаларды теңгерімге қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетті.

29. Жер қойнауын пайдаланушы заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын өз есебінен жоюға міндетті. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерін тоқтатуға әкеп соқпайды.

30. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарттың 8-тарауының 6-параграфында сәйкес тарату жөніндегі өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті. Мұндай қамтамасыз етуді ұсыну жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындаудан босатпайды.

31. Өндіру кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы техникалық және (немесе) геологиялық себептер бойынша таратылуға жататын және кен орнын игеру жобасына сәйкес өзге де мақсаттарда пайдаланылмайтын ұңғымаларды жоюға міндетті.

32. Кодексте көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесін консервациялау жобасында белгіленген мерзімдерде консервациялауды аяқтауға міндетті.

Жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі міндеттемелер жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен орындалады. Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда міндеттемелердің сомалары орындалғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушыға қамтамасыз ету қаражаты есебінен өтеледі.

33. Кодекстің 146-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы шикі газды жағуға жол бермеуге міндетті.

34. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт бойынша міндеттемесі ретінде оның жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жобалау құжаттарына оң қорытындылар алған мынадай көрсеткіштерді орындауы белгіленеді:

- 1) пайдалану ұңғымалары торының тығыздығы;
- 2) әрбір пайдалану объектісі бойынша өндіруші және айдау ұңғымаларының арақатынасы;
- 3) кенжатындар бойынша өтемақы коэффициенті;

- 4) қабаттық және кенжарлық қысымның қанығу қысымына немесе конденсация қысымына қатынасы;
- 5) қабат қысымының кенжар қысымына қатынасы;
- 6) ұнғымалар бойынша газ факторының барынша жол берілетін шекті шамасы;
- 7) көмірсутектерді өндіру көлемдері;
- 8) қабат қысымын арттыру үшін кері айдалатын жұмыс агентінің көлемдері;
- 9) пайдалану ұнғымаларын іске қосу көрсеткіштері.

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген көрсеткіштердің мәні келісімшартқа енгізілмейді және жобалау құжаттары негізге алына отырып айқындалады.

35. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарттың 8-тарауының 12-параграфына сәйкес қосымша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескертпе: егер көмірсутектер кен орнының бастапқы геологиялық қорларының көлемі жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан асатын болса, 35-тармақ Келісімшартқа енгізіледі.

36. Ішкі нарықтың қажеттіліктерін мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңдеу үшін мұнай жеткізуді жүзеге асыруға, ал мұнай өңдеу зауыты авариялық жағдайға байланысты тоқтаған жағдайда Келісімшарттың 8-тарауының 2-параграфына сәйкес жеткізу графиктеріне сәйкес одан тыс жерлерде жүзеге асыруға міндетті.

37. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт күшіне енген күннен бастап екі жылдан кешіктірмей кен орнын (кен орындарын) игеру жобасын Кодекске сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы базалық жобалау құжаттарын әзірлеуге, бекітуге және мемлекеттік сараптамадан өту үшін ұсынуға міндеттенеді.

38. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімшартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## **8-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары 1-параграф. Жалпы шарттар**

39. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар өнеркәсіптік қауіпсіздік пен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

40. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар Жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген оң қорытындылар алған көмірсутектер кен орнын игеру жобасына, сынамалық пайдалану жобасына сәйкес жүргізілуге тиіс.

41. Жобалау құжаттарында көзделмеген, сондай-ақ жобалау құжаттары болмаған кезде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

42. Жобалау құжаттарында көзделген көмірсутектерді өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу әдістері мен тәсілдері жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне сәйкес келуге тиіс.

43. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті операцияларды жүргізу үшін қажетті жобалау құжаттарының түрлері, құрамы және мазмұнына қойылатын талаптар Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай Қағидаларда айқындалады.

44. Өндіруді жүзеге асыру кезінде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға тиіс.

Ескертпе: егер Келісімшарт бойынша жер қойнауы учаскесі Каспий немесе Арал теңізінің қазақстандық секторы шегінде толық немесе ішінара орналасса, Келісімшарттың 44-тармағы мынадай редакцияда жазылады:

"44. Өндіруді жүзеге асыру кезінде Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің ең үздік тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға тиіс."

45. Өндіру жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне сәйкес базалық жобалау құжатында көзделмеген көмірсутектердің жоғалуын болдырмайтын әдістермен және тәсілдермен жүргізілуі тиіс.

46. Кодекстің 24-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы, егер бұл ерекше қауіпсіздік жағдайларына байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге кедергі жасамаса, жер қойнауын пайдаланушы басқа тұлғалардың жер қойнауы учаскесінің аумағы шегінде еркін жүріп-тұруына, ортақ пайдаланылатын объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға кедергі жасамауға міндеттенеді.

## **2-параграф. Көмірсутектерді өткізу және (немесе) экспорттау**

47. Қазақстан Республикасының көлік шығыстары мен көмірсутектерді өткізуге арналған шығындарды шегергенде мәмілелер жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушы қолданатын, мәміле жасалған күні қалыптасқан бағадан аспайтын бағалар бойынша көмірсутектерді сатып алуға басқа тұлғалар алдында басым құқығы бар.

Бұл ретте мемлекет өндірілген көмірсутектер көлемін сатып алуға басым құқықты іске асырған кезде Жер қойнауын пайдаланушыдан сатып алынатын көмірсутектердің көлемі мемлекеттің жалпы қажеттіліктерін ескере отырып, мемлекеттің жалпы қажеттілігін негізге ала отырып айқындалатын болады және өңірдегі және Қазақстан



Республикасындағы көмірсутектер өндірудің жалпы көлемінен жер қойнауын пайдаланушының орналасқан өңірінің өндіру үлесіне барабар болады.

Сатып алынатын көмірсутектердің құнын төлеу теңгемен жүзеге асырылады.

Мәмілелер жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушы қолданатын көмірсутектердің бағалары туралы ақпарат болмаған жағдайда, көлік шығыстары мен көмірсутектерді өткізуге арналған шығындарды шегергенде, мемлекет көмірсутектерді сатып алу жөніндегі мәмілені жасау күніне әлемдік нарықтарда қалыптасқан бағадан аспайтын бағалар қолданылады.

48. Қазақстан Республикасының жер қойнауы туралы заңнамасына және Келісімшартқа сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі иеліктен шығарылатын шикі газды, сондай-ақ Жер қойнауын пайдаланушылар өндірген шикі газды қайта өңдеу процесінде өндірген және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына және Келісімшартқа сәйкес оған тиесілі тауарлық газды басқа адамдар алдында басым құқыққа ие.

49. Төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі Жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі көмірсутектердің бір бөлігін немесе барлығын реквизициялауға құқылы. Реквизициялау төтенше немесе соғыс жағдайының қолданылу мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының мұқтажы үшін қажетті мөлшерде жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы реквизицияланған көмірсутектер үшін заттай нысанда немесе олардың құнын теңгемен төлеу арқылы реквизициялау күніне көмірсутектермен мәмілелер жасау кезінде Жер қойнауын пайдаланушы қолданатын бағадан аспайтын бағалар бойынша, көлік шығыстары мен өткізуге арналған шығындарды шегергенде өтемақыға кепілдік береді.

50. Жер қойнауын пайдаланушы өнім беру графиктеріне сәйкес ішкі нарықтағы мұнай өнімдеріне қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы аумағында өңдеу үшін мұнай беруді, ал мұнай өңдеу зауыттары авариялық жағдайға байланысты тоқтап қалған жағдайда, оның шегінен тыс жерде жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақтың талаптары Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген, күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттар бойынша өндіру кезеңінде қолданылмайды.

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

50-1. Жер қойнауын пайдаланушы өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында өңдеу үшін мұнай жеткізетін жағдайда, осы Келісімшарттың 50-тармағының екінші бөлігіндегі ережелері қолданылмайды.

Ескерту. Келісімшар 50-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Жер қойнауын пайдаланушы өзі өндірген жеңіл көмірсутектердің кең фракциясын иеліктен шығаруды не процессингке беруді ниеттенген жағдайда мұндай иеліктен шығару немесе процессингке беру өндірістік қуаттары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан сұйытылған мұнай газын өндірушілерге ғана жүзеге асырылуға тиіс.

### **3-параграф. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану**

52. Көмірсутектерді, оның ішінде теңізде өндіруді жүргізудің міндетті шарттары:

- 1) жер қойнауын қорғауды қамтамасыз ету;
- 2) жоғары технологияларды қолдану және жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесі негізінде жер қойнауын ұтымды және экономикалық тиімді пайдалану;
- 3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік және экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау;
- 4) өндірістік объектілерді шикі мұнай мен газ конденсатын есепке алу аспаптарымен жарақтандыру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

53. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының жай-күйіне мониторинг жүргізуді және кен орнын игеруді бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

54. Теңізде операциялар жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы оларды теңізде операциялар жүргізудің ең озық тәжірибесіне сәйкес жүргізуге міндетті.

55. Мынадай шикі газдың көлемін қоспағанда, өндірілетін шикі газдың барлық көлемін өңдеусіз көмірсутектерді өндіруге тыйым салынады:

- 1) Кодекстің 146-бабында белгіленген жағдайларда және шарттарда жағылатын;
- 2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған жобалық құжатта көзделген көлемдерде жер қойнауын пайдаланушы өзінің технологиялық қажеттіліктеріне пайдаланатын;
- 3) жер қойнауын пайдаланушы өзге тұлғаларға қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату мақсатында өткізетін.

### **4-параграф. Салық салу және кедендік төлемдер**

56. Осы Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін орындау, Келісімшартқа қол қойылған күні қолданыста болатын "Салық және

бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 722-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жер қойнауын пайдаланушы оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаған күні қолданылатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

57. Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт жасасқанға дейін "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ банк тапсырмасына сәйкес төлеген, қол қойылған бонустың мөлшері \_\_\_\_\_ (сомасы теңгемен көрсетіледі) болды.

58. Жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының күшіне енген күнгі қолданыстағы заңнамасына сәйкес Келісімшарт бойынша өндірілген шикі мұнайға әкетілетін кедендік баждарды төлеуден уақытша босату беріледі.

#### **5-параграф. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу**

59. Келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде Жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы Жер қойнауын пайдаланушы белгілеген тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте мұндай тәртіп мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

1) өндіру кезеңінде Жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және құзыретті органмен келісілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жергілікті өнім берушілерді дамыту бағдарламаларын орындау;

2) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді барлық мүдделі жеткізушілерге тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған конкурсқа қатысу үшін толық және кемсітпейтін мүмкіндіктер беру;

3) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуетті жеткізушілерді алдын ала іріктеудің объективті өлшемшарттарын қолдану;

4) барлық мүдделі тұлғалар үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жоспарланып отырған сатып алу туралы ақпаратқа, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптарға, оның ішінде Жер қойнауын пайдаланушының ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы ашық қолжетімділік.

60. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт жасалған күннен бастап он екі (12) айдан кешіктірілмейтін мерзімде:

1) Келісімшарттың 59-тармағының ережелеріне сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін әзірлеуге;

2) тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру кезеңінде жергілікті өнім берушілерді дамыту бағдарламасын құзыретті органмен келісуге міндеттенеді.

**Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

61. Жер қойнауын пайдаланушы тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру кезеңінде жергілікті өнім берушілерді дамыту бағдарламасын Құзыретті органмен Келісімшарт жасалған күннен бастап алты ай ішінде келісуге міндеттенеді.

62. Осы Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесі \_\_\_\_\_ құрауға тиіс, бірақ күнтізбелік жыл ішінде сатып алынған жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемінің елу пайызынан (50%) кем емес. Осы тармақ Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген күрделі жобаларға қатысты қолданылмайды.

Тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

63. Жер қойнауын пайдаланушы осы Тараудың 7-параграфына сәйкес Құзыретті органмен келісілген өндіру кезеңінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жергілікті өнім берушілерді дамыту бағдарламасын орындау бойынша есептерді ұсынуға міндеттенеді.

#### **6-параграф. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою және жер қойнауы учаскесін консервациялау**

64. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою:

1) Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған жер қойнауы учаскесінде;

2) Жер қойнауын пайдаланушы Кодекстің 114-бабында көзделген тәртіппен мемлекетке қайтаруға ниеттенетін жер қойнауы учаскесінде (оның бір бөлігінде) жүргізіледі.

65. Жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындауы банк салымының кепілімен қамтамасыз етіледі.

66. Өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін кепіл нысанасы болып табылатын банк салымы қамтамасыз етуді беру күніне Кодексте айқындалған мөлшерде, мерзімдер мен тәртіппен қалыптастырылады.

67. Егер Жер қойнауын пайдаланушыға байланысты емес себептер бойынша оларға берілген қамтамасыз ету Кодекстің талаптарына сәйкес келмесе немесе тоқтатылса, Жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік алпыс күн ішінде осындай қамтамасыз етуді ауыстыруға міндетті. Егер көрсетілген мерзім ішінде мұндай ауыстыруды Жер қойнауын пайдаланушы жүргізбесе, соңғысы жер қойнауын пайдалану жөніндегі

операцияларды дереу тоқтата тұруға міндетті. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қалпына келтіруге қамтамасыз ету қалпына келтірілгеннен немесе ауыстырылғаннан кейін ғана жол беріледі.

68. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру кепілге салынған банк салымы бойынша құқықтарды қайта ресімдеудің (берудің) сөзсіз негізі болып табылады.

69. Жер қойнауы учаскесін консервациялау Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және (немесе) Келісімшартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүргізіледі.

## **7-параграф. Есепке алу және есеп беру**

70. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілетін операциялардың есебін жүргізуге және мынадай есептерді:

- 1) геологиялық есепті;
- 2) лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есепті;
- 3) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есепті;
- 4) кадрлардағы елішілік құндылық туралы есепті;
- 5) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру жөніндегі шығыстар туралы есепті;
- 6) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есепті;
- 7) Жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын адамдардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есепті беруге міндеттенеді.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген есеп жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 418 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17069 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ұсынылады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген есеп құзыретті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) бекітілген нысанда және тәртіппен ұсынылады.

Осы тармақтың 3) – 7) тармақшаларында көзделген есептер көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) бекітілген нысандарда және тәртіппен ұсынылады.

71. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды адамдарына қажетті құжаттарды, ақпаратты беруге және жұмыс орындарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

2) Құзыретті органның жазбаша сұрау салуы бойынша тексеру үшін жүргізілген жұмыстар мен жер қойнауын пайдалану жөніндегі шығыстарды растайтын құжаттаманы осындай сұрау салуды алған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудитор болып табылатын тұлға растаған өндіруші салалардың ашықтығы бастамасының стандартында көзделген есептілікті Құзыретті органға ұсынуға міндеттенеді.

### **8-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы және оларға салынатын ауыртпалық**

72. Келісімшарт негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы Кодексте белгіленген тәртіппен құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

73. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы келісімшартқа өзгеріс енгізу жолымен жүргізіледі.

74. Жер қойнауын пайдалану құқығын сенімгерлік басқаруға беруге, сенімгерлік басқаруға беру туралы талап Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тыйым салынады.

75. Мемлекеттің Қазақстан Республикасы заңдарының немесе шарттың негізінде басым құқықтарға ие тұлғаларды және ұйымдарды қоса алғанда, кез келген тұлғалар мен ұйымдар алдында стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдаланудың иеліктен шығарылатын құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді, стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді, сондай-ақ ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығарылатын, стратегиялық жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға арналған басым құқығы болады.

**Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

76. Кодексте тыйым салынбаған жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестерге) ауыртпалық салу, сондай-ақ жер қойнауын

пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын ұйымдардың акцияларына ( жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) ауыртпалық салу Кодексте белгіленген тәртіппен берілетін құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

77. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге алған қарыз жер қойнауын пайдалану мақсатына не келісімшартта көзделген Қазақстан Республикасының аумағында Жер қойнауын пайдаланушының өзі немесе жер қойнауын пайдаланушының жарғылық капиталына қатысуының жүз пайыз үлесі бар еншілес ұйым кейіннен қайта бөлуді ұйымдастыру үшін пайдаланылуға тиіс.

### **9-параграф. Мүлікке және ақпаратқа меншік құқығы**

78. Жер қойнауын пайдаланушы өндірген көмірсутектер және оларды өндіру барысында алынатын компоненттер Жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

79. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін Жер қойнауын пайдаланушы сатып алған мүлік Жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

80. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кезде мүлікке меншік құқығының ауысу жағдайлары мен тәртібі, сондай-ақ жер қойнауы учаскесінің аумағынан мүлікті әкету жөніндегі құқықтар мен міндеттер Кодексте белгіленеді.

81. Жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынған геологиялық ақпарат жеке меншікте (жеке геологиялық ақпарат) болады.

Кодексте көзделген тәртіппен мемлекеттік органдарға ұсынылатын геологиялық есептілікте және өзге де құжаттамада қамтылған жеке геологиялық ақпарат мемлекетке мерзімсіз иеленуге және пайдалануға беріледі.

82. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың және оның жеткізгіштерінің болуын, есепке алынуын және сақталуын, сондай-ақ зерттеу немесе тексеру үшін жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органның өкілдеріне оларға кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

83. Кодекстің 75-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарттың қолданылу кезеңінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін иеліктен шығаруға құқылы емес.

84. Жер қойнауын пайдаланушы Кодекстің 75-бабында белгіленген тәртіппен зерттеу және талдау мақсатында ғана жынысөзектер, тау жыныстары мен минералдардың үлгілері, сынамалар, тас материалдарының, шлифтердің, аншлифтердің, минералды ерітінділер мен ұнтақтардың коллекциялары түріндегі геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге құқылы.

85. Жер қойнауын пайдаланушының геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін сынамалар түрінде иеліктен шығаруы және (немесе) олардың сынамаларды Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкетуі Кодексте белгіленген тәртіппен жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

86. Жер қойнауын пайдаланушының өзіне тиесілі жынысөзектерді иеліктен шығаруды немесе жоюды жүргізу ниеті болған жағдайда, ол бір айдан кешіктірмей жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды осындай ниет туралы жазбаша хабардар етуге міндетті. Жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушыдан аталған жынысөзектерді талапта көзделген мерзімде оның меншігіне өтеусіз беруді жазбаша талап етуге құқылы. Бұл мерзім бір айдан кем болмауы керек.

87. Тиісті жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар болжамды тоқтатылғанға дейін үш ай бұрын Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органды өзінің бар далалық байқаулар, сынамаларды сынау, сынамаларды талдау журналдары, геофизикалық байқауларды тіркеу, геологиялық ақпараттың бастапқы далалық деректерінің қағаз және электрондық жеткізгіштері немесе бұрғылау ұңғымаларының жынысөзектері туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

Осындай хабарламаны алғаннан кейін бір ай ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган Жер қойнауын пайдаланушыдан геологиялық ақпаратты көрсетілген жеткізгіштердің меншігіне өтеусіз беруді жазбаша талап етуге құқылы. Бұл талап оны алған күннен бастап бір ай ішінде орындалуы тиіс.

88. Жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі және мемлекет жер қойнауын пайдаланушыдан келісімшартқа және (немесе) Кодекске сәйкес алған геологиялық ақпарат оны жариялау немесе оған ашық қолжетімділік беру жолымен мынадай жағдайларда ашылуға тиіс:

Келісімшарт тоқтатылғаннан кейін;

Жер қойнауын пайдаланушының жазбаша келісімімен;

басқа мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша олар алынатын мәліметтердің құпиялылығын қорғауға шаралар қабылдаған жағдайда;

бұрын осындай мәліметтер алынған жер қойнауының тиісті учаскесі қайтарылған күннен бастап үш ай өткен соң;

егер мәліметтер жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу нәтижесінде алынған болса.

**10-параграф. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы учаскесі және мүлік**



89. Жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою не кейіннен өзге тұлғаға беру үшін жер қойнауы учаскесін консервациялауды жүргізу шешімі туралы Құзыретті органның хабарламасын алған Жер қойнауын пайдаланушы:

1) дереу тоқтатылуы төтенше жағдайлардың туындау қаупімен байланысты операцияларды қоспағанда, жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға міндетті. Мұндай операцияларды тоқтату хабарлама алынған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылуға тиіс;

2) Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген оң қорытындылар бекітілгеннен және алынғаннан кейін Жою немесе консервациялау жобасының сараптамалары Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жер қойнауын пайдалану немесе жер қойнауы учаскесін консервациялау салдарын жою жөніндегі жұмыстарды дереу бастауға міндетті;

3) хабарламаны алған күннен бастап алты (6) ай ішінде жер қойнауы учаскесінің аумағынан өзі өндірген көмірсутектерді, сондай-ақ оның меншігі болып табылатын жабдықтар мен өзге де мүлікті әкетуге құқылы. Көрсетілген мерзімде әкетілмеген жабдық пен өзге де мүлік Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес таратылуға немесе консервациялауға жатады.

90. Жер қойнауы учаскесін көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім туралы Құзыретті органның хабарламасын алған жағдайда Жер қойнауын пайдаланушы:

1) хабарламаны алған күннен бастап бір ай мерзімде жер қойнауы учаскесінде технологиялық процестің үздіксіздігін және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жабдық пен өзге де мүлікті көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына мүлікті жаңа жер қойнауын пайдаланушыға бергенге дейінгі мерзімге беруге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы болмаған не ол көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға мүлікті беруден жалтарған жағдайда құзыретті орган осындай мүлікке қатысты оның сенім білдірілген өкілі ретінде әрекет етеді және берілетін мүліктің жай-күйі туралы нұсқауды көздейтін тізбесі бар акт бойынша оны көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға береді;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, хабарламаны алған күннен бастап алты ай ішінде жер қойнауы учаскесінің аумағынан өзі өндірген көмірсутектерді, сондай-ақ өзінің меншігі болып табылатын жабдық пен өзге де мүлікті әкетуге құқылы.

#### **11-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт талаптарын сақтауын бақылау**

91. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын сақтауын қадағалауды Құзыретті орган Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында көзделген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

92. Жер қойнауын пайдаланушының Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауына мониторингті Құзыретті орган Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес Жер қойнауын пайдаланушы ұсынатын есептерді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де көздерден алынған мәліметтерді талдау арқылы жүзеге асырады.

#### **12-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемесі**

93. Есептеу жөніндегі есеп Кодексте көзделген жер қойнауын мемлекеттік сараптаудың оң қорытындысын алған көмірсутектер кен орнының бастапқы геологиялық қорларының көлемі жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан асқан кезде, мұндай кен орнына қатысты Келісімшарт ережелері жер қойнауын пайдаланушының мынадай міндеттемелерінің бірін қамтиды:

- 1) жаңа заңды тұлға құру арқылы дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп қайта өңдеу өндірістерін құру;
- 2) жұмыс істеп тұрған өндіруші өндірістерді жаңғырту немесе реконструкциялау;
- 3) жұмыс істеп тұрған қайта өңдеу өндірістерін жаңғырту немесе реконструкциялау ;
- 4) өндірілетін көмірсутектерді қайта өңдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңдеу кәсіпорындарына (өндірістеріне) ғышарттық талаптармен беру;
- 5) жобаны жаңа заңды тұлға құру арқылы өзі дербес басқа тұлғалармен бірлесіп өзге инвестициялық жобаны немесе өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған жобаны дербес іске асыру.

Ескертпе: егер Келісімшарт осы Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес күрделі жобаларға жататын жер қойнауы учаскесіне қатысты жасалса, 93-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылады:

"93. Есептеу бойынша есеп жер қойнауын мемлекеттік сараптау Кодексінде көзделген оң қорытындыны алған көмірсутектер кен орнының бастапқы геологиялық қорларының көлемі жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан асқан кезде мұндай кен орнына қатысты Келісімшарт ережелері жер қойнауын пайдаланушының мынадай міндеттемелерінің бірін қамтиды:".

**Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

94. Өндіру кезеңіне өткенге дейін он екі айдан кешіктірмей Тараптар Келісімшарттың 93-тармағында аталған міндеттемелердің бірін айқындау мақсатында келіссөздер жүргізеді.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға қажетті қаржылық есептер мен негіздемелерді қоса бере отырып, Келісімшарттың 93-тармағында аталған бір немесе бірнеше міндеттемелер бойынша ұсыныстар жіберуге міндеттенеді.

Бұл жағдайда өндіру кезеңіне көшу кезінде келісімшарт талаптары жер қойнауын пайдаланушының іске асыру мерзімдері мен оның болжамды құнын көрсете отырып, тиісті жобаны іске асыру жөніндегі міндеттемелерін көздейтін болады.

Ескертпе: осы Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес күрделі жобаларға жататын жер қойнауы учаскесіне қатысты келісімшарт жасалған кезде 94-тармақ мынадай редакцияда жазылады:

"94. Келісімшарттың 93-тармағында көрсетілген жиырма жылдық мерзім өткенге дейін он екі айдан кешіктірмей Тараптар Келісімшарттың 93-тармағында санамаланған міндеттемелердің бірін айқындау мақсатында келіссөздер жүргізеді.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға қажетті қаржылық есептер мен негіздемелерді қоса бере отырып, Келісімшарттың 93-тармағында аталған бір немесе бірнеше міндеттемелер бойынша ұсыныстар жіберуге міндеттенеді.

Келіссөздердің нәтижелері бойынша Тараптар жер қойнауын пайдаланушының іске асыру мерзімдері мен оның болжамды құнын көрсете отырып, тиісті жобаны іске асыру жөніндегі міндеттемесі көзделетін келісімшартқа толықтыруға қол қояды."

**Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **13-параграф. Жер қойнауын пайдаланушының жауаптылығы**

95. Келісімшартта және (немесе) Кодексте көзделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке алып келеді.

96. Құзыретті орган Келісімшарт талаптарының жол берілген бұзушылықтары туралы, сондай-ақ белгіленген мерзімде оның тұрақсыздық айыбын төлеу және (немесе) осындай бұзушылықты жою жөніндегі міндеттері туралы мынадай:

1) Келісімшартта көзделген қаржылық міндеттемелерді Жер қойнауын пайдаланушының есепті жылы отыз пайыздан кем орындағаны;

2) қалыптастырудың белгіленген графигіне сәйкес не графикті бұза отырып, жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз етуді ұсынбай, жер бетінің тұтастығын бұзумен байланысты көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген;

3) Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшартта белгіленген міндеттемелерді бұзған өзге де жағдайларда жер қойнауын пайдаланушыны жазбаша түрде хабардар етеді.

97. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелердің нақты көлемі бойынша Келісімшарт талаптарын бұзуын жою мерзімі Келісімшарттың 96-тармағының 1) және

2) тармақшаларында көрсетілген міндеттемелер бойынша – алты айдан, өзге міндеттемелер бойынша – жазбаша хабарлама алған күннен бастап бір айдан аспауға тиіс.

98. Жер қойнауын пайдаланушы жасаған бұзушылықты хабарламада көрсетілген мерзімде жоюға және бұл туралы жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Құзыретті органға жазбаша хабарлауға міндетті.

99. Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органға осындай ұзартудың себептерін негіздей отырып, Келісімшартта көзделген міндеттемелерді бұзуды жою мерзімін ұзарту туралы ұсыныс жіберуге құқылы. Жол берілген бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы ұсынысты қарау нәтижелері бойынша Құзыретті орган оны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Жер қойнауын пайдаланушыны мерзімді ұзартуға келісім туралы хабардар етеді немесе мұндай ұзартудан уәжді бас тартуын ұсынады.

100. Келісімшарттың 97-тармағында айқындалған мерзімде Келісімшартта көзделген міндеттемелерді бұзуды жою мүмкін болмаған жағдайда, Құзыретті орган мұндай бұзушылықты жою мүмкін болатын өзге мерзім белгілеуге құқылы.

101. Жер қойнауын пайдаланушы өзі қабылдаған мынадай міндеттемелерді орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін:

1) жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін – есепті кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасының 10% мөлшерінде;

2) кез келген есепті жылы кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін – 2 000 АЕК мөлшерінде, бірақ жылына бір реттен артық емес;

3) Келісімшартта көзделген қаржылық міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін – есепті кезеңде орындалмаған міндеттеме сомасының 10 % мөлшерінде;

4) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде қайта өңдеу үшін мұнай беру міндетін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Келісімшарттың 36-тармағына сәйкес графиктерде айқындалған көлемде – 10 000 АЕК мөлшерінде;

5) Кодексте көзделген хабарламаларды, оның ішінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жергілікті жеткізушілерді дамыту бағдарламасын құзыретті органға келісуге жібермегені немесе уақтылы жібермегені үшін – 2000 АЕК;

6) есепті жылы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жергілікті өнім берушілерді дамыту бағдарламасын орындамағаны үшін – орындалмаған міндеттеме сомасының 10 % мөлшерінде;

7) Келісімшарттың 16-1, 20, 60 және 63-тармақтарына сәйкес бағдарламаларды, ақпаратты және есептерді ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін – 100 АЕК мөлшерінде;

8) мыналарға сәйкес хабарламаларды жібермегені немесе уақтылы жібермегені үшін:

Келісімшарттың 24 және 26-тармақтары бойынша – 5 000 АЕК мөлшерінде;

Келісімшарттың 17 және 25-тармақтары мен тармақтары бойынша – 2 000 АЕК мөлшерінде;

Келісімшарттың 27-тармағы бойынша – 100 АЕК мөлшерінде;

9) Келісімшарттың 34-тармағында көрсетілген жобалау құжаттары көрсеткіштерінің бірін орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін – егер Келісімшарт бойынша бастапқы геологиялық қорлар жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан аспаса – 10 000 АЕК немесе егер Келісімшарт бойынша бастапқы геологиялық қорлар жүз миллион тонна мұнайдан немесе елу миллиард текше метр табиғи газдан асатын болса 20 000 АЕК;

10) Келісімшарттың 59-тармағына сәйкес белгіленген тәртіпті бұза отырып, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алғаны үшін – осындай бұзушылықпен жүргізілген сатып алу сомасының 30%.

**Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

102. Құзыретті орган белгіленген мерзімде жер қойнауын пайдаланушы мыналарды жоймаған кезде:

1) Кодекстің 133-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген бұзушылықтардың бірі;

2) келісімшартта белгіленген өзге де міндеттемелерді екі реттен артық бұзылған жағдайларда келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

**Ескерту. 102-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

103. Жер қойнауын пайдаланушылардың Келісімшарт талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган осы талаптардың бұзылғандығын білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш жыл ішінде Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапқа тартылуы мүмкін. Жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы оны есептеу мерзімі мен тәртібінің өзгеруіне әкелмейді.

## **9-тарау. Еңсерілмейтін күш**

104. Келісімшарт бойынша қандай да бір болмасын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін егер бұл орындамаушылық немесе тиісінше

орындамаушылық еңсерілмейтін күшке байланысты болса, Тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

105. Еңсерілмейтін күштің жағдайларына мынадай мән-жайдың жағдайлары кезіндегі төтенше және күтпеген жағдайлар жатады, мысалы: төтенше жағдай, әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, табиғи зілзалалар (өрт және т.б.). Келтірілген тізбе толық болып табылмайды.

106. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, одан зардап шегуші Тарап бұл туралы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны тапсыру немесе поштамен жіберу арқылы екінші Тарапқа дереу хабарлайды.

107. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешімін іздеу үшін дереу кеңес өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

108. Келісімшарттың қолданылу мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, Тараптар келісімшарттың 106 және 107-тармақтарын сақтаған жағдайда, Келісімшартқа өзгерістер енгізу жолымен ұзартылады.

## **10-тарау. Құпиялылық**

109. Келісімшартты орындау процесінде Тараптар алған немесе иеленген ақпарат құпия болып табылады және Кодексте және (немесе) Келісімшартта белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қорғалуға тиіс. Тараптар құпия ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

110. Тараптардың екінші тараптың келісімінсіз мынадай:

1) егер бұл ақпарат сот немесе төрелік талқылауды жүргізу барысында пайдаланылған жағдайды;

2) мұндай үшінші тұлға мұндай ақпаратты құпия деп қарауға және оны тек жоғарыда көрсетілген мақсаттарда және тараптар белгілеген мерзімге пайдалануға міндеттеме алған жағдайда, ақпарат Жер қойнауын пайдаланушыға қызмет көрсететін, жұмыстарды орындайтын немесе жер қойнауын пайдалану құқығын, жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті немесе жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні келісімшарт бойынша сатып алуды жоспарлайтын үшінші тұлғаларға ұсынылған жағдайды;

3) ақпарат Жер қойнауын пайдаланушы қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия ретінде қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарда пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

4) ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына берілген жағдайды;

5) ақпарат Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауы барысында берілген жағдайды;

6) Жер қойнауын пайдаланушының үлестес тұлғаларына немесе Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестерді иеленушілерге құпия негізде берілген жағдайды;

7) Тараптардың келісімі бойынша ақпаратты ашу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімшартта көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

111. Егер Кодексте немесе Тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, осы тарауда көзделген құпиялылық туралы ережелер Келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде қолданылады.

112. Осы тараудың ережелері Келісімшарттың 88-тармағына сәйкес ашылатын геологиялық ақпаратқа қатысты қолданылмайды.

113. Елішілік құндылық бөлігінде келісімшарттық және лицензиялық міндеттемелердің орындалуына қатысты, Жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлауы және өткізуі туралы, қазақстандық мамандарды оқытуға арналған шығыстар туралы Қазақстан Республикасының аумағында ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар көлемдері туралы ақпарат құпия болып танылмайды.

## **11-тарау. Дауларды шешу тәртібі**

114. Тараптар арасында осы Келісімшарттың негізінде не оған байланысты туындаған дау, келіспеушілік немесе наразылық (бұдан әрі – "Дау") жағдайында дауды шешуге беруге ниет білдірген Тарап екінші Тарапқа даудың бар екендігі туралы жазбаша хабарлама (бұдан әрі – "Дау туралы хабарлама") жібере отырып, дауды шешу процесін бастауы тиіс. Дау туралы хабарламада даудың тараптары көрсетілуі керек, сондай-ақ даудың сипатының қысқаша мазмұны болуы керек.

Егер дау дау туралы хабарланғаннан кейін күнтізбелік отыз (30) күн ішінде келіссөздер жолымен шешілмесе, онда Тараптардың кез келгені Келісімшарттың 115-тармағына сәйкес дауларды шешу рәсіміне бастамашылық жасауға құқылы. Көрсетілген мерзім Тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

115. Келіссөздер арқылы шешілмеген дау қарауға берілуі мүмкін \_\_\_\_\_  
\_\_\_ [дауды шешу тәсілін көрсету: (А) Қазақстан Республикасының соттарында немесе (b) төрелікте].

116. Төрелік талқылаудың орны [төреліктің орнын көрсету: (а) "Астана" халықаралық қаржы орталығы (АХҚО), Қазақстан Республикасы; (б) Лондон қ., Ұлыбритания; (с) Женева қ., Швейцария; (d) Сингапур қ., Сингапур] болып табылады.

Төрелік құрамы ЮНСИТРАЛ регламентіне сәйкес тағайындалатын 3 (үш) төрешіден тұрады (бұдан әрі – "Төрелік құрамы"). Әрбір Тарап төрелік туралы хабарламада және Төрелік туралы хабарламаға жауапта тиісінше бір төрешіні тағайындайды және оның кандидатурасын көрсетеді. Осылайша тағайындалған екі төреші төреші-төрелік құрамының төрағасы ретінде қызмет ететін үшінші төрешіні сайлайды. ЮНСИТРАЛ регламентін орындау мақсатында \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тағайындаушы орган болып табылады[(а) Лондон , Женева, Стокгольм немесе Сингапур қалаларының төрелік талқылау орны ретінде таңдалған жағдайда Гаагадағы аралық соттың Тұрақты палатасының Бас хатшысы; (б) төрелік талқылау орны ретінде АХҚО-ны таңдаған жағдайда АХҚО халықаралық төрелік орталығының төрағасы көрсетілсін] Төрелік құрамына тағайындалған әрбір төреші ағылшын тілін жетік білуі тиіс.

Егер Тараптар өзгеше келіспесе не төрелік құрамы басқа жерде тыңдаулар өткізуді талап етпесе, төрелік талқылаулар өткізілетін орын төрелік талқылаулар өткізілетін жеке орын болып табылады.

Ескертпе: 116-тармақ Келісімшартқа дауды шешу тәсілі ретінде төрелікті таңдаған жағдайда енгізіледі.

## **12-тарау. Келісімшартты өзгерту және оның қолданысын тоқтату**

117. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар Кодекстің 37-бабында көзделген жағдайларда жасалатын Келісімшартқа толықтырумен ресімделеді. Көрсетілген өзгерістер мен толықтырулар Келісімшарттың ережелерін ескере отырып, Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда енгізіледі.

Толықтыру Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Келісімшартқа толықтырулар құзыретті органда тіркелуі тиіс.

118. Жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшарттың қолданылуы Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өз қолданысын сақтайтын Келісімшарттың 8 -тарауының, 10-тарауының, 11-тарауының 6, 8 және 10-параграфтарында көзделген ережелерді қоспағанда, Кодекстің 38-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

119. Келісімшарт мынадай жағдайларда:

1) құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен, Келісімшарттың 102 және (немесе) 120-тармақтарында көзделген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайларда;

2) Жер қойнауын пайдаланушы Келісімшарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін жер қойнауының барлық учаскесін қайтарса;



3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

120. Құзыретті орган мынадай жағдайларда:

1) Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметке тыйым салу туралы сот шешімі күшіне енсе;

2) Жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және заңнамада көзделген жобалау құжаттарына оң қорытындылар алған тиісті сараптамаларсыз жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізсе;

3) Кодекстің ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін салдарларға әкеп соқтырған, 44-бабының 1-тармағының талаптары бұзылса;

4) Кодекстің 106-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен Үкіметтің шешімі бойынша Келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатады.

121. Келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылады, ал Келісімшартта бекітілген (бекітілген) жер қойнауы учаскесі (учаскелері) мемлекетке қайтарылған болып табылады.

### **13-тарау. Қорытынды ережелер**

122. Келісімшарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

123. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі мәмілелерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

124. Келісімшарт қазақ және орыс тілдерінде, заң күші бірдей Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде бір данадан жасалды.

Ескертпе: егер Келісімшарттың тарапы (Келісімшарттағы үлестің иесі) шетелдік заңды тұлға не шетелдік қатысуы бар заңды тұлға болып табылған жағдайда, Келісімшарттың 124-тармағы мынадай редакцияда жазылады:

"124. Келісімшарт ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде, Тараптардың әрқайсысы үшін ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде бір данадан жасалды, Келісімшарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіні басым күшке ие."

125. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасалады.

Ескертпе: егер Келісімшарттың тарабы (Келісімшарттағы үлестің иесі) шетелдік заңды тұлға не шетелдік қатысуы бар заңды тұлға болып табылған жағдайда, Келісімшарттың 125-тармағы мынадай редакцияда жазылады:

"125. Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат қазақ немесе орыс тілдерінде

жасалады, техникалық құжаттама Жер қойнауын пайдаланушының таңдауы бойынша шет тілінде де жасалуы мүмкін."

126. Келісімшарт бойынша пошталық мекенжайы өзгерген кезде Тараптардың әрқайсысы жеті (7) күн ішінде екінші Тарапқа жазбаша хабарлама беруге міндетті. Осы тармақта көзделген талапты орындамаған тарап екінші Тараптан хабарламаларды алмағаны туралы сілтеме жасау құқығынан айырылады.

127. Келісімшартқа барлық қосымшалар оның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Қосымшалардың ережелері мен Келісімшарттың өзі арасында қандай да бір алшақтықтар болған кезде Келісімшарттың ережелері басым күшке ие болады.

128. Келісімшартта пайдаланылатын анықтамалар мен терминдердің олар үшін Кодексте және (немесе) Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған мағыналарға ие.

129. Келісімшартта реттелмеген Тараптардың қарым-қатынастары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

130. Осы Келісімшартты 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ (күні), \_\_\_\_\_ (айы) \_\_\_\_\_ қ. (Қазақстан Республикасы, Тараптардың уәкілетті өкілдері жасасты.

131. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары:

Күрделі жобалар бойынша  
көмірсутектерді өндіруге  
арналған үлгілік келісімшартқа  
1-қосымша

### **Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) кеңістікті шекаралары**

Өңір атауы.

Жер қойнауы учаскесінің атауы.

Жер қойнауы учаскесінің бұрыштық координаттары.

Күрделі жобалар бойынша  
көмірсутектерді өндіруге  
арналған үлгілік келісімшартқа  
2-қосымша

### **Жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемелері**

Атауы	Сипаттамасы	Іске асыру мерзімі	Құны теңгемен
-------	-------------	--------------------	---------------

Көмірсутектерді барлауға  
және өндіруге арналған  
үлгілік келісімшартқа  
№ 1-1-қосымша

### **Келісімшарт бойынша барлау кезеңін ұзарту кезіндегі жұмыс бағдарламасы**

Ескерту. Келісімшарт 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 19.03.2024 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Атауы	Сипаттамасы	Іске асыру мерзімі	Құны теңгемен
-------	-------------	--------------------	---------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК